

□□□□□□□□ □¥□□□□

A horizontal row of 20 empty square boxes, intended for children to draw or color in.

A horizontal row of 15 empty rectangular boxes, intended for children to write their names in, likely as part of a classroom activity.

□□□-□□□□□□□□ □. A., / / / / / / / /

A decorative horizontal bar at the bottom of the page, composed of a repeating pattern of small squares and rectangles in a light gray color.

ବିଭିନ୍ନ କାର୍ଯ୍ୟ ପାଇଁ

ə ə ə ə ə ə ə ə ə ə

2□□□□□□□

1. . .

 ə.

A horizontal row of ten empty square boxes, likely for a student to write digits in. To the right of this row is a small empty square box for a decimal point, followed by another empty square box.

□□F□□□□ □. □.

. .

—
—

A 2x10 grid of squares, divided into two rows of five squares each, intended for drawing or writing practice.

Y
X

□ □ □ □ □ □ □ □ □ □

**ББК 63.3 (5 Қаз)
Қ 18**

“**Ә**Ө**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А**”
А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А**
А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А**:

А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Қ. Қ. (А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А**),
А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Ә. Қ. (А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Ә. Қ.),
А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Ә. Қ. (А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Ә. Қ.),
А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Қ., А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Қ., А**Л**І**С**А**Р**А**Н** Қ**Ы**З**А** Қ.

*F*ылыми редакторы
М. Қ. Әбусейітова

Қ 0503020905
00 (05)-06

ББК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-798-17-6

© “Дайк-Пресс” баспасы, 2006

Алғы сөз

Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” жарыққа шыққалы он төрт жылға жуық уақыт өтті [1]. Кітаптың басылып шығуы В. П. Юдиннің (1928—1983) Қазақстан шығыстануына қосқан елеулі үлесі екені күмәнсіз. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен жасалған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы бойынша ҚР БжФМ Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты дайындаған қазақ тіліндегі бес томдық “Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері” сериясында осы шығарманың бірінші томы болып шығуы ілгерідегі пікіріміздің ақиқаттығын дәлелдей түседі [2].

“Шыңғыс-наменің” 1992 жылғы басылымына арнаған “Шыңғыс-наме” — қазақ халқының тарихы бойынша дереккөз” деген кіріспе сөзімде мен “Шыңғыс-намені” аудару жөніндегі жұмысты В.П. Юдин сөздік жасаумен үштастырып, онда әр сөздің грамматикалық байланыстарда қолданылу жағдайларының бәрін анықтап отырды. Бұл материалдар қазақ тілінің тарихын зерттеушілер үшін ден қоярлық екені күмәнсіз” деп жазған едім.

Мен осы тұжырымымды еңбектің қазақ тіліндегі басылымында да қайталауды жөн көріп отырмын, өйткені ол В.П. Юдиннің “Шыңғыс-наменің” тілі жөніндегі зерттеулерімен тікелей байланысты. Қолдан жазылған картотека түріндегі ілгеріде аталған сөздік — Вениамин Петровичтің ерекше іжадағатпен түзген көлемді еңбегі. Ол “Шыңғыс-наме” тілінің грамматикалық очеркін жазуға

мұқият дайындалып, бұл очеркте Хорезмде XYI ғасырдың бірінші жартысында жазылған осы бірегей әрі барынша қызғылықты шығарманың лингвистикалық ерекшеліктерін дәлме-дәл бейнелеу-ге күш салды. Алтын Орда мен Шығыс Дешті Қыпшақтың XYI ғасырдағы көшпелі халқының ауызша далалық білімін көрсететін мағлұматтарға негізделген шығарма тілін сипаттауға айрықша көніл бөлді.

Бір өкінішті — грамматикалық очерк жазылған жоқ, әйтсе де Вениамин Петрович қазіргі заманғы қазақтардың ата-бабалары болып табылатын көшпендейлердің тіршілігін, мәдениеті мен идеологиясын соншалық дәлме-дәл және жан-жақты бейнелейтін ескерткіштің түркі тілінің осы тілдің бүгінгі иелері тілінің болмысын анық бейнелейтінін, соңдықтан да қазақ тілі дамуының белгілі бір кезеңімен тікелей байланысты екенін талай рет айтқан болатын (ал ол өзінің ғылыми тұжырымдарында өте сақ болатын және оларын сенімі кәміл болып, анық көз жеткізгенде ғана айтатын).

Вениамин Петровичтің “Шыңғыс-намені” лингвистикалық тұрғыдан зерттеу жөніндегі дайындаған барлық материалын мен “Шыңғыс-наме” тілінің грамматикалық очеркін жазу үшін ҚР БЖФМ Шығыстану институтының тіл мамандарына тапсырды. Ал олардың еңбектерінің нәтижесін кәсіби деңгейде бағамдау лингвистердің еншісінде.

Ю. Г. Баранова

I бөлім. “ШЫҢҒЫС-НАМЕ” ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

*I таралу. ШАҒАТАЙ ТІЛІ – ОРТА ҒАСЫРЛАР
ДӘҮІРІНДЕГІ ИНТЕРДИАЛЕКТІЛІК ЕРЕКШЕ
ҚҰБЫЛЫС*

1. 1. “Шағатай тілі” термині туралы

Шағатай ұлысының әдеби тілі ретінде XV ғасыр қарсаңында қалыптасқан шағатай тілінің дамуы Әлішер Науай есімімен тығыз байланысты. Ауызекі сөйлеу тілі мен әдебиет аясына ендей кіріп, біртіндеп түркі тілінің барлық деңгейіне әсер ете бастаған парсы тілінің ықпалына қарсы құресе отырып, Әлішер Науай өзінің “Мұхакамат-ул лугатайн” атты туындысында “түркідің” байлығын, поэтикалық көркемдігін, айрықша нақыштылығын атап көрсетеді. Ол және оның үзенгілестері парсы тілінің туған тілге тигізер ассимиляциялық қаупін терең түсінді: “... Қалай болғанда да бұл түркі тілінің парсы тілінен артықшылығы, әсіресе поэзия саласында оның шын мәніндеңі терең ірімділігі, айшықты да әсем сөз өрнегін жасау мүмкіндігінің шексіздігі белгілі болмады, бұл тіл қапаста қалды, қараусыз қалдырылды” [3].

XV ғасыр қарсаңында Шағатай ұлысында халықтық ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тіл тұлғаларының араласуының, сондай-ақ парсы және араб тілдерінің күшті әсер-ықпалының нәтижесінде пайды болған “шағатай тілі” қызмет етті.

Тіл білімінде шағатай тілінің негізі, оның генеалогиясы туралы пікірлерде бірізділік жоқ. А. Усманов, В. Захидов және т. б.

өзбек ғалымдары, сондай-ақ А. М. Шербак, В. В. Решетов сияқты түркітанушылар шағатай және ескі өзбек тілдерін бір ғана тіл деп санайды: “... Қарастырылып отырған дәүірдегі (ХІҮ—ХҮІ ғғ.) өзбек тілін біз ескі өзбек тілі деп атайдыз. “Ескі өзбек тілі” дегенін өзі жаңа аталым. Бұрынырақтағы түркітанушылық дәстүр оның орнына “шағатай тілі” деген атауды қолданады, оның кітаби, таза әдеби сипатына айрықша ден қояды” [4, 12].

Г. Ф. Благова шағатай тілінің интердиалектілік ерекшелігін айрықша атайды отырып, ол өзінің тарихи даму барысында әрдайым сабактастық сипатта болып келгенін айтады: “Өзбек әдеби тілін ешқандай үзіліссіз бес ғасыр бойындағы (ал “ежелгі өзбек тіліне” Енисей-Орхон жазуларының тілін қосатын қазіргі ұғымда он ғасырдың бойындағы) “біртұтас даму арнасы” деп пайымдағанда қазіргі заманғы өзбек әдеби тілінің “шағатай әдеби тілінен” құрылымдық ерекшеліктеріне мән берілмейді...” [5, 200]. Галым: “Шағатай тілі (“ескі өзбек тілі” дегенмен бірдей) дегенді жазба (кітаби) әдеби тіл деп түсінген ләзім. Ол тіл әлдеқаңдай бір ғана диалектінің “керемет шеберлікпен” өндөлгендігінің нәтижесінде пайда болған жоқ, оның түптөркіні Орта Азиядағы қарахандық (Х—ХII ғғ. Қашғар) және алтынордалық (ХIII—ХV ғғ. Сырдaryaның төменгі ағысы және Хорезм) көне әдеби тілдердің нормалары мен үрдістеріне барып саядды” деген А. Н. Кононовтың пікірін келтіре отырып, “Қарахан әuletі — Алтын Орда — Шағатай ұлысы мемлекеттеріндегі әдебиеттегі және әдеби тілдегі сабактастыққа, жалғастыққа” қатысты белгілі түркітанушылардың зерттеулерінде қолданылатын “көне үйғыр” немесе “қарахандық”, “алтынордалық” деген терминдердің өзбек авторларының зерттеулерінде мұлдем орын алмайтындығын айтады [5, 199].

“Шағатай” термині Шағатай ұлысы аталған Шыңғыс ханның төрт ұлының бірі Шағатай ханның иелігіне берілген аумақтағы саяси-әкімшілік бірлестік атауының негізінде жасалған. Бұл мемлекет құрамындағы түркілік тайпалар мен халықтар өздерін “шағатайлыштар” немесе “Шағатайдың билігіндегілер” деп атады. Олар өз тілдерін араб және парсы тілдеріне қарама-қарсы қоя отырып, оған түркі, шағатай-түркі немесе шағатай тілі деген атада

берді. Ислам дінінің енуі араб және парсы тілдерінің жергілікті түркі халықтарының тіліне ықпал-әсерін қүшетті. Тұркі ғалымдары мен ақындары өздерінің туындыларын араб немесе парсы тілдерінде жазатын болды. Тұркі тілі поэтикалық стиль үшін жеткілікті дәрежеде дамымай қалған тіл болып есептелді. Эйтсе де ХІҮ–ХҮ ғғ. сырттан келген бөтен тілдің түркілік ана тілге тигізер орасан зиянын анық сезінген Әлішер Науай өзінің “Екі тіл туралы пайым” атты еңбегінде түркідің сөз қазынасының аса бай, сөз өрнектерінің ерекше нақышты екенін айрықша атайды. Ол жүз шақты етістікті ұлгіге ала отырып, парсы және түркі тілдерін салғастыра талдап, түркідің мағыналық байлығы мен поэтикалық сипаттың танытады. Осылайша Әлішер Науай ана тілді сақтап қалу қажет екендігіне әдеби әмбеттің назарын аударғысы келеді. Ол және оның тұрғыластары өздерінің туындыларын түркіше және парсыша екі тілде жазады. Парсы тілінің әдебиеттегі позициясының күшті болғаны сондай, Науайдің түркіше жазылған шығармаларының өзінде парсизмдер өте көп кездеседі. Науай түркілердің “бала-шагасынан ұлкенине дейін сарттардың тілін білгендейгіне, олар өздерінің күнделікті істері туралы ойын кірме тілде еркін жеткізе алатынына, тіпті кейбіреулердің әдемі де шебер сөйлейтініне” куәгер де болады [5, 194]. Мұның өзі сол кезеңде түркілердің тілі мен мәдениеті парсы мәдениетінің ықпалына түсіп кеткенін, ал халықтың қостілді болғанын айғақтайды.

Шагатай хан билік басында аз тұрды және оның өзінің кіндігінен ұрпақ тарамады. Дегенмен оның ұлысындағы әр алуан мәдениеттер мен диалектілердің тоғысы өзіндік мәдениеті, әдеби тілі бар ерекше этномәдени кешенін құрылуына әкелді. Әдеби тіл ұлыстың құрылымдық шеңберінен шығып, көрші мәдениеттер мен тілдердің барлық деңгейіне әсер ете, кең тарала бастады. Мемлекеттік мәртебеге ие болған Шагатай ұлысының тілі түркі халықтарын біріктіруші рөл атқарды. Ол бір ғана өнірдің емес, шығыстан батысқа дейінгі құллі түркі әлеміне ортақ әдеби тілге айналып, түркілік әдеби тіл кемеліне келе дамыған дәуірді бейнелей бастады. Осылайша құрылымдық және функциялық түрфыдан

бірнеше ғасырлар бойы жан-жақты дами отыра, ол мемлекеттің ресми, әдеби, ісқағаздар және дипломатиялық қарым-қатынас тіліне айналды.

1. 2. Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” – этномәдениеттанымдық қайнар көз

XIY ғ. жазба ескерткіші Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” көрнекті шығыстанушы ғалым В. П. Юдин аудармасын, транскрипциясын, мәтіндік қосымшасын бірге жариялаган соң кеңінен таныла бастады. Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесін” В. П. Юдин Қазақ хандығының тарихына байланысты мақалаларын жазуда тарихи қайнар көз ретінде пайдаланды. Ол мәтінге лингвистикалық талдау жасауды жоспарлағанымен, сөздіктің картотекасын ғана түзіп ұлгерді. “Шыңғыс-наме” туралы мәлімет В. П. Юдинге дейін де В. В. Бартольд, А. З. Валидовтардың еңбектерінде кездеседі. Е. Каль “Шыңғыс-намені” каталогіне ендірді.

В. В. Бартольд Түркістанға барған іссапары туралы есебінде Түркістанның көпшілік кітапханасында XYI ғ. Хиуа хандығында жазылған Жошы үрпақтарының тарихы туралы шығарма ретінде “Шыңғыс-намеге” қатты назар аударғанын айтады. Ғалым шығарманың авторы туралы: “Өтеміс қажы Елбарыс (Ильбарс) ханның қызметінде болған, ейтсе де “Шыңғыс-намені” ол кейіннен Иш-сұлтанға арнап жазған” дейді [6, 164].

Өтеміс қажы туралы толық мағлұмат жоқтың қасы. “Шыңғыс-наменің” мәтінін тектей келе В. В. Бартольд: “Өтеміс қажының кітаби білімі болды, ол өзін қызықтырған материалдар болынша шежірелер мен күнделіктілерді шебер пайдалана алды” деген болжамға келеді [6, 165].

Өтеміс қажы Шыңғыс әuletіне қызмет еткендейдіктен, Дешті-Кыпшаққа құзырын жүргізген хандардың таққа отыру тарихын және олар билеген замандағы оқиғаларды өзі де білуге тиісті болғанын жазады. Бұған қарағанда ол әuletтік өзгерістер туралы мәліметтерді күнделіктір мен шежірелерден сырымдап жинағаны байқалады. Өтеміс қажы хроникаларда адам аттары мен оқиға-

лар толық баяндалмағанын, олардың бір кішкене ғана бөліктері орын алғанын, кейде адам аттарының мұлдем аталмай қалғанын, сондықтан ол ақпараттарды білетін адамдардың айтуы бойынша жазғанын мәлімдейді. Білетіндер аузынан жинақталған мәліметтер аныз-әңгімен көмкерілгені сондай, Өтеміс қажыға оларды “ақыл таразысына салып, ойға қонымдысын зердеге түйіп, көнілге сыймайтын тұстарын алып тастаудына тура келеді” [7, 90]. Иш-сұltан қарамағында қызметте жүрген Өтеміс қажыға Жошы әuletі тарихының білгірі ретінде әuletтік оқиғаларды жазып беруді бүйіра-ды. Шығармадағы оқиғалардың ешқандай дәптерде, ешқандай хроникада бұрындары көрсетілмегенін, тарихты ол естіп-білгені бойынша жазғандықтан, онда азды-көпті қателіктердің кетуі мүмкін екенін автор арнайы ескертеді [1, 91]. Автор Иш-сұltаның “өз заманына дейін кімнен кейін кімнің хан тарғына отырғанын”, яғни Жошы тұқымының тарихын білгісі келгенін айтады [1, 90]. “Бердібек хан” аталауды Тоқтамыс оғланың Мамайды жеңген соң Сайын ханының тарғына отырып, ұлы хан болған қарекеттерін баяндаумен Өтеміс қажы өз әңгімесін аяқтайды [6, 144]. Тоқтамыс ханының билік еткен кезі XIX ғасырдың аяғы екенін, ал автор өзі өмір сүрген кезеге дейінгі әuletтік оқиғаларды хатқа түсіргісі келгенін ескерсек, баян толық емес. Бұл мәселе туралы В. В. Бартольд: “Қашан болмасын, әйтеүір “Шыңғыс-наменің” толық нұсқасы табылса болар еді” деп жазды [6, 144]. А. З. Валидовтың 1913 жылы Орынбор қаласынан “Шыңғыс-наменің” біршама толық көшірмесін тапқаны туралы Ю. Г. Баранова мәлімдейді. Ол Истанбұл қаласында шықкан Мұстафа Кафалидің “Алтын Орда хандығының құрылу және ыдырау дәуірі” атты еңбегінде “Шыңғыс-наменің” толық көшірмесі пайдаланылғанын айтады [8, 11]. “Жошы хан оғландарының тарихы” туралы Өтеміс қажы шығармасының бұл көшірмесі (екінші) қазір Истанбұлда сақтаулы, әйтсе де лингвистикалық түрғыдан зерттелген жоқ.

В. П. Юдин “Шыңғыс-намені” “ауызша тараған дала тарихнамасының” қайнар көздері тобына жатқызады: “Олар Дешті көшпелілерінің тарихи білімі “бөлімдері” — тарихи әңгімелер жинағы іспетті. Оларда далалық ауызша тараған және шығыстық жазба

тарихнаманың элементтері әрқылы тоғысады” [9, 65]. Ғалым дала-лық ауызша тарихнаманың көздері жазба тарихнаманы толықтыратынын айтады. Жалпы алғанда, олар тарихи, саяси және мәдени оқиғалар көздері ғана емес, сол дәүірдегі тіл дамуы тарихының да құнды дереккөздері. В. П. Юдин “Шыңғыс-наменің” ғылыми айналымға толықтай түспегенін де айтады.

“Шыңғыс-наме” тілінің ерекшеліктерін айқындауға арналған лингвистикалық зерттеулер жоқ. Шығарманың құндылығы сол, Әтеміс қажы тарихи оқиғаларды білгірлер аузынан жазып алғандықтан, онда сол замандағы ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері де сақталғаны сөзсіз. Автор ауызша естіген әңгімелеріне белгілі бір дәрежеде кітаби сипат дарытқанымен, оның тілі басқа көркем шығармалардан қарапайымдылығымен, стильдік қыын оралымдардың, құрделі грамматикалық құрылмалардың жоқтығымен, араб және парсыдан енген кірме сөздердің молдығымен ерекшеленеді. Бұл кірме сөздер негізінен шығарманың бас жағында, автордың Алладан өз ісіне қайыр ете көруін өтінген тұста кездеседі. Ал шығарма мәтінінің өзінде араб-парсы кірме сөздері аз қолданылады, олар негізінен антропонимдерге, діни және әскери атақтарға қатысты болып келеді. Мысалы: һәэрәт, шайх, халиф, ләшкәр, қажы Нияз т. б.

“Шыңғыс-наме” Шыңғыс империясының ұлан-ғайыр аумағын оның мұрагерлері өзара бөліп алып билеген тұста жазылды. ХVІ ғасырда ішкі қақтығыстардың салдарынан бұл аумақтар онан әрмен ұсақ хандықтарға бөлінді. Әр хан немесе әмірші жасап жатқан “ұлы” істерін қол астындағы халқының біліп отырғанын және есте сақтап қасиеттегенін қалады. Осыған байланысты олардың әмір тарихы тапсырмамен жазыла бастады. Кітаби әдебиет тілі арабша немесе парсыша болғандықтан, ал түркі тілі әртүрлі лексикалық және грамматикалық кірмелеңпен шүбарланғандақтан, көптеген әміршілер шежірелердің жалпы халыққа түсінікті тілмен жазылуын талап етті.

Тарихи оқиғаларды жақсы білетін адамдардың аузынан жазылып алынғандақтан, “Шыңғыс-наменің” тілі жалпы халыққа жақын, түсінікті тіл болды. Оған поэтикалық буын құруға тән грамматикалық тұлғалар тән емес. Мәселен, онда Бабура, жана-

на, дильбара түрінде келетін — **а-**ға біткен қаратпаның септік тұлғасы кездеспейді. Шығарма тілі бір әдеби форма орнына жалпыхалықтық ауызекі сөйлеу тіліне жақын екінші бір форманың ауыстырылып қолданылған дәуірді көрсетіп қана қоймайды, сондай-ақ онда мемлекеттік ауқымдағы әлеуметтік-мәдени және саяси өзгерістер, Шыңғыс хан империясының ұлан-байтақ аумағын мекендеген халықтардың өзді-өздеріне ғана тән этномәдени ерекшеліктері көрініс табады.

Шығарма Шыңғыс хан империясын оның мұрагерлері өзара бөліп алған кезден бастап, Тоқтамыс ханға дейінгі хан тағына отырган әміршілер тарихы туралы жекелеген әңгімелерге құрылған. Тарихи баяннама мифтер мен халық аузындағы аңыз-әңгімелермен, мәдени үрдістермен, халықтың дүниетанымымен көмкөріледі. Нақты тарихи оқиғаларды баяндауда автор аңыз-әңгімелерді аса шеберлікпен, қысының тауып қолданады. Мәселен, Жошының ел билеуі мен өлімі туралы әңгімелердің көптеген нұсқалары бар. Әтеміс қажы бұлардың бірде-біріне тоқталмайды және оларды түсіндіріп те жатпай-ақ, Жошының Шыңғыс ханның тұңғышы болғанын, еншіге берілген өзіне тиесілі ұлысын алғаннан кейін, оның бір табын марал-кіік аулап жүріп мерт болғанын жазып қысқа ғана қайырады.

Әтеміс қажы Сайын ханның таққа отыру тарихына ерекше тоқталады. Ежен хан мен Сайын хан (Бату) бірде сөзге келісіп қалады. Ежен ханның жасы өзінен үлкен болғандықтан, Сайын хан таққа отыру, ел билеу оның жолы екенін айтады. Сайын хан Еженге: “Атам орнуға ағам сән. Ңеман атам туурсән. Йәт үруттә бара туурбіз. Хан болғыл” [1, 121] (Сен маган әке орнындағы ағасың. Сен маган әрқашан әкемдейсің. Біз бөтен жүртқа бара жатырмыз. Хан бол). Ежен хан тақтан бас тартады. Сайын хан алдындағы ағасы Ежен ханның жолын кесіп, хан тағына отыра алмайды. Өзінің ел басқарушылық қабілетінің ағасынан артықшылығын сезінгенімен, ол империя боданының бәрі үшін міндетті үрдіске айналған жасақ заңынан аттай алмайды. Олардың таласын Шыңғыс ханның өзі шешеді. Ол Сайын ханға арнап

алтын босағалы ақ орда, Еженге арнап күміс босағалы қек орда, Шайбан ханға арнап болат босағалы боз орда тігеді. Сайын ханға алтын босағалы ақ орда тіккені арқылы Шыңғыс хан Жошы мұрагерлерінің көшбасына Сайын ханды таңдағанын, қалғандары оған бағынышты болуға тиіс екенін білдіреді. В. П. Юдин түстегі мен металдардың символдық мәні туралы былай дейді: “Шыңғыс үш немересін басқалардан жоғары қойды және олардың арасындағы қатыстылықтың дәрежесін белгіледі: ақ түс пен алтын Бату билігінің өзгелерден үстемдігін, қек түс пен күміс Орда-Ежениң оған бағыныштылығын, боз түс пен болат Шайбаның Батуға да, Орда-Еженге де тәуелді болатынын білдіретін символдық мән арқалайды” [9, 26].

Түркі-монгол халықтарының дүниетанымын зерттеуде Берке ханның туғаны мен жасаған істері туралы әңгіменің орны бөлек.

Берке хан — ислам дінін қабылдап, өзіне тиесілі өнірдегі халқын ислам дініне мойынсұндырған Жошы ұлдарының бірі. Берке ханның ислам дінін қабылдау тарихы Қажытархан қаласының тұргыны Қажы Нияздың атынан баяндалады. Өтеміс қажы Берке ханның мұсылман болып туғанын жазады: “Бу жәнәтдін қаынлар бірлә білгеләрін бақтурдылар. Улар айдылар: “Бу Мұнәммәд турур. Мұнәммәдіә кафір зәйіфә сүтіні әммәз”, — теділәр ерсә, бір мусулман зәйіфә фәйда қылыб кәлтүрділәр” [1, 124–125] (Осыған байланысты оны бақсы-балгерлерге көрсетті. Олар айтты: Ол — Мұхаммедтің үмбеті. Мұхаммедтің үмбеттері мұсылман емес әйелдердің емшегін ембейді. Соңда олар мұсылман әйелді алып келді). Берке хан тақуалық өмір кешті. Ислам дініне енбегендер ортасында өмір сүре алмаған ол Шейх Сайф ад-Дин Баҳарзиге шәкірт болып кетеді. Сайын хан өлгеннен кейін бектер хан тағына Құлагу ханды шақырады. Хазірет шейх Берке ханды әке ордасында билік етуге жібереді. Ұстазының сөзін сыйлаған Берке хан отанына қайтуға келіседі. Өтеміс қажы Хазірет шейхтің Берке ханды Бұхарадан Қаракөлге дейін шығарып салғанын, өзінің жоғары мәртебесіне қарамастан, Берке хан ұстазына, оның берген іліміне деген құрметтің білдіріп, ұстазының атын жетектеп жаяу жүргенін жазады.

Тұркі халықтарындағы ұстазға деген ерекше құрмет ғасырлар қойнауынан келе жатқан мақал-мәтедерде, нақыл сөздер мен мысал-әңгімелерде сақталған. Тұркі халықтарының бір мысал-әңгімесінде: халық құрметтеген дана қарт жанынан өтіп бара жатқан салт атты балаға бірінші болып сәлем береді. Қарттың қасында отырғандар бұған қайран қалады. Сөйтсе атты бала қарттың ұстазының немересі екен. Балаға сәлем беру арқылы қария балаға емес, ұстазына деген құрметтің білдірілті.

Ұстаздың батасын алу деген жаратқан иенің жебеуіне, сүйеуіне қол жеткізу болып табылады. Берке хан қоштасарда хазірет шейх Сайф ад-Дин Бахарзидің батасын алады. Сөйтіп ұлы құшке ие болады, жалғыз өзі Құлағу ханның қарақұрым әскерін женеді. Құлағу қолының Берке ханды көре сала алды-арттарына қарамай қаша жөнелу себебін сұрағанда, қолға тұсken бір тұтқын Берке ханның екі жағында сан мың қолдың болғанын, олар ханмен бірге соғысқанын айтады.

Өтеміс қажы бұл оқиғаның халық арасында белгілі екенін жазады. Таққа отырған Берке хан көптеген адамдарды исламға енгізеді. Эйтсе де ол өмірден озған соң, бодандары діннен бас тарта бастайды. Тек Өзбек-ханның таққа отыруы, оның өзінің мұсылмандастырылғандауы ғана исламның түбегейлі орнығына әкеледі. “Бәркә хан зәмандында өзбәг таіфәсі мусулман болуб әрділәр. Улардын соң йәнә мұрдәт болуб кафир болдылар әрді. Бу йол Өзбәг-хан мусулман болды. Аңдын бару өзбәг тәіфәсінің ісламі тәрәййүр табмады” [1, 134].

Бұл оқиғалар – Дешті Қыпшақта ислам дінінің бірден орныға қоймағанын айғақтайтын тарихи фактілер. Жергілікті халықтың дәстүрлі наным-сенімі әлі де күшті еді. Дәстүрлі нанымымен қатар мұсылмандастырылғандауы да өз күшіне ене бастайды. Ислам билеуші топ үшін тиімді болды, өйткені ол ханның өзінің, әміршілердің билігін күштейтуге қызмет етті. Исламды қабылдаудың Дешті Қыпшақ пен араб әлемі арасындағы саяси-экономикалық қатынастарғы маңызы зор болды [10, 153]. Дегенмен халық тіршілік қамымен күнелтіп жатты. Қүшпен таңылған кез келген діннің қабылдана салуы, әрине, оңай емес. Ол дін дәстүрлі наным-сеніммен

қатарласа өмір сүреді, оның әлементтерін бойына сіңіреді. “Шыңғыс-наме” бойынша Дешті Қыпшаққа Берке хан енгізген ислам жүз жыл өткеннен соң ғана мемлекеттік дін мәртебесіне ие болғаны байқалады. Қарапайым халықтың құнделікті тіршілігінде көріпкелдік, бақсылық, балгерліктің рөлі ерекше болды. Бақсы-балгерлер, құмалақшылар, көріпкелдер өз орындарын оңайлықпен бергісі келмеді. Мұндай көне мен жаңа дүниетанымдық қөзқарастардың қатарласа өмір сүруі діни симбиозды тудырды. Қазіргі кездің өзінде мұсылмандақпен қатар мұсылмандық түр-сипатқа ие болған шаманизм, зороастризм орын алады. Олар әсіресе үйлену тойы, шілдехана, көне мейрамдар (Наурыз) сияқты салт-дәстүрлерде көрініс тауып жатады.

Сарай әдеп-салтында астарлап, жұмбақтап сөйлеуге айрықша мән берілді. Әсіресе жоғары мәртебелі әміршіге қайғылы оқиғаларды жеткізуідегі астарлауға ерекше назар аударылды. Болған қасіретті оқиғаны, қаралы хабарды тұра айту сарай әдеп-салтына мұлдем жат болды. Сондықтан да мұндай жағдайларда айрықша сыйлы адамдардан немесе сөз зергерлерінен елшілер тағайындалатын болды. Олар жоғары мәртебелі әміршіге (ханға) қаралы хабарды астарлап, жұмбақтап жеткізетін. Мәселен, Сайын хан өлгеннен кейін тақ иесіз қалады. Өйткені оның үлкен ұлы кішкентай кезінде шетінеп кеткен еді де, кенже ұлы әлі жас еді. Бектер Құлагу ханға хабар жеткізуіші жаушыдан “халық басшысыз, ханымдар жесір қалғанын” білдіріп, сапсыз пышақ пен жағасыз көйлек жібереді. Жолданған сәлемдеменің мәніне сәйкес белгілі бір шешім қабылданғаны сөзсіз.

Туда-Мәңгі хан туралы әңгіме де әміршілер арасындағы қарым-қатынаста ойды жұмбақтап, астарлап жеткізуінді озық ұлгісі бола алады. Есалаң болып тұған Туда-Мәңгінің атынан елді бектер билейді, қажет кезінде оның аузына сөз салып беріп отырады. “Ұлы ханның елшілерімен кездескен кездे бектер үйретіп қойғандарын еске түсіру үшін хан аяғына байланған жіпті қозғап отырады екен” деп жазады Өтеміс қажы. Аудиенция кезінде хан: “Сіздің елде тышқан көп пе? Сіздің елде жаңбыр көп жауа ма?” деп сұрайды. Бұл аудиенциядан кейін елші мәні жоқ түсініксіз сұрақ-

ты өз ханына жеткізеді, әйтсе де бектер: “Жаңбыр көп жауа ма? деп сұраганы қандай тамаша, өйткені барлық халыққа жаңбыр ырыс әкеледі. Тышқандар туралы сұрагы да жаман емес, тышқанның тигізер пайдасынан залалы көп қой” деп жолдаудың мәнін жақсы түсіндіреді [10, 100].

1. 3. Интердиалект әдеби тілдің негізі ретінде

Кез келген империя этностық және тілдік түрғыдан көпқұрамды болып келеді.

Шыңғыс хан империясы ыдырағаннан кейін шығыста – Шагатай ұлысы, батыста – Алтын орда аталған Жошы ұлысы құрылды. Монгол шапқыншылығы бұл өңірлердің мәдени дамуына өз салқының тигізді. Мәдениет орталығы Орта Азиядан Алтын Ордага және әрмен қарайғы мәмлүктер билеп түрган Мысырға ауысты. Э. Наджип ғалымдар мен мәдениет қайраткерлерінің Мысырға көптеп ағылғанын айтады. Мәмлүктік Мысырдың мәдени рөлінің артуына байланысты XIY ғ. соңында түркітілдес әдебиет ошағы Алтын Орда емес, Мысыр бола бастайды [10, 20].

Елдің экономикалық және саяси дамуына байланысты XY–XYI ғғ. саяси және әлеуметтік серпіліс кезеңі болды. XIY ғ. көптеген мәдениет өкілдерінің Мысырға кетуіне қарамастан, түркілік мәдениет пен әдебиет қарыштап дамыды. Шыңғыс хан мұрагерлерінің ұлыстарында әдебиет және жалпыхалықтың ауызекі тіліне біршама жақындаған әдеби тіл жетіле түсті. Әрбір әмірші өзі шыққан әулет тарихы халыққа ұғынықты тілде жазылып, халық жадында қалғанын қалады. Соңдықтан да билік тарихы көбінесе олардың бүйрекімен жазылды, мұны “Шыңғыс-наме” авторы да айғақтайты.

А. Н. Самойлович XI–XYI ғасырларда біртұтас ортаазиялық түркі тілі болғанын айтады және оның дамуын үш кезеңге бөледі: Қарахан әулеті кезеңі, негізгі ошағы – Қашғар болды (XI ғ.); оғыз-қыпшақтың кезең, ошағы – Сырдарияның төменгі ағысы және Хорезм болды (XII–XIV ғғ.); “шагатайлық” кезең, ошағы – Шагатай ұлысының отырықшы бөлігі болды (XY–XYI ғғ.) [11, 23].

Бұл тіл Монгол империясының әртүрлі бөліктегерінде дами отырып, түркі халықтарының жергілікті диалектілерінің және араб, парсы тілдерінің тигізген ықпал-әсерінің нәтижесінде лексикалық және грамматикалық құрылышында өзіндік диалектілік ерекшеліктері бар тілге айналды. Халық қостілді, кейде тіптен уштілді болды. “Алтын Ордаға келіп кеткен араб және парсы тарихшылары Алтын Орда аумағында көптеген ғалымдардың, дінбасыларының, ақындардың ғылым мен әдебиетпен қатар айналысатынын жазады. Алтын Орданың заттық және рухани мәдениетіне қатысты қазіргі кезде табылған ескерткіштер оның орталықтары биік мәдениет ошақтары болғанын дәлелдейді. Мұнда ғалымдар, ойшылдар, ақындар, жазушылар өз туындыларын араб, парсы және түркі тілдерінде, яғни үш тілде бірдей асқан шеберлікпен жазды” [10, 18].

Әртүрлі тілдер мен тілдік топтардың және тілдік тұлғалардың симбиозы Шағатай ұлысында интердиалектінің қалыптасуына әкелді, ол өз кезегінде біртінде әдеби форманың негізі бола бастады. Шағатай мемлекетіндегі әлеуметтік-мәдени жағдаят әдеби тіл мен халықтың тілдің жақындауына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Шағатай ұлысындағы аралас тілде бір жағынан “әртүрлі жердегі және әртүрлі уақыттағы сөздер мен тілдік тұлғалар” тіркесе беретін болса, екінші жағынан, ол “мұсылмандық білімділікі” көрсетті. Бұл тілді көптеген түркі тілдес халықтардың ұлт болып қалыптасуына дейінгі кезеңдегі мәдени қарым-қатынас тілі мақсатында пайдаланудың алғы шарттары пайда болды [5, 196].

Науай және Бабыр шығармалары тілін зерттеу, дәлірек айтқанда, септік жүйесін қарастыру барысында бөтен диалектілік септік тұлғаларды пайдалану әртүрлі жаңардағы туындыларда әр басқа екені анықталды. Прозалық шығармаларда авторлар бөтен диалектілік тұлғаларды септікте мұлдем қолданбауға, “әдебилікті көрсетіп жарысадан” аулақ болуға тырысады. Бұл шығарма тілін боямаламайтын тілдік тұлғаларды мақсатты түрде таңдаудан, бейтарап тілдік құралдарды пайдаланудан көрінеді [5, 194].

Интердиалектілер аумақтық диалектілердің интеграциялық және нивелирлеушілік дамуының нәтижесінде пайда болады. Оның қолданыс аясының ауқымы да кеңірек. Әдеби тілдердің базасы болатын интердиалектілер жекелік сипат алып оқшауланбайды,

керісінше, әртүрлі диалектіде сөйлейтін топ өкілдері арасында қарым-қатынас құралы қызметін атқара бастайды. Шагатай мемлекетінің тілі интердиалектілік сипатта болды. Ол әдеби туындылардың тілі болып қана қалған жоқ, этностың топтараralық қарым-қатынас тілі қызметін де атқарды. Интердиалектінің айрықша қасиетінің өзі сол, ол өзінің функциялық мүмкіндігін әдеби тілдің тұлғасы болумен шектеп қойған жоқ, ол өңірдегі көшпелі және отырықшы халықтардың қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар Орталық Азия халықтарының әдеби тілдері дамуның негізі, іргетасы да болды. Шагатай ұлысы ыдырағаннан кейін де шагатай тілі өз маңызын жойған жоқ. Ол өзінің атқарған қызметін жоғалтпастан XX гасырдың басқы ширегіне дейін өмір сүріп келді. Шагатай ұлысы батыс және шығыс болып екіге бөлінгенен кейін тіл құрылымында аумақтық айырмашылықтар, ерекшеліктер көбейгені сөзсіз. Эйтсе де ұлттық тілдердің қалыптасуына дейін шагатай тілі негізінен функциялық тұрғыдан дамыған тұтас тіл болып қала берді.

II таралу. ШАҒАТАЙ ТІЛІНІҢ ФОНОМОРФОЛО-
ГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЛЕКСИКА-
СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛЕКТЕРІ

2. 1. “Шыңғыс-наме” тілінің фонетикалық ерекшеліктері

Ортағасырлық жазба ескерткіштердің көбі әртүрлі түрлерден жан-жақты, жүйелі зерттелді. Көптеген ескерткіштер тілінің құрылым-құрылышы сипатталып, әдебиет тарихында алатын орындары айқындалды. Дегенмен сол дәүірдің құнды мұраларының бірі – “Шыңғыс-наме” құні бүтінге дейін лингвистикалық зерттеудің арнайы нысаны етілмей келеді. “Шыңғыс-наме” тілінің фонетикалық, морфологиялық, лексика-семантикалық жүйесін арнайы қарастырудың XYI ғасырдағы түркі тілдерінің қалып-құйін, даму тарихын зерттеудегі маңызы зор.

“Шыңғыс-наме” тілінің фонетикасы өзіне дейінгі кезеңдердің тілдік ерекшеліктерін сақтады. Әйтсе де ондағы жекелеген сөздер мен сөздік тұлғалардың айтылуында азды-көпті дыбыстық өзгерістер кездеседі. Олар негізінен араб-парсы кірме сөздерінің графикасына ғана емес, сонымен қатар таза түркі сөздерінің орфографиясына да қатысты.

Тұптөркіні ортақ бір тілдік жүйеге барып саятын туыстас тілдердің дамуы біркелкі болмағандықтан, оғыз және қыпшақ тілдері тобына енетін қазіргі түркі тілдерінің, атап айтқанда, қазақ

және үйкірі тілдерінің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін сол о бастағы ортақ жүйенің тарихи дамуының әр басқа кезеңдері тұрғысынан қарастыруға болады. Өзара салыстырылуыш түркі тілдерінің дыбыстық жүйелері өзінің қазіргі қалыш-күйінде зерттелді. Оnda дыбыстардың нақты айтылуы, дыбыстар арасындағы өзара қарым-қатынастар қарастырылды. Мұндай салыстырулар түркі тілдерінің дыбыстық жүйелерінде болған өзгерістердегі ортақтықтарды анықтауга, соңдай-ақ өзгерістер туындауының негізгі заң-дыхындарын айқындауга мүмкіндік береді.

Тілдік ерекшеліктердің даралық, жекелік қасиетін саралауда қазақстандық, соңдай-ақ шығыс түркістандық зерттеушілер тара-пынан бұрын-соңдығы гылыми зерттеудің нысаны етілмей келген Әтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” ерекше қызығушылық туды-рады. Соңдай-ақ “Шыңғыс-намеде” түрмисстық лексиканың элементтері, халыққа етене танымал, кең таралған сөздер мен оралымдар, ұлттық болмысты білдіретін атаулар және т. б. көптеп көрініс табады. Олар кітаби тілдің элементтерімен, оның көне грамматикалық тұлғаларымен, сөз тіркестерінің трафареттік ұлгілерімен, араб-парсы кірме сөздерімен кіріктіріле, тоғыстырыла қолданылады.

“Шыңғыс-наменің” авторы Әтеміс қажы пайдаланған араб әріптері XYI–XYIII ғасырлардағы көне түркі тілдерінің фонети-калық жүйесін нақты, дәл көрсете алмайды.

Түркілік дыбыстарды таңбалау үшін араб әліпбииңің графикалық құралдары жетіспейді. Мәселен, сегіз дауысты үшін араб әліпбииңде үш қана таңба, [қ] және [ғ] дауыссыздары үшін бір ғана таңба қолданылады, [ч] және [ж], [п] және [б] дыбыстары арасындағы айырмашылық нақты көріне бермейді.

Дегенмен байырғы, соңдай-ақ көне жазба ескерткіштерді пай-далану нақты түркі тілдерінің дыбыстық құрылымдары дамуы-ның жекелеген аспектілерін гылыми тұрғыдан жете түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түркі тілдері тарихи фонетикасының өзекті мәселелерінің бірі – дауысты фонемалар оппозициясының функциялық ерекшеліктерін, соңдай-ақ байырғы және көне жазба ескерткіштер тіліндегі орын

қатысына қарай пайда болған дауыссыз фонемаларды айқындау, яғни нақты фонетикалық жағдаяттағы оппозицияларды (мәселен, екпіннің түсіне байланысты дыбыстық оппозициялардың әлсіреуі, бейтараптануы) зерттеу.

Сонымен шағатайлық кезеңге жататын “Шыңғыс-наменің” және басқа да ортағасырлық жазба ескерткіштердің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесін қарастыру фонемалардың саны және олардың айтылу типтері туралы ғана түсінік береді.

Жазба ескерткіштер түркі тілдері дамуының алғашқы сатысында дыбыстар модификациясының көптеген жақтары фонетикалық өзгерістер деңгейінде ғана қалып қойды, өзіне тән фонетикалық меже ала алмады. Дегенмен көптеген ғалымдар көне түркі тілі мен қазіргі түркі тілдерінің фонологиялық жүйелері арасында, атап айтқанда, нақты фонеманың дифференциалдық белгілері құрамында да, олардың функциялық жүктемесінің көлемінде де біршама айырмашылықтар бар екенін айтады.

Жазба ескерткіштер бойынша фонемалардың айтылу диапазонын анықтау мүмкін емес. Жазба ескерткіштер бойынша фонемалардың дыбысталуына қазіргі тілдердегі дыбыстардың көрінісі арқылы реконструкция жасауга болады. Ал “Шыңғыс-наме” тілінің фонетикалық ерекшеліктерін зерттеуде мұндай қыыншылық кездеспейді деуте болады. Себебі: “Шыңғыс-наменің” дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі ортағасырлық “түркі” тіліндең өзге де жазба ескерткіштердің дыбыстық жүйесімен бірдей болып келеді және ол жүйе оғыз және қыпшақ тобына енетін қазіргі түркі тілдерінде белгілі бір дәрежеде көрініс тапқан.

“Шыңғыс-наменің” шағатай тілінің немесе “түркіше” классикалық әдеби тілдің озық үлгісі екенін мынадай фактілер арқылы дәйектеуге болады.

“Шыңғыс-намені” тілдік түргыдан талдау барысында шығарма тілінің түркілік ортағасырлық жасанды әдеби-кітаби тіл, жалпыхалықтық сөйлеу тілінен біршама айырмасы бар аралас тіл екені айқындалады. Осыған орай шығарма тілінің лексикалық құрамын және морфологиясын, графо-фонетикасын қазіргі түркі

тілдерінің құрылым-құрылышымен салыстыра зерттеудің маңызы зор. Мұнда қыпшақ және оғыз топтарына енетін қазіргі түркі тілдерінің лингвистикалық материалдарына жүгінудің, сонымен қатар байырғы және көне түркі жаэба ескерткіштері деректерін пайдаланудың орны ерекше.

2. 1. 1. Дауысты фонемалар

“Шыңғыс-наме” шығармасы тіліндегі дауыстылар жүйесі өзіндік белгілері бойынша ажыратылатын тоғыз фонемадан — **ә, ә, е, ы, і, о, ө, у, ү** тұрады:

Тіл алды: **ә, е, і, ө, ү**; — тіл арты: **а, о, у, ы;**

Қысан: **ы, і, у, ү**; — ашық: **ә, ә, о, ө;**

Еріндік: **о, ө, у, ү**; — езулік: **а, ә, е, ы, і.**

“Шыңғыс-наме” шығармасы тілі вокализмдерінің құрамында мынадай ерекшеліктер бар: сөз басында барлық дауыстылар кездеседі; сөз ортасында және сөз соңында **о, ө, е** дыбыстары қолданылмайды.

Дауысты дыбыстардың ішінен **е** дауыстысы тіл арты **к** және **г** дауыссыздарымен ғана емес, увуляр **қ, ғ, х** дыбыстарымен де тіркесе береді. Сал.: **йекіб, кейік, секіз, тefə.**

“Шыңғыс-наме” шығармасында **е** дыбысы 12 сөздің және сөздік формалардың басқы позициясында кездеседі. Мысалы: **екі, елчі, етәк, ешіт, ешік** т. б.

“Шыңғыс-намеде” индиферент **е**-нің увуляр **қ, ғ, х** дыбыстарымен бірге қолданылуы сирек кездеседі.

“Шыңғыс-наме” тілінде дауыстылардың редукцияға үшірап, синкопа, элизия, апокопа тұлғаларын алуы байқалады. Мәселен, соңғы буыны **ρ, л, м, н** дыбыстарына біткен екібуынды түбір сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбірдің соңғы буынындағы қысан дауысты синкопага үшірайды. Мысалы: бойун — бойны, оғул — оғлы, бөрік — бөркі, орун — орныға т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде дыбыстардың комбинациялық өзгеруінің (ассимиляция) және дыбыстар алмасуының барлық

түрі орын алады: ілгерінді, кейінді, арасынан, тоның, жартылай, қарым-қатыстық, буынаралық т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде дауысты дыбыстар алмасуының мынадай түрлері бар:

a ~ ә: бару-бәрү, вакт-вәкәт, омқа-омқә, сабаң-сәбаң, тақытәкі, т. б.

ы ~ і: асы-асі, разы-рәзі, т. б.

ә ~ е: дәб-деб, йәкіб-йекіб, кәйік-кеік, Дәштә-қыпчак-Дәшті-қыпчак,

əв ~ о, ө: нәвбәт-нөкәр — қазіргі нәубет, нөкәр сөздерімен салыстырыныз,

a ~ у: йалаң-йалуң,

у ~ ү: мәшіур-мәшіүр,

ү ~ ы: үүқару-үүқары, қаравул-қаравыл,

Ү ~ і: тұрлук-тұрлік.

Дауыссыздар алмасуы:

f ~ ქ: йарлығ-йарлық, ыйрақ-ыйрағ, маңгутай-манқутай, Чыратай-Чықатай-хан,

г ~ к: Өзбәг-Өзбәкхан,

т ~ д: бастылар-басдылар,

з ~ һ: сөзләмәк-сөйләмәк.

2. 1. 2. Дауыссыз фонемалар

“Шыңғыс-наме” тілінің дауыссыздар жүйесі жасалу орны және жолы, дауыстың қатысы қатарлы дифференциалды белгілер болынша ажыратылады.

“Шыңғыс-наме” тілінде барлығы 24 дауыссыз фонема бар: **б, в, г, ғ, ә, ж, әж, з, ү, қ, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ң, ч, ш.**

Жасалу орнына қарай дауыссыздар:

ерін фонемалар: **м, п, б** және ерін-тіс фонемасы: **в;**

тіл фонемалары: **д, ж, әж, з, л, н, р, с, т, ф, х, ң, ч, ш** — тіл алды; **ү —**

тіл ортасы; **к, г** – тіл арты; **и** – көмей фонемасы; **ж, ф, х** – увуляр болып бөлінеді.

Жасалу жолына қарай дауыссыздар: ызың және мұрын жолды үнді болып бөлінеді: шұғыл – **б, п, д, т, ғ, қ, җ**; ызың – **в, ғ, ж, з, с, ф, х, ш**; африкаттар – **дж, ч**.

Б – қос ерінді жабысыңқы, ұяң дыбыс. Сөздің басқы позициясында **б** спирант (ызың) дыбысқа айналмай, өзіне тән қасиетті сақтайды. Сал.: башақ, бәг, бәрк, бойун, буга, бұғын, біллә. **Б** дыбысы негізінен сөз басында, сирек те болса сөз ортасында кездеседі. Байырғы түркі сөздері **б** дыбысына аяқталмайды. Эйтсе де “Шыңғыс-наме” тілінде **б** араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздердің ғана емес, таза түркі сөздерінің де соңында жазылады. Мысалы: айтыб, айрылыб, алб, бағлаб, ләқәб, сәбәб, дәб, тұб, тәртіб, қабәб.

В – қос ерінді ызың, ұяң дыбыс. Түркі сөздерінің басында және ортасында кездеседі. “Шыңғыс-наме” тілінде **в** анлаут позицияда кездесетін араб-парсыдан енген 16 сөз бар: важіб, вақіә, васіл, вәлі, вәфа, вілайёт, рәва, фәрвай. Ал **в** дыбысына бар болғаны екі-үш қана сөз аяқталады: әв, Мәскәв, жілав.

Ғ – ызың, ұяң тіл фонемасы сөздің барлық позициясында кездеседі. Сал.: ғайэт, ғәрәз, ғәвғә, ачығлығ, қатығ, бағлығ, тағ.

“Шыңғыс-наме” тілінде **ғ** араб-парсы тілдерінен енген 13 сөздің құрамында кездеседі: ғайэт, ғәрәз, ғәвғә, ғәзәб, ғылаф, ағз, чығатай, атғә. Таза түркі сөздерінде ұяң увуляр **ғ** дауыссызын этимологиялық қатаң **ж** дыбысының орнына қолдану байқалады: совұғ, ысығ, ачығ, арығ, андағ, атлығ, йасағ, қатығ.

Г – шұғыл, тіл арты, ұяң. “Шыңғыс-наме” тілінде араб-парсыдан енген кірме сөздердің басында да, ортасында да кездеседі. Сөз басында **г** кездесетін 10 сөздің түптөркіні араб-парсыға барып саяды. Мысалы: гаң, гәрдан, гунаң, гуруң, гұл, бәгкә, т. б. Сөз соңында **г** тек **бәг** сөзінің құрамында орын алады.

Д – ұяң, тіл алды, шұғыл. “Шыңғыс-наме” тілінде бұл дыбыс негізінен кірме сөздер құрамында кездеседі. Сөз басында **д** араб-парсыға барып саятын 37 сөздің құрамында кездеседі: дана, дәрәхт, дәшт, дүниа, дуъа, дүр, дін.

Сөз аяғындағы **ә** дыбысы да араб-парсыдан көптең енген кірме сөздерге қатысты болып келеді. Мысалы: абід, йад, мәдәд, устад, қудуд, муртид, т. б.

Ж – тіл алды, үяң аффрикат. “Шыңғыс-наме” тілінде араб-парсыдан енген 35 сөздің анлаут позициясында кездеседі: Жаныбәг-хан, жанвар, жәдәл, жора, жіңс.

Сөз ортасында **ж** екі дауыстының ортасында келеді. Мысалы: бажыр, хожә, мәжал, һажі, мәжақ. Сөз аяғында **ж** өте сирек кездеседі. Сал.: хәраж, журуж, өрәнж.

Ж – үяң, тіл алды (альвеоляр), ызың. “Шыңғыс-наме” тілінде сөз басында кездеспейді. Жалпы бұл дыбыс орта ғасырлар жазба ескерткіштері тілінде өте сирек, бір-екі сөздеғана кездеседі. Мысалы: ажун, әждаға.

Ә – үяң, тіс саңылау дыбыс. **Ә** таза түркі сөздерінің басында мұлдем кездеспейді. Ал сөз ортасы және сөз соңында көбірек кездеседі. “Шыңғыс-наме” тілінде **ә** араб-парсы тілінен енген кірме сөздер құрамында орын алады. Мысалы: зайд, залім, зәймәт, занір, зәйт, зәрүрәт, зікір.

Й – тіл ортасы, палаталь, саңылау сонант. Ол сөздің барлық позициясында кездеседі. Сал.: йоқ, йағ, йағыр, айақ, Кекәдәй, Ысатай, Маңқутай.

Қ – қатаң, жабысыңқы увуляр. Сөздің басында да, ортасында да, соңында да кездесе береді. Мысалы: қабан, қалқан, қалмақ, қуллуқ, қасындақы. “Шыңғыс-наме” тілінде сөз соңында **қ** үяң варианта кездеседі. Сөз соңында увуляр **қ**-ның үяңдануы факультативті түрде келеді. Сал.: савуқ\совуғ, айақ\айағ, қатығ, уруг, андағ, йасағ.

Қ – тіл арты жабысыңқы, қатаң. Ол таза түркі сөздерінің де, араб-парсыдан енген кірме сөздердің де барлық позициясында кездеседі. Мысалы: кафір, кәрәм, кейік, керәк, кекәдай, күчлүк. “Шыңғыс-наме” шығармасы тілінде тіл арты **қ** сөз соңында сирек қолданылады. Бұл позицияда оны көбіне үяң **ғ** алмастырады. Мысалы: күчлүг, біліг, түрлүг, өзбәг, кіңіг.

Л – тіл алды, үнді. Тарихи тұргыдан **л** кірме сөздерде болмаса, түркінің төл сөздерінде сөз басында қолданылмаған. “Шың-

ғыс-наме” тілінде **Л** анлаут позицияда 4 сөздің құрамында кездеседі: ләйкін, ләқәб, ләшкәр, млаңы. **Л** сөз ортасында және сөз соңында таза түркі сөздерінің де, кірме сөздердің де құрамында кездесе береді. Мысалы: мәжліс, мәлул, мал, марал, мәжал, алты, салығ.

М – ерін жабысынқы, мұрын жолды ұян. **М** сөздің барлық позициясында орын талғамай жұмсалады: мәжліс, мал, мақта, мәзкүр, мәмләкәт, мәрнүм, мусулман, муләзім, оғлум.

Н – тіс жабысынқы, мұрын жолды ұян. Сөздің барлық позициясында қолданылады. “Шыңғыс-наме” тілінде **Н** 36 сөздің басында кездеседі: нагаń, нәбәрә, нәвбәт, нұсрәт, ніъмәт, нұсхә, т. б. Сөз ортасында және сөз аяғында **Н** көп қолданылады: міннәт, оғлан, ойна, он, орун, хан, өркүн, сайын, т. б.

Ң – тіл арты, мұрын жолды сонант. Түркі тілдерінің дауыссыздар жүйесіне тән бұл дыбыс инлаут және ауслают позицияда жиі кездеседі, ал сөз басында мұлдем қолданылмайды: мің, соңы, тәңрі, уларның, ханның.

П – ерін жабысынқы, қатаң. Орын талғамайды, сөз басындағы қолданысы біршама тұрақты болып келеді. “Шыңғыс-наме” тілінде бар болғаны 8 сөздің анлаут позициясында кездеседі: падшаń, пәйðа, пәйманә, пайтәхт, пәнаń, пәровайі, пәрішан. Сөз ортасында таза түркі сөздерінің де, кірме сөздердің де құрамында жиі кездеседі.

Р – тіл алды, үнді, діріл дауыссыз. Шығарма тілінде сөздің барлық позициясында кездеседі. Тарихи тұрғыдан таза түркі сөздерінің құрамында сөз басында қолданылмайтын бұл дыбысқа басталған сөздің бәрін кейінгі кездегі кірме сөз деп санауга болады. “Шыңғыс-наме” тілінде **Р** 18 сөздің басында кездеседі: разі, раст, рәва, рәнбәр, ревайэт, ріғбәт, рійазәт, т. б.

С – тіс саңлаулы, қатаң. Орын талғамай жұмсалады, дегенмен сөз аяғында аздау кездеседі. Мысалы: сағ, сазәндә, сач, сәдә, сәксән, сәрай, сүт, сәркәш, әмәс, болмас, т. б.

Т – тіс жабысынқы, қатаң. Сөздің барлық позициясында кездесе береді, сал.: таб, табун, тәбрәтіб, Тохтамыш, турур, қурут,

рігбет, раст. Екі дауысты ортасында келгенде де өз сапасын жоғалтпайды: алтә, артуқ, атқа, Тоқтағә, Тоқтәміш, тутқун.

Ф – қатаң, ерін-ерін, спирант. “Шыңғыс-наме” тілінде **ф** араб-парсыдан енген 21 сөздің құрамында кез келген позицияда кездеседі. Мысалы: фәтіңә, фәқір, эт, фікр, фәрагәт, фәрзәнд, афәрін, вәфа, жәфа, ғылаф, зәңіф, мәвқуф, інсаф.

Һ – қатаң, фарингаль. “Шыңғыс-наме” тілінде **һ** араб-парсыдан енген 53 сөздің құрамында негізінен сөз басында және сөз ортасында жиі, ал сөз аяғында сирек кездеседі. Мысалы: һажі, һазір, һәлак, тәңкің, Аллаң, аң, пәнаң, сабаң, ічрәң, нагаң, қәбің, гурүң.

Ч – тіл алды, қатаң. “Шыңғыс-наме” тілінде негіздер мен аффикстердің қай-қайсысында да кездеседі: чақ, черік, қарә, са-чым, ач, кәч, сыңқан. **Ч** сапа жағынан алғанда да өте тұрақты. Ол өзінің қатаңдығын дауыстылар алдында тұрғанда да сақтап, **Ш** дыбысына айналмайды.

Ш – тіл алды (альвеоляр), қатаң, сөздің барлық позициясында қолданылады. “Шыңғыс-наме” тілінде ол 28 сөздің басында кездеседі: шавқун, шам, шәйтән, шәнәр, шерік, шүкүр, шырын, т. б. Инлаут және ауслаут позицияда өзіне тән ызыңдық пен қатаңдықты сақтайды, сал.: жәвшән, йанаша, йахшы, йәтміш, йарыш, күмүш.

“Шыңғыс-наме” тілінің дауыссыздар жүйесі мынадай өзіндік ерекшеліктермен сипатталады: сөз басында [ң] дауыссызынан басқа консонанттардың барлығы да кездеседі; инлаут позицияда дауыссыздар түгелдей қолданылады. Ал ауслаут позицияда [ф], [ң], [х] сирек қолданылады, үян [г], [б], сондай-ақ “Шыңғыс-наме” орфографиясына жаттығы жоқ [д], [ж] дыбыстары сөз сонында мұлдем кездеспейді.

Көп жағдайда жүрнақ басындағы үян дауыссыз дәстүрлі түрде өз позициясын сақтайды. Қатаңдану-үяндануға байланысты ассимиляцияның өте сиректігі көшірмешінің немесе шығарма авторының дыбыстарды айтуын көрсетеді.

2. 2. “Шыңғыс-наме” тіліндегі сингармонизм құбылысы

Дауыстылар үндестігі, яғни сингармонизм — бірінші буындағы дауыстының сапасы қалған буындардағы дауыстылардың сипаттын айқындастын фонетикалық құбылыс. Түркі тілдері жалғамалы тілдерге жататындықтан, сөздің соңғы позициясындағы элементтер (сөзжасам және сөзөзгертім аффикстері) сөз түбіріне ондағы дауыстының жуан, жіңішкелігіне қатысты талғанып, бірінен соң бірі жалғанады. Сингармонизм заңы тұрғысынан дауыстылар: 1) тіл алды — **ə, Θ, Ү, И, Е**; 2) тіл арты — **а, о, у, ы** болып екіге бөлінеді. Тіл алды дауыстыларының арасында **и** және **е** дыбыстары өзінің индифференттік қасиетімен ерекшеленеді. Олар сөз ішінде тіл арты **к** және **г** дауыссыздарымен де, **қ, ғ, х** узуляр дауыссыздарымен де тіркесе береді.

Шығарма тіліндегі тіл алды дауыстыларына тән таңдай үндестігі заңдылығы туралы сөз қозғауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ ерін қатысына қарай дауыстылар: еріндік (**о, Θ, Ү, Ү**) және езуулік (**а, ə, Е, И**) болып бөлінеді. Бұлардың сөздегі тіркесімділік табиғаты ерін үндестігі заңдылығынан хабардар етеді.

Таңдай үндестігі тұрғысынан дауыстылардың сөз құрамындағы орналасу тәртібі әр басқа болып келеді. Мәселен, **а, ə, ү, Ү, И** дыбыстары сөздің барлық позициясында кездесе беретін болса, **о, Θ, Е** тек анлаут позицияда қолданылатын дыбыстарға жатады.

Таңдай сингармонизмі заңы бойынша сөз тудыруышы формалардың қай-қайсысы да олардың таңдай және ерін болып бөлінуіне қарамастан, тіл алды (“жіңішке”) және тіл арты (“жуан”) болып жіктеледі. Таңдай сингармонизмі сөзді, яғни негіздің (түбірдің) барлық буынын және оған жалғанатын аффикстерді тұтастай қамтиды. Осыған орай қосымшалар не жуан, не жіңішке екі ғана вариантта болып келеді. Жуан дауыстылы негізге тек тіл арты дауыстысы бар, жіңішке дауыстылы негізге тек тіл алды дауысты дыбыс бар аффикс жалғанады. Мысалы: йол+ га, бу+ лар, әл+ чі, әл+ гә, т. б.

“Шыңғыс-наме” мәтінінде тек жіңішке, не тек жуан варианнта жұмысалатын бірқатар қосымшалар бар:

- септік жалғаулары: -ны\ -ні, -да\ -дә, -ның\ -нің, -дын\ -тін;
- көптік жалғаулары: -лар\ -ләр;
- ча\ - чә жүрнақтары, т. б.

“Шыңғыс-наме” шығармасында тұрақты қосымшалармен қатар сингармонизм заңына бағынбайтын мынадай жүрнақтар да кездеседі:

-ға\ -гә: дүниага, йолғә, айақыңызғә, алурғә, атғә, ордағә, башығә, башғә,

-да\ -дә: атардә, әснадә, башында, бурунда, йолында, т. б.

-лық\ -лығ: хәстәлік, сүрәтлық, диванәлік, т. б.

Сингармонизмге қайшы жұмысалатын бұл жүрнақтар “Шыңғыс-наме” мәтініне тән. Бұлардың арабша көшірмелерде кездесуі сөз соңының ұяңдығын барлық жағдайда дәйектей бермейді, бұлайша жазу — айтулы нормасын көрсетпейтін орфографиялық үрдістің нәтижесі болып табылады.

Жалпы жазба-әдеби үрдіс туралы сөз болғанда, тілдік айтулы нормасына сай келмейтін мынадай морфологиялық және фонетикалық құбылыстарды атап айтуға болады:

1) айтулы нормасы тұргысынан келгенде **ғ**, **г**, **б** үяң дауыссыздары көп буынды сөздің соңғы позициясында қолданылмауы керек, әйтсе де бұл норма жазба тілде сақталмайды. Мысалы: атлығ, ачығлығ, йасағ, қатығ, айтыб, алб, бағлаб, барыб, гәзәб, сәбәб, аб, әб, үб, қоб, дәб, тұб, абід, мәдәд, тортәд, устад, үнудуд, бәг, мәскәв.

2) таңдай гармониясы заңына тән емес жіңішке түбір-негізден соң жуан қосымшалардың, немесе керісінше жуан негізден соң жіңішке қосымшаның жалғануы шығарма тілінде кездесіп жататын құбылыс. Мысалы: айақыңызғә, алурғә, вақтғә, атғә, арасында, башында, бурунда, йолында, барынчә, қәстәлік, т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде орын алған сингармонизм заңдылығына сай келмейтін құбылыстар туралы айтқанда, бірқатар сөздердің әртүрлі түрпатта жарыса қолданылатыны байқалады. Мысалы: тонурға-тәнурғә, сазәндәләр-сазәндәләр, арасында-ара-

сында, арамызда-арамызда, булар-буләр, әснада-әснада, бірлән-бірлә-білән, білә, т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде дауыссыздардың тоғысуына бітептін бір буынды және екі буынды сөздердің көптігі байқалады. Шығарма тіліндегі ГСС, СГСС құрылымды үш және төрт буынды сөздерді талдау мүндай дыбыстық құрылымдағы сөз түбірі белгілі бір тарихи өзгерістердің нәтижесі екенін көрсетеді. Себебі: абсолюттік анауттағы дауыссыздар тоғысы түркі тілдері дамуның ертерек кезеңдерінде, яғни таза түркі сөздеріне тән емес құбылыс. “Шыңғыс-наме” мәтінінде **лау** сөзінің анаут позициясында үнді **л** дыбысының тоғысуы байқалады (366-4).

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінде сөздің инлаут позициясында дауыссыздар қосарласуының төмендегідей түрлері кездеседі:

-**ВВ-**: мунәввәр; -**НН-**: әннә, міннәт; -**ХХ-**: мусәххәр; -**ЙЙ-**: әййәдә, мәййіт, мутәнәййір, тәгәййур, тәййар; -**ДД-**: муқәддімәт, муддәт; -**ЛЛ-**: эллікссә, бәллі, мусәлләм, тәъллук, хәлләдә; -**КК-**: тәвәққуф, мәшәққәт; -**ҚҚ-**: мәккә, тәфәккүр; -**СС-**: қіссә; -**РР-**: жәррән, қәррәт, мукәррәм, фәррі; -**ЗЗ-**: ыйзәт, муәzzәм; -**ББ-**: қуббә, муыаббәт; -**ФФ-**: Қәффә, Музәффәр; -**ТТ-**: муттәсіл, іттіфақ; -**ММ-**: Мұнәммәд, һиммәт; -**ЖЖ-**: мутәвәжжін.

Сөздің ауслаут позициясында: -**ЛЛ**: зілл; -**НС**: мбәңс; -**НД**: әңд; -**ЕЗ**: боғз, ағз; -**ҚҚ**: наңәққ, һәққ; -**ҚТ**: вақт; -**ХТ**: пайтәхт, бәдбәхт, дәрәхт, тәхт; -**РД**: гәрд, дәркәрд, мәрд, намәрд; -**ШТ**: дәшт; -**СТ**, -**СД**: дуруст, қәсд, суст, үст; -**БТ**: зәбт, рәбт; -**ҚР**: зікр, фікр; -**ВМ**: қәвм; -**ҚР**: қәңр; -**ТЫ**: фәтү; -**НТ**: ант; -**РЭ**: әрз; -**СЛ**: нәсл; -**НЖ**: өргәнж; -**СМ**: рәсм; -**АЛ**: алт; -**НД**: Сәмәрқәнд; -**РТ**: сүрт, тарт, шәрт; -**ЛҚ**: хәлқ; -**ҚЛ**: әқл, һәқл, біләқл; -**ХР**: фәхр; -**ЙЛ**: мәйл; -**РК**: бәрк; -**ҚР**: фікр.

Жоғарыдағы төрт фонемді бір буынды сөздердің көбі – СГСС типті араб-парсы сөздері. Мұндай буындық құрылыммен таза түркі сөздері де кездеседі. Мысалы: боғз, қәвм, хәлқ, бәрк сөздері тарихи түрғыдан мүндай түрпатқа ие болмауы керек еді. Өйткені дауыссыздар тоғысы түркі тілдерінің тарихи дамуының ерте және кейінгі кезеңдеріне тән емес. Қазіргі түркі тілдерінің барлығында

жоғарыдағы сөздер СГСГС типті екі буынды құрылымды болып келеді: боруз, хәлиқ, бөрүк, т. б.

Дыбыстық апокопа сирек кездесетін байқалады. “Шыңғыс-наме” тілінде белгілі бір комбинация-позициялық жағдайларда көбіне-көп үнді **ρ**, **λ** дыбыстары түсетін байқалады. Мысалы: еді, білән, білә, Тұғлы Темур, Темур-Күттегі-хан, барчесын-барчасыны, т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде кейбір сөздердің құрамында дыбыстық метатеза да орын алады. Мысалы: бычақ (сал. бычқу), йағмур (сал. йамғур), уйқусыз (сал. удуқ), ушбу (сал. шубу), хақан (сал. Ғаган), ханзада (сал. ханә-зад), мусулман (сал. муслиман), күндәлән (сал. көлделен), унутмақ (сал. унтумақ), бүкірі Хожә Әһмәд (сал. бүкүр), мәрәкә-йі (сал. мәрәкә-йі).

“Шыңғыс-наме” тілінде дауысты және дауыссыз дыбыстардың әртүрлі позицияда қолданылу жиілігі әрқалай болып келеді. Дауыстылардың ішінен индифферентті **ε** дыбысы анлаут позицияда 20 шақты сөздің құрамында кездеседі. Ал еріндік **ο**, **ө**, сондай-ақ индифферентті **ε** сөздің ауслаут позициясында өте сирек кездеседі.

“Шыңғыс-наме” тілінде сөздің анлаут позициясында 20-дан кем қолданыстағылар: **Λ** – 4, **Γ** – 10, **F** – 13, **Ρ** – 18, **Ξ** – 17, **B** – 16, **Φ** – 21.

Дауыссыздардың қолданыс жиілігі де “Шыңғыс-наме” тілінде әрқалай. Анлаут позициясында көмей дауыссызы **һ** кездесетін сөз саны – 21. Бұл сөздердің дені араб және парсы тілінен енген сөздер. **һ** инлаут позицияда да жиі кездеседі. Мысалы: қанін, місваңа, тәңкік, тәңсін; анлаут позицияда: Аллаһ, ған, гунаң, қәбін, падшаң, пәнаң, сабаң, ісрән.

Ф фонемасы анлаут позицияда 21 сөздің құрамында кездеседі. Сөз ортасында **Ф** фонемасы мынадай сөздерде кездеседі: афәрін, вәфа, дәфтәр, кәфір, тәфәккүр, жәфа, тәфтіш, тефә; анлаут позицияда: бертәрәф, ғылаф, зәйіф, тәваф, тәкліф, інсаф.

“Шыңғыс-наме” тілінің өзіне тән ерекшеліктері қатарына ондағы арабизмдер құрамында кездесетін көмей **ъ** дыбысын жатқызуға болады. Бұл дыбыс түркі тілдерінің фонологиялық жүйесіне

мұлдем жат дыбыс. Қ инлаут позицияда: әъза, бәъзі, дәъвәт, дуъа, жәмаъэт, йәзыні, мәъқул, мәълум, тәъмам т. б., ауслаут позицияда: вақыт, жәмъ, зайді, мәнъ, мутіш, табіш сияқты сөздер құрамында кездеседі.

“Шыңғыс-наме” тіліндегі дыбыстық шендересу құбылысы кірме сөздер құрамында ғана орын алады. Мысалы: біәдәб, біәқәл, бүтіфақ, бійхтійар, наумід, наіб т. б.

Сонымен, Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесіндегі” лингвистикалық материалдарды фонетикалық түргыдан талдау барысында бұл ескерткіш пен ортағасырлар соңындағы жазба-әдеби тілде араб жазуымен жазылған ескерткіштер арасында жалғастық, сабактастық бар екені анықталды.

III таралу. “ШЫҢҒЫС-НАМЕ” ЕСКЕРТКІШІНІҢ ЛЕКСИКАСЫ

3. 1. “Шыңғыс-наме” лексикасының жалпытүркілік қабаты

Тұркі жазба ескерткіші тілінің лексикасы сөз болғанда, ондағы сөздерді іштей қыпшақ сөздері, қарлұқ сөздері, оғыз сөздері деп жіктеп саралаудың өзі шартты. Орта ғасырлар ескерткіштері тілінің лексикасын бұлайша топтауда негізінен белгілі бір сөздің қазіргі түркі тілдерінің қайсыбірінде берер мағынасы мен түрпатьын өзгертуей сақтауы критерий ретінде басшылыққа алынады. Ал Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” жазылған XYI ғасырда түркі халықтарының қазіргі шекаралары белгіленіп, әрқайсысы жеке-дара ел болып бөлінбегенін, бөліне қалған жағдайда да өзара тығыз аралас-құраластықта болғанын, жаз жайлауда, қыс қыстауда басқосысып, бірге көшіп-қонғанын, бірде ана хандықтың, бірде мына хандықтың құрамында бірлесе өмір кешкендерін ескермеске болмайды. Түркі тілдерінің генеалогиялық туыстырының сыртында, түркітілдес халықтар арасында болған сан ғасырлық тығыз қарым-қатынас, аралас-құраластықтың өзі олардың тілдерінде із қалдырығаны, көптеген ортақ лексиканы пайда болдырығаны сөзсіз. Бұл жөнінде К. М. Мусаев билай дейді: “... Егер түркі тілдес халықтардың басым көпшілігі әуел баста аңшылықпен, бұдан соң көшпелі малшаруашылығымен шүғылданған көшпендей өмір кешкенін

ескерсек, бұл әбден заңды. Тілдердің араласуы нәтижесінде бастапқыда белгілі бір түркі тіліне немесе түркі тілдерінің белгілі бір өміріне тән болған жекелеген сөздер ұлан-ғайыр тілдік өмірді “жаулап алыш” отырды” [12, 228].

Түркі тілдеріндегі тырыз қарым-қатынастың нәтижесінде пайдада болған ортақ және үқсас элементтердің түркі тілдерінің дәл қайсы тобына енетін тіле тән екендігін бірден айырып, ажыратып тану мүмкін емес. Себебі, түркітілдес халықтардың әрқайсысының тілі өзінше дамыды, әрқайсысының өз тарихи негіздері мен арналары болды. Әйтсе де, дамудың жеке-дара жолына түсken қазіргі түркі тілдері ортақ бір тілдің тарихи тарамдалуының нәтижесі екені сөзсіз. Басқаша айтқанда, көне түркі тілі қазіргі түркі тілдерінің барлығының да, соның ішінде қазақ және үйғыр тілдерінің де сөздік құрамдарының, фонетикалық жүйелерінің, грамматикалық құрылыштарының негізі, қайнар көзі, бастау арнасы. Қазіргі түркі тілдерінің әрқайсысының сөздік құрамында орын тепкен жалпытүркілік лексикалық қор түркі тілдерінің туыстастырының ғана емес, тарихи тырыз қарым-қатынасының да нәтижесі. Жалпытүркілік негіздер туралы Э. В. Севортян былай деп жазады: “Жалпытүркілік негіздер бірқатар жағдайларда кейінірек уақытта, атап айтқанда, жазу шыққандағыдан жасалып, бір тілден не бір өмірден қалған өңірлердегі тілдерге таралды, ал жалпытүркілік және түркіаралық лексиканың дені түркі тілдерінің біршама біртекті күйдегі кезеңінен бастап ең ежелгі дәүірлерге қалыптасты” [13].

Көптеген ғалымдар XI–XYI ғасырлардағы түркілік әдеби мұралардың аралас тілде жазылғанын айтады. Ол дәүір түркі тілдері ұлттық сипат алмаған кезі еді, ауқымды түркілік ареалда өзіндік тілдік ерекшеліктермен келген түркі тілдері мидай араласып жатты. XYII ғасырдың басында жазылған Қызырғали Жалайыридің “Жамиғ ат-тауарих” шежіресінің тілін зерттеген Р. F. Сыздықова “оның лексикасының түркі бөлігінде қыпшақ тілі сөздері белгілі орын алады” деп жазады [14, 27]. Ал негізін қыпшақ тілі құрайтын Эбілғазының “Түрік шежіресін” зерттеген Б. Эбілқасымов “Түрік шежіресінде” көне түркі сөздері едәуір орын алады. Оның басты себебі “Шежіреде” автордың өз шығарма-

сын сол кезде ұлт болмаса да, жеке халық болып жіктеле бастаған өзбек, түрікмен не қазақ тілінде жаздым демей, бәріне ортақ түркі тілінде жаздым деуінен аңғаруға болады” дейді [15, 61–62].

“Шыңғыс-наме” ескерткішінде білгә, біліклік, біліксіз, іштімек, т. б. көне түркілік сөздер көптеп кездеседі. Мәселен, **біті** сөзі “жазу” мағынасында мынадай жолдарда кездеседі: “Тәваріхлар кі көрдім, буларның бір азрақының атлары **бітілкілік** әрді вә бәс (366–10)*. ...удуғ-кіңіздің йарандардың ілтімас ол дур кім, бу сөзләр, бу ңекайэт кі, бу нусхә **бітілді** (37а–16). Барчасын іштімек бірлә **бітіб турур** мән (37а–17). Мұнасіб көрмәдүк бу дәфтәрдә **бітілгәй** (44б–12)”. Ескерткіште **біті** сөзінің кейінгі дәүірлерге тән варианты – **жазу** сөзі кездеспейді. Сол сияқты **тон** сөзі “Шыңғыс-намеде” жалпы киім атаулының жиынтық атауы ретінде қолданылады: “Бәгләр філъал әлчіні алыб қайтдылар, тәқы ат-**тон** беріб узатдылар (44а–8). Бір күрәң ат мінгән, бөрі терісі **тонны** жора кійгән, аты **тоны** буға ғутған кіші ордәғә әйқын келіб түщі (51б–12). Үрік-Темұр філъал әңніндә кі көрпә **тонын** чықарыб мәзбут چулғады тәқы алыб үйрігән азуқындын алныңда қойды (55б–7)”.

“Шыңғыс-намеде” кездесетін **ағыз**, **азуқ**, **бәрү (бери)**, **бычақ**, **йағмұр**, **сауық**, **араба**, **кече**, **тұшмеді** тәрізді біраз сөздер қазіргі тілімізде (қазақ, үйғыр) сыртқы түрпат тұргысынан азды-көпті өзгерістерге ұшырағанымен, сол кездегі мағынасын негізінен сақтап қалғаны байқалады.

“Шыңғыс-намеде” **аталығ**, **атлығ**, **ачығ**, **йығ**, **йырағ**, **қатығ**, т. б. сөз соңы **ғ**, **г** дыбыстарына біткен біраз сөздер кездеседі. Мұндай қолданысты А. К. Боровков көне орхон жазбаларынан, одан кейінгі кезеңдердегі көне үйғыр жазба дәстүрінен жалғасып келе жатқан архаикалық тұлғалар деп санады [16, 248]. Бұл сөздердің **ғ**, **г** дыбыстары түсіп қалған немесе **й**, **у** сонорларына ауысқан қыпшақтық тұлғалары ескерткіш тілінде кездеспейді. Сал.: **шундағ** (қаз. сондай, үйғ. шундақ), **кичиғ** (қаз. кіші, үйғ. кичик), **тириғ** (қаз. тірі, үйғ. тирик), **көз йашлығ** (қаз. көзі жасты, үйғ. көзи яшлық) т. б.

* Лексика тарауында жақшаның ішінде ескерткіш мәтіннің беті және жолының реті көрсетілген. Ред.

Ескерткіш тіліндегі таза түркі сөздерінің деңі қазіргі түркі тілдерінде бар сөздер. Дегенмен қазіргі түркі тілдерінде олардың кейбіреулері дыбыстық өзгерістерге ұшыраса, қайсыбірі дәл ескерткіштегі түрпатын сақтағаны, біразы қазіргі түркі тілдерінің белгілі бір тобына ғана тән де, енді біреулері жекелеген тілдерде ғана орын алатыны, енді біразы мұлдем кездеспейтіні байқалады. Мәселен, ескерткіштегі *андаг*, *ачығ*, *башлығ*, *білә*, *саң* сөздері қарлұқ-ұйғыр тобындағы тілдерге, ал *эт*, *бақыր*, *ага*, *аймақ*, *қайда*, *қымыз*, *салығ*, *соңы* т. б. сөздер қыпшақ тобындағы тілдерге тән. Ал *ай*, *ата*, *ана*, *бал*, *бала*, *ақ*, *от*, *қара*, т. б. сөздер қазіргі түркі тілдерінің көбінде фонетикалық өзгерістерге түспеген қалпында ұшырасады.

3. 2. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі араб-парсы сөздері

Орта ғасырлар ислам дінінің кең қанат жайған, шығыс мәдениетінің гүлдене дамыған дәүірі болды. Исламның Орта Азияға ендең кіруі, далалықтардың мұсылманшылыққа жаппай бет бұруы, ғылым мен білім, оқу-агарту ісінде араб жазуының негізге алынуы түркі халықтарының тарихи-мәдени өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Бұл жағдай далалықтар сөйлеген түркі тілдеріне араб-парсыдан жүздеген-мындаған сөздердің енүіне ықпал етті. Араб-парсыдан енген кірме сөздер бірте-бірте тілдің лексикасының құрамдас болғандағы айналып, сөздік құрамның араб-парсы атаптын тілдік қабатын құрады.

Кез келген тілдің сөздік құрамының кірме қабаты нақты кезеңде, қысқа мерзім ішінде қалыптаса қалмайтыны белгілі. Ол — бірнеше ғасырдың жемісі. Белгілі бір тілдің сөздік құрамына кірме сөздер екі түрлі жолмен енеді: біріншіден, халықтардың тікелей, қоян-қолтық араласуы, қарым-қатынас жасауы негізінде; екіншіден, жазба әдебиет арқылы.

Парсы тілінің араб шапқыншылығынан кейін арабтың тілдік элементтерді өз бойына өте көп мөлшерде сіңіруінің нәтижесінде кейінгі ғасырларда түркі тілдеріне араб сөздерінің бәрі болмаса да, біразы парсы әдеби тілі арқылы келіп енди.

“Шыңғыс-наме” лексикасы құрамындағы араб және парсы элементтерінің басым көшілігі IX—X ғғ. және одан да көп бүрүн болғаны сөзсіз. Мәселен, ғалымдардың көрсетуінше, XI ғ. жазба ескерткіші саналатын Махмұт Қашқаридің “Диуани лұғат ат-түрк” еңбегінде қолданылған 8 мыңнан астам сөздің он шақтысы ғана араб-парсы элементтері үлесіне тиетін болса, сол дәүірге тән “Құтадғу білік” ескерткішінде олардың саны едәуір молайған, яғни “Құтадғу біліктө” араб тілінен енген жүзге тарта сөз кездеседі [17, 18]. Махмұт Қашқар мен Жұсіп Баласагұны өмір сүрген XI ғ. кейін жазылған Ахмед Йұғнекиқидің “Нибат ул-хақаиқ” (XII ғ.) еңбегінде араб және парсы элементтері “Құтадғу біліктен” анағұрлық көп [18, 29—46].

Н. А. Самойловичтің айтуынша араб және парсы элементтері түркі халықтары тілінде орта ғасырлардың алғашқы кездерінен-ақ орын ала бастаған. Ал Э. Трыярский “Көне түркі сөздігінде” (“Древнетюркский словарь”) шеттен енген 1187 кірме сөздің тек “А” дыбысынан басталатын 52 сөздің араб-парсы, ал “К” дыбысынан басталатын 107 сөздің он тоғызы араб, бесеуі парсы элементтерін құрайтынын айтады [19, 75—86].

Араб-парсы элементтерінің орта ғасырлардың соңындағы әдеби туындыларда айрықша мол қолданылуы туралы В. Д. Артамошина былай дейді: “Кейінгі орта ғасырлардағы түркі тіліндегі поэзия әдеби дәстүрге бағып, әлем-жәлем талғамалылық, жасандылық киімін киіп сәнденді. Мұның өзі негізінен түркі өлеңдеріндегі парсы және араб сөздерінің шамадан тыс көбеюінен көрінді. Сөйтіп түркілік негіз шылаулар мен көмекші етістіктерден тұратын әрсіз арқауга айналды...” [20, 12]. Ғалымның көрсетуінше, XIY—XY ғ. өмір сүрген Лутфи, Атаи, Сәккакилердің поэтикалық еңбектерінің 40—70 пайызын араб және парсы элементтері құрайды [20, 18].

XIY ғ. ескерткіштері Хорезмидің “Мухаббат-наме”, Құтбидің “Хосроу-Шырын”, Сеф Сараидің “Гұлистан бит-түрки” сияқты поэтикалық мұралар тілінің құрамындағы жалпытүркілік сөздер мен араб-парсы сөздерінің үлес салмағы Э. И. Фазыловтың пікірінше мынадай [21, 154—168].

Жазба ескерткіш	Түркі сөздері	Араб сөздері	Парсы сөздері	Барлығы
“Мухаббат-наме”	544–55,2%	243–24,8%	143–20%	980–100%
“Гүлистан биттүркі”	1151–35,7%	1466–45,3%	610–19%	3227–100%
“Хосроу – Шырын”	1840–63,8%	790–22,3%	424–13,9%	3054–100%

Б. Сағындықовтың пікірінше бұл ескерткіштер құрамында араб тілінен енген сөздер саны бұдан да көп. Ол түркі тілдерінің лексикалық қорына араб тілінің біраз сөздері парсының “күімін жамағылыш” енгегін айтады [22, 128]. Науай шығармалары тілінде араб сөздері 30 пайызды, парсы сөздері 21 пайызды құрайды [23, 22]. Ал “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі сөздердің дені жалпыхалықтық сипаттағы, көпшілікке түсінікті сөздер.

Түркі халықтарының парсылармен тығыз тарихи-мәдени қарым-қатынаста болғаны, әсіресе парсы әдебиеті түркі халықтары әдебиетіне илі ықпалын тигізгені белгілі. Ал ортағасырлық тарихи жазба мұралар тілінде парсизмдердің арабизмдерге қарағанда үлес салмағының аздығын парсы тілінің өзінде арабизмдердің өте мол болғанымен түсіндіруге болады. Тарихи ескерткіштер тілінде кездесетін араб-парсы сөздері жазба мұра жазылған негізгі тілдің (түркі тілінің) заңдылықтарына бейімделіп, менгерілгені сөзсіз.

Араб және парсы сөздерінің “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінде көптеп орын алуының басты себептері ретінде төмендегі жағдайларды атап көрсетуге болады.

1. Ескерткіш тілінде діни үғымдарға, ел басқару ісіне, ғылым мен мәдениетке, қоғамдық өмірдің басқа салаларына қатысты терминдік сипаттағы араб-парсы сөздері орын алады. Мысалы: Барча бу саңыр қаңыларыны хан өзләрігә шәйх біліб йанларыдә йанәша олтурууб бісіар іъзаз вә ікрам қылур әрді (48а–16). Айтурлар, хан екіндей нәмазын оқуб мәсжіддә олтурууб әрдікім (49б–9).

2. Орта ғасырлардың соңғы кезеңінде түркі халықтарынан шыққан ақын-жазушылар ана тілімен бірге араб және парсы тілдерін жақсы білген. Тіптен олардың көбі таза түркі тілінде жазуды мақсат етпеген де. Бұл туралы В. В. Бартольд мұсылмандық кезеңде тіпті шыққан тегі түркістандық авторлардың өздері не араб тілінде, не жалпы парсылық әдеби тілде жазғанын атап көрсетеді...”.

3. Ақындар тілінде араб-парсы сөздері үйқас үшін жұмысалған, яғни түркі сөздерінен тың үйқастар жасаудың орнына ақындар араб-парсы тіліндегі дайын үйқастарға көбірек ден қойған.

Ескерткіш тілінде бірқатар арабиzmдер таза түркілік **булу**, **қылу** көмекші етістіктерімен тіркесіп, құрделі қимыл атауларын жасайды. Мысалы: мәълум бол- (366-1), хошыл бол- (45a-12), әдавәт бол- (38a-7), һәкк бол- (486-18), тәфтіш қыл- (366-14), дуъа қыл- (436-18), тәйіар қыл- (48a-14), бәхшіш қыл- (376-6), тәкліф қыл- (38a-10), қәбул қыл- (38a-14), һәкм қыл- (396-13), тәйін қыл- (40a-12), фәтہ қыл- (41a-3), һәқыл қыл- (41a-11), ілтіфат қыл- (446-4), тәфәккүр қыл- (44a-16) т. б. “Шыңғыс-наме” ескерткіші мәтінінде құрделі етістік құрамында кездесетін арабиzmдер сан жағынан жеке қолданылатындарға қаралғанда көбірек.

3. 3. “Шыңғыс-наме” лексикасының тақырыптық-мағыналық топтары

Сөздерді тақырыптық-мағыналық топтарға бөліп қарастыру тіл және сол тілдің иесі халық арасындағы сабактастықты жетік тануға, тілдегі сөздердің диахрондық дамуын және синхрондық қалып-күйін бағдарлауға, туыстас немесе туыс емес тілдердің қарым-қатынасын, өзара әсер-ықпалын саралауға белгілі дәрежеде септігін тигізеді [24, 72]. Сөздерді тақырыптық-мағыналық топтарға жіктеу нақты тарихи кезеңдегі жазба әдеби ескерткіш тілінің лексикалық құрамын анықтауға, қолданылған сөздердің семантикалық өрісін айқындауға мүмкіндік береді.

Белгілі бір ескерткіш тілінің лексикасын тақырыптық-мағыналық тұрғыдан топтастыру мәселесі Б. Бафоев, К. Эбенова, Б. Жұбатова, М. Сабыр, т. б. зерттеулерінде сөз болды. Мәселен, Б. Бафоев “Науай тили” атты зерттеуінде Науай лексикасын 37 тақырыптық-мағыналық топқа жіктейтін болса [23, 33–40], К. Эбенова “Құтадғу білік” және “Һибәт ул-хақаиқ” ескерткіштеріндегі бір буынды түбірлерді 11 тақырыптық-семантикалық топқа бөліп қарастырады [25, 11–12]. Б. Жұбатова қазақ қисса-дастандарындағы араб-парсы сөздерін 19 тақырыптық топқа жіктейді [26, 15–18]. М. Сабыр орта ғасырлар жазба ескерткіштер лексикасын үш үлкен тақырыптық-мағыналық топқа біріктіреді [27, 30–38]. Ортағасырлық жазба әдеби ескерткіштер тіліне арналған зерттеудердегі осындағы топтастыруларды негізге ала отырып, “Шыңғыс-наме” ескерткіші лексикасын төмендегідей мағыналық-тақырыптық топтарға бөлуге болады.

1. Адам және жан-жануарлар дене мүшелері атаулары: ағыз, аяқ, эт, баш, бәт, боғз, бойун, бейрәк, йаш, үйз, көз, қол, қулақ, сақ, чеңрә, түк, терә, төш, т. б.

2. Дінге байланысты атаулар: Алла, Алла-тәъала, Аләнәйләм, әвлійә, әжәл, дұья, дін, жәнәлә-л-жәннәт, кафір, мәрьүм, мәсжід, мусулман, мусулманлық, мусибәт, нәмаз, тәңрі-тәъала, фәтінә, худайә, худай-тәъала, нәмаз-і шам, іслам, т. б.

3. Әлеуметтік, саяси және қоғамдық атаулар: аймақ, әдалат, әл-күн, әл-мәжліс, әлчі, әмір, әрз, бай, бәг, вақт, вәтән, вілайәт, груп-груп, дәвләт, елчі, жәмәньет, жәнән, йарлығ, үәсір (әсир), йурут, кенәш, қәбілә, қәрап, құл, мәжліс, орда, падшаһ, падшаһлық, пайтәхт, салығ, сәрай, сонырғал, тауіфә, тәхт, тутқун, улус, уруш, ханлық, хәлайық, һөкм, даруга, мірзә, султан, устад, фәқір, ханзадә, хожә, һажі, һәзрәті, һәкір шәйх, ҳақан, хан, һакім, т. б.

4. Тұыстық атаулар: аға, ана, ар (әр), ата, әвлад, әйал, баба, зәйіфә, йаранлар, үйгән, үігіт, қарындаш, қыз, нәбәрә, оғлан, фәрзәнд, т. б.

5. Тұрмыстық зат атаулары: араба, әв, дәрвазә, жорғаты, үіб, көрпә, күйіз, ташқірпіч, қазан, қамчы, отун, өй, пәйманә, тәбақ, тәнур, түшәк, т. б.

6. Ұақыт-мерзім және өлшемге байланысты сөздер: зәман, ай, ахшам, әсір, бурун, бүтін, кәч, кечә, күндә, үч күнлүк йәр.

7. Табиғат құбылыстарына қатысты атаулар: йаз, күз, қыш, сувық, қараңғу, түн, т. б.

8. Өсімдік элементіне қатысты сөздер: башақ, гүл, дәрәхт, қамыш, мева.

9. Қиім-кешекке қатысты сөздер: әңін, бөрүк, етәк, жора, әақасыз, көңлек, тон.

10. Ғылым мен өнерге қатысты сөздер: тәварих, дастан, үйр, үйрав, кіссә, кітабәт, қіссә, ләқәб, ревайәт, һекайәт, Рустем-і дастан, күй, т. б.

11. Қасіпке байланысты сөздер: алім, атғучу, жәрраň, сазәндә, үләма, хәліфә.

12. Медицинаға байланысты сөздер: дару, йара, хәстә.

13. Тұр-тұсті білдіретін сөздер: ақ, көклі-йашыллы, көк, күрәң, қызыл.

14. Тұсті металл атаулары: алтун, бақыр, күмүш.

15. Азық-тұлік, ішіп-жемге байланысты сөздер: аб, аш, бал, қымыз, су, сүт, тәъям.

16. Жазу-сызуға қатысты сөздер: дәфтәр, кітаб, хәт.

17. Орынға байланысты сөздер: алны, алтындын, анда, ара, арасында, арқа, арта, артынча, астынғә, бейік, йайлағ, әақасы, үйуқары, үйрақ, қәлқә, қәлъә, мәйдан, мәнал, ташғар, төр, үст, имарәт.

18. Шылау сөздер: әгәр, әлбеттә, әммә, бәъзи, біолә, вә, йа, үәнә, үәніні, ләйкін, тәқы, үчүн.

19. Мата атауы: жібә-жәвилән.

20. Әоонимдер: айғыр, ат, байтал, бійә, дөнән, жанвар, үыл-қы, қой, мал, сығыр, бөрі, буга, кейік, қабан, марал, т. б.

21. Әскери іске, қару-жаракқа қатысты сөздер: әскәр, бәйдә бычақ, ғылаф, йараг, յасағ, қалқан, қаравыл, қарақчылық, қошуң, қылыш, ләшкәр, нәвкәр, нәвкәрлік, нәвкәрчілік, оқ, сәвдәр (сәрдар), сәдақ, черік, т. б.

22. Дерексіз ұтымды білдіретін сөздер: аваз, ақіл, аләм, әваз, әқл, гунаң, дүнийа, әақшылық, көңүл, муһәббәт, өлүм, өмүр, т. б.

23. Адамның сезім-куйіне, мінез-құлқына байланысты сөздер: ашық, әркә, әрқәлік, алб, залім, әман, әхшы, кәйфійт, көрлүк, қара, саңбажемал, т. б.

24. Жалпыхалықтық географиялық терминология: тағ, көл, көк, қайа, дәрія, т. б.

25. Гидронимдер: Ақ-көл, Йайық, Қулзум, Сырдәрія, Іділ.

26. Топонимдер: Босгунчақ, Дәшт-і Қыпчақ, Жыр-Қутлы, Қекәдәй-Йісбага, Қара-көл, Құмлықыр мәжаз, Қырым, Қырқ-йәрі.

27. Мемлекет, аймақ және қала аттары: Хорасан, Хытай, Һиндустан, Ірақ, Алатай, Корал, Қырым-кәфә, Түркістан, Улақ, Үрус, Һисар, Чәркәс, Шірван, Бағдад, Бухара, Мәккә, Мәскәв, Өргәнж, Сәмәрқәнд, Сәрайчуқ, Сығнақ, Тәбріз.

28. Этнонимдер: арғун, барын, қыпчақ, боавул, қазақ, қолмақ, қарлық, наиман, өзбәг, уйғур, шырын.

29. Антропонимдер: “Шыңғыс-наме” Шыңғыс хан әuletінің тақтық тарихын сөз ететін шежіре болғандықтан, оның лексикасында антропонимдер ете көп. Ескерткіште 100-ге жуық адам аттары кездеседі. Мысалы: Ақ-һұсәйін, Әбу-л Мәңсүр Әл-Барс-бәннатыр-хан, Әдігү-бій, Әл-Басар, Әрәб-оғлан, Баба Әлі-бій, Баба Түкләс, Бадық-оғлан, Бажыр Боқ-Буға, Базәрчі, Барчын Бердібәг-хан, Бәркә-хан, Бердібек-хан, Бурут, Бұқрі Хожа Әымәд, ғазі-Султан, Ежән-хан, Достсұлтан, Еш-султан, Жанбек хан, Жәлал уд-Дін-султан, Йадкар-хан, Йахшы-хожә, Йожы-хан, Қәлдібәг, Қиркін-Қөтәнхан, Келін-Бәйалын, Қенәгесқұган оғлы Дәрвәшәк-мірза, Мұң-көлүк-хан, Қанбай, Қаңлы Тұлыбай, Қара-Нофай, Қонрат Нағадай оғлы Ақ-һұсәйін, Қутлуғ-Буға, Қыйат Жыр-Қутлы, Қыйат Мамай, Қыйат Үсатай, Маңқутай, Мәлік Әшрәф, Мұң-Темүр, Мұңәммәд Дості, Рустәм Сағышы-Артуқ-Сайчы оғлан, Сайын хан, Саңғусун, Сары-тақ, Сәйф уд-Дін-і Бахәрзі, Сәмәй, Сыжуд Әлібәг, Сыжут Алатай, Тай Дауалы begim, Темүр-бәг, Темүр-Қутлы-хан, Теніз-Буға, Тоғрул, Тоқтағә, Тохтамыш-хан, Тұғлы-Темүр, Тұлы-хан, Турады-хан, Тұдә-мәңгі, Улуг-хан, Үрус-хан, Үрік-Темүр, Хәэрәт әлі-хан, Хожа Әымәд, Ҳусрәв, Ҳызыроғлан, Ҳызыр-Йожы-хан, Ҳызыр-хан, һажі Нийаз, һажі-Тархан (һажі-Тарханы Әбду үл-кәрім-хан), һәзрәт Әл-Барс-хан,

Нәэрәт Шәйх, қәзрәт-і Дост-султан, Һұлагұ-хан, Һүсәйн-օғлан, Чонақ-һүсәйн, Җықатай-хан, ҆іңгіз-хан, Шәйбан-хан, Шәйх Әмәд-хан, Шайх Нәжм уәд-Дін-і Қемрү, Ілфәк-хан.

30. Сан есімдер: алтынш төрт, бәш, бәш үйз, бір, екі, екі үйз, екі мің түмән, йәтміш, үйз әлік мың, үігірмі, қырқ мің, мың бәш үйз, он, он бәш, он екі, он үеті, он мың, он секіз, он төрт, он үч, отуз, отуз мың, сәксән, секіз, тоқсан, үч, үч үйз, т. б.

31. Есімдіктер: аның, бу, біз, кім, мән, ол, өз, өзгә, сән, улар, ушбу, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі лексиканың тақырыптық-семантикалық топтары ескерткіш тіліндегі сөздердің қолданыс аясының кеңдігін көрсетеді. Бірақ тақырыптық топтардың арасалмағы тең емес. Ескерткіш тілінде дерексіз ұғым атаулары, заттар мен құбылыстарға, адамның қадір-қасиетіне, мінез-құлқына, ақыл-ойына, сезім қүйіне қатысты сөздер басқа топтарға қарағанда көбірек қолданылған.

3. 4. “Шыңғыс-наме” ескерткішіндегі сөздердің лексика-семантикалық топтастырылуы

Кез келген тілдің сөздік құрамы көнеріп, толығып, жаңарапт отыратындықтан, сөздердің лексика-семантикалық топтары үнемі қозғалыста болады. “Жазба ескерткіштерде тілдің лексикалық және грамматикалық құрылымы толық және жан-жақты бейнеленбейтіні белгілі. Оларда қолжазбалар мен ескерткіштер авторының алған тақырыбы мен көздеген мақсатына орай шектелген тілдің жекелеген бөліктегі ғана тіркеледі” дейді М. Ш. Ширалиев [28]. Бұл пікірді “Шыңғыс-наме” ескерткіш тіліне қаратадайтуға да болады.

“Шыңғыс-намедегі” сөздерді лексика-семантикалық түрғыдан ескерткіш тіліндегі синонимдер, антонимдер, омонимдер деп бөлуге болады.

3. 4. 1. “Шыңғыс-наме” ескерткіш тіліндегі синонимдер

Синонимдер — тіл-тілдің сөздік құрамының дамуындағы орны ерекше күрделі де маңызды тілдік құбылыстардың бірі. Синонимдер тілдің даму деңгейін көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар тілдің тарихи өзгерісін де танытады. Ол туралы Л. В. Щерба былай дейді: “Дамыған әдеби тіл дегеніміз бір-біріне қалайды шендестьре бейнелеудің азды-көпті синонимдік құралдарының өтемете күрделі жүйесі болып табылады” дейді [29, 26]. Синонимдік қатардағы әрбір сөз бір-бірінен мағыналық ренқі мен экспрессивтік-стилистикалық бояуының қалыңдығымен ерекшеленеді [30, 116]. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі синоним сөздер қазіргі түркі тілдерінде де кеңінен қолданылады.

Түркі тайпаларының X—XIV ғасырларда араб тілін мейлінше көп пайдалануы сол кездегі әлеуметтік, саяси және мәдени өрлеуге, ислам мәдениеті ықпалының қүшіеюіне тікелей байланысты болды. Арабша-парсыша оқыған оқымыстылардың өз шығармаларын араб, парсы тілдерінде жазуды дәстүрге айналдыруының, ислам діні мен мәдениетіне байланысты ұғым-түсініктер атауларының жазба әдеби тілге арабша-парсыша кірігүйнің нәтижесінде байыргы түркілік атаулар араб-парсы тілдік элементтерімен ауыстырып пайдаланылды немесе түркі сөзі арабша-парсыша баламаларымен қатар қолданылатын болды. Бұл процесс түркі жазба әдеби тілінде синонимдік қатардың араб-парсы сөздерімен толығуына әкелді. Мұны “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінен де аңғаруға болады. Мысалы: аваз — ұн, адәті — рәсмі — қағыда, аләм — дүниа — жәнан, алқыш — тәңсін, аш — таъэм, әйал — зәйіфә, әл — хәлайық, өмүр — қаят, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінде мәймүр-мәэкүр, аш-тәъзам, есән-аман, дәвләт-сәъадәт, марал-кейік, қәвмі-қәбіләсі, құл-нәвкәр, ойна-құл, ата-ана, алла-тәъала, худай-тәъала, тәңрі-тәъала, т. б. синонимдік қос сөздер көптеп кездеседі. Синоним сөздерді қосақтап қолдану тәсілі арқылы сөз тудыру түркі тілдеріне ежелден тән. Ә. Т. Қайдаров синонимдік қос сөздердің жасалуын былай-

ша түсіндіреді: “... қос синонимдер семантикалық түрғыда екі түрлі жолмен: компоненттердің мағыналарын өзара құштейту және ортақ семантиканың жинақтауыш, жалпылауыш реңктерін айрықша саралау мақсатында және кірме сөздің мағынасын байырғы сөзбен аудару немесе кірме сөздердің мағыналарын түсіндіру, толықтыру мақсатында жасалады” [31, 83].

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі синонимдік қатар түзуші сөздерді құрам санына қарай тәмендегідей бөліп көрсетуге болады:

1. Екі сөзден тұратын синонимдік қатар: улағ-жанвар, аға-іні, алқыш-тәңсін, әгәр-әгәрчә, әңін-көңләк, жәфа-мәшәққәт, ай-сөзлә, аңла-ішіт, қазір-філъал, фәқір-һәкір, фійадә-йайғ, салығ-сейүргал, рійазэт-жәфа, үйгіт-օғыл, кечә-ахшам, аб-су, көп-бісійар, кечәтүн, нәсінәт-мәсләнәт, барчә-һәммә, әлаңидә-мәхсус, т. б.

2. Үш сөзден тұратын синонимдік қатар: сөз-зікр-нәқл, соң-ахір-тәмам, үн-аваз-сәда, таң-сабаң-сәнәр, тоғра-раст-дуруст, башғә-өзгә-сайір, тәңрі-худа-тәъала, адәті-рәсмі-қағыдә, аләм-дүниა-жәнан, білан-вә-һәм, үәнә-тәхи-даги, нә-гаңи-яки, султан-падиша-шаң, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі синонимдік қатарлардың көбі нақты сөз табына қатыстырықта болып келеді. Олардың морфологиялық сипаттың былайша танытуға болады:

1. Зат есім синонимдік қатарлар: улағ-жанвар, аға-іні, әңін-көңләк, жәфа-мәшәққәт, салығ-сейүргал, үйгіт-օғыл, аб-су, аләм-дүниа-жәнан, адәті-рәсмі-қағыдә, султан-падиша-шаң, т. б.

2. Сын есімдік синонимдік қатар: әлаңидә-мәхсус, т. б.

3. Есімдік синонимдік қатар: барчә-һәммә, ушбу-бу, т. б.

4. Үстеу синонимдік қатар: көп-бісійар, кечә-ахшам, қазір-філъал, т. б.

5. Етістік синонимдік қатар: ай-сөзлә, аңла-ішіт, т. б.

6. Шылау синонимдік қатар: білан-вә-һәм, үәнә-тәхи-даги, нә-яки, т. б.

3. 4. 2. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі антонимдер

Антонимдер көркем әдебиет мәтіні құрылымында бейнелеуіш құралдар ретінде көп қолданылады. Адам ақыл-ойының табиғатына тән қарама-қарсы мағыналық түсініктер өмірдегі әртүрлі көзқарастардың, ғылыми танымның, философиялық құрылымдардың, эстетика, этика және діннің негізін құрайды [32, 7]. Шынында да керегарлық бейнелеу — ежелгі дәуір көркем туындыларында көп қолданылған стилистикалық амал. Еуропа поэтикасында оны антитета десе, араб-парсы поэтикалық тілінде мутәбәқә немесе мутәдад деп атайды [33, 183]. Б. Сарындықұлы: “Халық байыргы заманнан-ақ жақсылық пен жамандықты, жағымды қасиет пен жағымсыз қасиетті, табиғат пен қоғам өміріндегі қарама-қарсы келетін құбылыстарды айыра білген. Міне, соның нәтижесінде қарама-қарсы сөздер тұған” дейді [34]. Ал К. Аханов антонимдік өріс туралы былай дейді: “Антонимия құбылысы көбінесе сапалық ұғымдармен шектелетіндіктен, оның тіл-тілде синонимия, полисемия құбылыстарына қарағанда өрісі тар болады” [35, 193].

“Шыңғыс-наме” тіліндегі антонимдік жүптарды құрылымдық түрғыдан былайша топтауга болады:

1. Әртүрлі түбірлі немесе лексикалық антонимдер: ата-ана, көп-ақ, ал-бәр, аңдағ-мундағ, аст-ұст, бақыр-алтун, баш-айақ, қышлағ-йайлар, үй-өз, дуруст-йалған, дост-дүшман, йақын-йырақ, йаман-йақшы, үүқары-төбән, күн-тұн, ақ-қара, тірілді-өлді, чық-кір, мүшкүл-асан, таш-іч, т. б.

2. Бір түбірлі немесе грамматикалық антонимдер: әқл-біәқл, мәйлум-намәйлум, тиlidin-tilsizliqdin, т. б.

“Шыңғыс-наме” тілінде грамматикалық антонимдерге қарағанда лексикалық антонимдер мол. Олардағы қарама-қарсылық мән-мағына өте айқын болып келеді. Соңдықтан оларды шығарма тілінің әсерлілігін арттыру мақсатында жиі қолданады.

Түркітанушылар арасында грамматикалық антонимдер жөніндегі мәселе талас тудырып келеді. Кейір ғалымдар тілде грамматикалық

антонимдер деген болмайды деп есептесе [36], енді біреулері грамматикалық антонимдердің бар екенін айтады [37].

Грамматикалық антонимдік мағына түбірден емес, керісінше қосымшалардан байқалады. “Шыңғыс-наме” тілінде қарама-қарсылық мән арқалаган мынадай аффикстер кездеседі:

а) **-лік, -сіз**: білікліг-біліксіз, қылыш-қылышсыз, чарә-чарәсіз, т. б.

ә) парсы тілінен енген сөз алды **бі-, на-** қосымшалары: әдәб-біәдәб, әқл-біәқл, дәвләт-бідәвләт, тақәт-бітақәт, хәбәр-біхәбәр, һесаб-бінесаб, чарә-бічарә, іхтийар-бiiхтийар, һәкк-наһәкк, үмід-наұмід, мәрд-намәрд, т. б.

б) **-ма// -мә** жүрнағы арқылы жасалған етістіктің болымсыз түрі мен болымды түрі арасындағы антонимдік қатынас: ал-алма, ат-атма, буз-бузма, кәл-кәлмә, көр-көрмә, таб-табма, чық-чықма, бар-барма, біл-білмә, болур-болмас, қал-қалма, қил-қилма, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі антонимдер негізінен төмендегі сөз таптарынан тұрады:

а) зат есім: ата-ана, көк-йәр, дост-душмән, қызы-оғыл, т. б.

ә) сын есім: ақ-қара, мүшкүл-асан, яхши-яман, т. б.

б) етістік: бәр-ал, сора-да, сүст-сөзлә, тур-олтур, чық-кір, т. б.

в) үстей: аз-көп, күн-түн, қәдім-қазір, т. б.

Сан есім мен есімдіктер антонимдік қарым-қатынаста сирек қолданылады: бир-он, бир-мин, маңа-саңа, мән-сән, өз-өзгә, т. б.

3. 4. 3. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі омонимдер

Тіл білімінде омонимдер туралы екі түрлі көзқарас бар. Дәстүрлі көзқарас бойынша, омонимдерге тек дыбысталуы бірдей, генетикалық жағынан бір-біріне еш қатысы жоқ, құрылымдық үқсастықта ие сөздер жатады. Бұл үқсастық сөздердің дыбыстық өзгерісінен, жаңа сөздердің сырттан қабылдануынан немесе сөзжасам нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Мұндай омонимдерді гетерогендік омонимдер деп атайды. Екінші көзқарас бойынша, омонимдерге о баста шығу тегі бір болған сөздердің мағыналық

дамудың нәтижесінде бір-бірінен семантикалық байланысын мұлдем үзген сөздер жатады. Мұндай омонимдер гомогендік омонимдер деп аталады [30, 136].

Л. А. Новиков омонимге мынадай анықтама береді: “Бұл сырттай үқас белгілермен (лексемалармен) білдірілетін және мәтінде әртүрлі мәнмәтіндік қоршама арқылы сараланатын, іштей байланысы жоқ (уәжделмеген) магыналардың семантикалық қатынасы” [38, 209].

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі омонимдерді негізінен түптөркіні әр басқа сөздердің тарихи өзгерісінің немесе кездейсоқ сөздердің дыбыстыру жағынан сәйкес болып келуінің нәтижесінде пайды болған дейміз. Мысалы: **Ай I.** (“уақыт” мағынасында): Бир нәчә ай анда болуб вілайеттің ішін-күчин зәйт-рәбт қылыб мал-хәражын қәбул қылдурубы даруғә-њакімлар қойуб музәффәр вә мәнсүр өз вілайеттіңгә қайтдылар (40а-3).

Ай II (“іс-қымыл атауы” ретіндегі етістік): Шәйх айды: “Әгер тәфәррүкінә түсәрсән, әгер мәшәққетінә түшәрсән, худай тәъала-ның тәқдірінгә қарә йоқ турур” -теді (41б-14).

Ақ I (сын есім): Алтун босағалы ақ өргәні Сайын ханға салды (38а-17).

Ақ II (етістік): Йожы хан йадыға түшүб көзләріндін йашлар ақытыбы екісігә тәқы көп дуъа-алқышлар қылды (39а-16).

Ат I (етістік): Аны қувалаб атардә атдын йықылыбы бойны сыныбы вәфат болды (37б-11).

Ат II (зат есім): Менің атым Саңғусун (47а-13)

Ат III (зат есім): Атларынгә йәм болсун тәб Хварәэм вілайетіні бәрді (37б-11).

Бар I (етістік): Сән-оқ бар! Мән бармаймән, — тәб атдын філъал түшті, йатды (44б-17).

Бар II (): Бізниң өдә һәм мунуң тәк кіші бар әрді (44б-10).

Йат I (етістік): Қәлқә хәлайықлары һәм йатыбы уқламадылар (40б-9).

Йат II (сын есім): Йат йүртгә баратуурбіз тәб хан болғыл, — тедім (39а-6)

Йаш I (зат есім): Йожы хан йадыға түшүб көзләріндін йашлар ақытыбы екісігә тәқы көп дуъа-алқышлар қылды (39а-16).

Йаш II (зат есім): Сары-Тақы атасыңдың бурун секіз йашла-рыңдағанда (43б-1).

Йаш III (сын есім): Бу Мұң-Темұр йаш әрді (43б-2).

Кәң I (етістік): Бу қазійәләрдің нәчә ыйыллар кәчті (45б-10).

Кәң II (устеу): Һала кәң болды (45а-2).

Қара I (етістік): Мән тефәгә чықайын. Сізләр мундың қараб туруң (42б-13).

Қара II (сын есім): Қара кішігә құл-нәвкәр болуб аңа мутің болғанчә сізләрдің бірінің ханлық талашсаның әрді (47б-15).

Қой I (зат есім): Бір қой әтіні кәлтүрүб тәнурғә асдылар (49а-6).

Қой II (етістік): Өгедәй-ханны өз вілайэтіндә қойды (37б-16).

Қызы I (зат есім): Турагы-хан қызызы зәтығәсіндін туған әрді (37б-16).

Қызы II (етістік): Сөксөк отунлардың ыйғыбы қыздурдылар (48б-19).

Таш I (сынданған зат есім): біз ол Жір-Қутлының қашанәсіғә таш кірпіч қойғандар (38б-13).

Таш II (зат есім): Өзбәг-ханның ішкігә келіб қоруның та-шыдаға олтурууб мұтәвәжжің болдылар (48а-11).

Тон I (зат есім): Бәгләр філқал әлчині алыб қайтдылар, тәқы ат-тон беріб узатдылар (44а-8).

Тон II (етістік): Қолның ічинде бу сәда-йі вә әламәт-і қобды кі, үәр-көк зілзіләгә келді, қулақлар тонды (40б-7).

“Шыңғыс-наме” ескерткішінде төмендегі сөз таптарына тән омонимдік қатарлар кездеседі:

Зат есім — зат есім: йаш “көз жасы” — йаш “адамның жас мөлшері”;

Зат есім — етістік: ат “адам есімі, ат” — ат “бір нәрсені көздеп ату”; ай “уақыт атауы” — ай “сөйлеу”; қыз “қыз бала” — қыз “қыздыру”; тон “күім, шапан” — тон “мұздай, тоңу”, т. б.;

Сын есім — етістік: ақ “нәрсенің ақ түсі” — ақ “агу, тәгілу”; үйат “жат, бөтен” — үйат “жату”; қара “нәрсенің қара түсі” — қара “бір нәрсеге қарау, бір нәрсені көру”;

Үстей — етістік: кәң “кешкі уақыт” — кәң “кешу, өту”, т. б.

3. 5. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінің фразеологиясы

Фразеологизмдер тіл иесі-халықтың (этностың) күллі ғалам, дүние, әлем жайлы ұғым-түсініктерінің, қоршаған ортасы — шыңғыс болмысты қабылдауының, мүшелей тануының, игеруінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты тіл-тілде өзгеше өрілетін, ғаламның тілдік бейнесін жасаітын, әсем де әсерлі сөз өрнектері, метафоралық тілдік композициялар [Сагидолда, 2004. 9]. Мұнда әсіресе кез келген тілдің әр алуан сипаттағы тұрақты сөз тіркестері ішінен “ғасырлар бойы белгілі бір образды ұғымда қалыптасып, поэтизмге айналған фразеологиялық тіркестердің” [39, 286] орны ерекше.

Фразеологизмдерде белгілі бір халықтың тарихи өткен жолдарының кезеңдері, материалдық және рухани мәдениеті, ұлттық әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, діни нағым-сенімі, дүниетанымы көрініс табады [40, 1]. Басқаша айтқанда, “тіл иесі — халықтың басынан өткен өмір шыңғызына сай туган сан-салалы фразеологизмдер әлеуметтік, шаруашылық, діни, т. б. сыртқы факторлар ауанымен пайда болады” [41, 591].

В. М. Мокиенко “Фразеология — тілдің жасарын жасаған ежелгі сөздерін, уақыт пен әдеби норма жарамсыз деп тастаған грамматикалық нысандары мен синтаксистік құрылмаларын сақтап келген асыл қазынасы. Форманы бұзбай сақтау арқылы ол ұлттық әдет-ғұрыптар, нағым-сенімдер, тарихи аңыздар, “әлемнің бейнелі көрінісі” болып табылатын мазмұнды да сақтайды” дейді.

Фразеологияға қатысты зерттеулерде еркін сөз тіркестерінің тұрақты сөз тіркестеріне айналуы да маңызды мәселе болып саналады. Мәселен, тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасу процесін былайша көрсетуге болады: біріншіден, еркін сөз тіркестері сипаттап келген түсініктер көнеріп, қолданыстан шығады; екіншіден, еркін сөз тіркесі метафораланудың нәтижесінде семантикалық түргыдан байиды, кеңейеді; үшіншіден, метафоралық ауыс мағынадағы еркін тіркес ұзақ мерзімдік қолданыс барысында тұрақтанаңып, тиянақтанып, өз бойына ең маңызды элементтерді ғана сақ-

тап, қолданысқа әрдайым даяр түрпатқа енеді; төртіншіден, грамматикалық құрылымы тұрақталған тіркестің өзіне ғана тән фразеологиялық семантикасы, ішкі мазмұны болады [42].

Тіл білімінде фразеологияның зерттеу нысаны шеңберін нақтылау мәселе сі де маңызды. Қазақ тіл білімінде И. Қенесбаев, А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, т. б. ғалымдар фразеологияның аясын “тар” мағынада түсінуді жақтайды болса, Р. Сәрсенбаев, Г. Смағұлова, Н. Үәлиев, Ә. Айтбаев, т. б. орыс фразеологизмдерін фразеологиялық тұтастық (идиом), фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тізбек деп үшке бөлген В. В. Виноградовтың мағыналық топтауына төртінші етіп фразеологиялық сөйлемшелерді қосқан Н. М. Шанскийдің топтастыруына [43, 27] негіздел, қазақ мақал-мәтеддерін, нақыл сөздерді де фразеологияның обьектісі етуді ұсынады. Қазақ тіл білімінде түркі жазба ескерткіштері фразеологиясы Р. Сыздық, Б. Әбілқасымов, М. Сабыр зерттеулерінде сөз болып келеді.

“Шыңғыс-наме” ескерткіш тілінде жиырмага жуық тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Олардың мұншалықты аз болуын ескерткіштің тарихи шежірелік сипатымен түсіндіруге болады. Ескерткіш фразеологиясы құрамында араб-парсы кірме сөздерінің қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер де, таза түркі сөздері үйіткі болған тұрақты тіркестер де кездесіп жатады. Мысалы, вафат болмақ, аләмдин кәтмәк, әқл тәразусығә мувазінә қылмақ, ňөкм қылмақ, дүниағә кәлмәк, т. б. фразеологизмдер құрамында араб-парсы сөздері орын алатын болса, баш көтәрмәк, бойын сұнбақ, қол алмақ, ант ічмәк, ат салмақ, көз йұммақ, т. б. фразеологизмдер таза түркі сөздерінің тіркесуінен жасалады. Фразеологизмдердің тірек компоненті ретінде йол, көңүл, қара, ат, т. б. сөздері, баш, көз, бойын, қол, т. б. соматизмдер жиі кездеседі. Мысалы: шәйттан йолығә кіріб, йолдын чықармақ, көнді бузулуб, көнді өсүб, көнді фәрішан болмақ, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіш тіліндегі фразеологиялық тіркестерді сөз табына қатыстырыбы (шартты түрде) түргысынан қарастырығанда, есім сөздердің тіркесуінен жасалған фразеологизмдердің мұлдем аз екендігі, көбі зат есім мен етістіктен құралатыны байkalады.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінде мәнмәтіндік антоним фразеологизмдер кездесіп жатады. Мысалы: көз йұмди, вәфат болмақ фразеологизмдерінің антонимі ретінде дунияға кәлмек фразеологизмін көрсетуге болады.

Қорыта айтқанда, “Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі фразеологизмдер құрамы мен білдіретін мән-мағынасы жағынан жалпыхалықтық тілден алшақ кетпегені байқалады. Олар түрпат меже және мазмұн меже тұргысынан қазіргі түркі тілдері фразеологиямдерімен бірдей болып жатады.

3. 6. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілі лексикасы мен қазіргі қазақ, ұйғыр сөздері арасындағы сабактастық

Қазіргі қазақ және ұйғыр тілдері сөздік құрамдарында екі тілдің генетикалық туыстырының белгісі ретінде танылатын, жалпытүркілік ортақ қорға барып саятын сөздер баршылық. Орхон-Енисей сына жазуларында таңбаланып, ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері тілінде сақталып, бүгінгі үрпақта жеткен, азды-көпті дыбыстық өзгешеліктермен келетін ортақ лексика қазіргі түркі тілдерінің әрқайсының негізгі сөздік қорының үйіткышы. Тарихи жазба ескерткіштер тіліндегі жалпытүркілік ортақ сөздерді қазіргі түркі тілдерінің әрқайсысындағы дыбыстық варианттарымен салыстыра зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінің лексикасын қазіргі қазақ, ұйғыр сөздерімен салыстырғанда, олардың көбі тұлға-түрпат, мағына тұргысынан дәлме-дәл сәйкесетіні, қайсыбір сөздерде аздаған дыбыстық өзгерістердің орын алатыны байқалады. Мәселен, туыстық атаулар, адамның дene мүшелерінің аттары, зоонимдер, түр-түсті білдіретін сөздер, жалпыхалықтық географиялық терминология, табиғат құбылыстарына қатысты сөздер, іс-әрекет, қимылды білдіретін сөздер, т. б. ескерткіш тілінде, қазіргі қазақ және ұйғыр тілдерінде негізінен бірдей болып келеді:

“Шыңғыс-наме”	Қазақ тілінде	Үйғыр тілінде
ана	ана	ана
ага	ага	ака
ата	ата	дада
әйал	әйел	аял
іні	іні	ини, ука
қыз	қыз	қиз
йігән	жиен	жийән
қарындаш	қарындаш	қериндаш
нәбәрә	немере	нәврә
оғлан	ұл	оғул, оғлан
фәрзәнд	перзент	пәрзәнт
баш	бас	баш
қулақ	құлақ	қулақ
көз	көз	көз
ағыз	ауыз	ағыз
айақ	аяқ	аяқ
бойнұн	мойын	боюн
бәт	бет	бәт
йүз	жүз	йуз
сач	шааш	чач
ат	ат	ат
айғыр	айғыр	айғир
байтал	байтал	байтал
йылқы	жылқы	илқа
қой	қой	қой
йәр	жер	йәр
су	су	су
дәрія	дария	дәрия
қызыл	қызыл	қызыл
ақ	ақ	ақ
қара	қара	қара
кәт	кет	кәт
кәл, т. б.	кел, т. б.	кел, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінде қазіргі қазақ тілінде кездеспейтін, ал үйғыр тілінде сақталған біршама сөздер орын алады. Мысалы: ушбу “осы”, құрт-у құш “аң-құс”, әйлә- “істе”, бірлә “мен”, кечә “тұн”, т. б.

“Шыңғыс-наме” ескерткіші тіліндегі біраз түркі сөздері дыбысталуы жағынан қазіргі қазақ тіліндегі сөздерден өзгешелеу болып келеді. Мысалы: сөзлә (қаз. сөйле), іч-таш (қаз. іші-тысы), сора- (қаз. сұра-), арқа (қаз. арты).

Корыта айтқанда, “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінің сөздік құрамының түркілік қабатын құраушы жалпытүркілік лексика қазіргі қазақ және үйғыр тілдеріндегі таза түркілік сөздермен мазмұн және түрпат меже тұрғысынан негізінен бірдей болып келеді. Эйтсе де бұл сөздер әр тілдің тарихи дамуына байланысты азды-көпті дыбыстық өзгерістерге ұшырағаны сөзсіз. Ескерткіш тіліндегі араб-парсы сөздерінің біразы қазіргі қазақ және үйғыр тілдерінде кездеседі. Оларда да қазақ және үйғыр тілдерінің әрқайсысының дыбыстық заңдылығына сай фонетикалық ерекшеліктер орын алады.

*IV таралу. “ШЫҢҒЫС-НАМЕ” ЕСКЕРТКІШІ
ТІЛІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ*

4. 1. “Шыңғыс-наме” тілінің есімдер сөзжасамы

Зат есімдер мен сын есімдерге ортақ сөзжасам жүрнақтары қатарына өнімді **-лық | -лук | -ліг | -лік** қосымшалары жатады.

Зат есімдердің жасалуы:

Ханлық, қуллуқ, нәвкәрлік, бәркіліг, мәзбутлық, падшалық, біліклік, бағлық, хәстәлік, көрлүк, әмгәлік, йарлық, аталақ.

“Сенің ханлықтың мән чыдартмән. Эммә менің ханлығымға сән чыдымассән”, – теді (121)*. “Нәр нә бабамыз йарлығы болса, аның бірлә болалы” (121). “... й фәрзәндә! Худай таъаланың әмрі андағ болді кім, сән барыб аталарның үйреткендә падшалығыны қылғыл!” , – теді (125). “... Кырым вілайетіндә Қырық-Йәрі тәгән хәра афәрін бәрк қәлъә бар тураң кім, аның бәркілігі вә мәзбутлықы аләмдә мәшкүр турур” (123). “... Тогрул өзі хәстәлікдің өлді. Келін-Бәйалын атлығ Тогрулның зәйіфесі бар әрді, көрлүк әрді” (129). “Вә тәқы ханның аталақы әрді” (130). “Чүн сізләр қара кішнің қуллуқыны — нәвкәрлікін қабул қылдының әрсә, мән һәм сізләрні қара кішігә қошун берәйін” (132).

* Жақша ішіндеңгі цифр “Шыңғыс-наменің” 1992 ж. басылымының бетін көрсетеді. Ред.

Есім сөзжасамында **-лық** қосымшасымен қатар оның **-лы** толық емес тұлғасы да қолданылады: атлы, тоңлы, чақлы, отлаглы, сулағлы.

“Үн іштілүр чақлы йәрдә өркүннің йаңында алыб йүргүсүнләр” (142). “Тохтамыш-оғлан Үрүс-ханың өлгөнін білмәй қалыб Көкәдәй-Йісбуға тегән йаҳшы отлаглы-сулағлы йәрләр болур, ол йәргә бардылар” (143). “Бізләр һәм атлы-тоңлы болур әрдүк”, — теді (144).

Бұл аффикс көне түркі, ортағасырлық және қазіргі түркі тілдерінде өнімді қосымша болып саналады. “Шыңғыс-наме” тілінде оның қатысуымен жасалған туынды сөздердің әртүрлі қатарлары орын алады:

1) дерексіз үгымды білдіретін сөздер: біліккік, көрлүк;

2) қалып-күйді білдіретін сөздер: хәстәлық, мәзбутлық;

3) әлеуметтік мән арқалаған сөздер: ханлық, падшалығ, қуллуқ, нәвкәрлік;

4) нақты мақсатқа арналған сөздер: йарлық, атальық.

-лы форманты зат есім сөздерге жалғанып, “бірдеңенің бар екенін, бір нәрсенің біреуге тән екенін” білдіретін мағынадағы син есімдерді тудырады:

Отағлы — өрістің барлығын (өрісті, отты), сулағлы — судың барлығын (сұлы), атлы — аты бар (атты), тоңлы — тоны бар (тонды), (йалаң) йүзлі — (сақалсыз) жүзді, йосақлы (сөз) — занды (жасақта көрсетілген сөз).

-чи, -чі, -чә, -чу аффиксі зат есімдерге жалғанып, кәсіптің түрін және оның иесін білдіреді, **-чи** аффиксінің семантикалық мүмкіндігі кеңеңей беруінің нәтижесінде алғашқы қарапайым қатынас біртінделеп күрделілене түседі [44, 215]. “Шыңғыс-намеде” **-чи** жүронағының көмегімен жасалған сөздер сирек те болса кездеседі: ундәкчі, әлчі, атгучу, севінчә, қарақчы.

“Иәнә бірсі алб, атгучу, баһадур әрді” (137). “... аз фұрсатдің соң Қара-Ногайға үндәкчі кәлдә кім ...” (137). “Бір вақтдә тубхандын әлчіләр кәлді” (127). “Ол Сәмәй Жаны-бәг-хан зәманында қарақчылық қылур әрді” (135). Бұл жүронақтардың туынды етістік негіздерге жалғанып, атгучу сияқты кәсіп түрін білдіретін зат есім жасайтынын жоғарыдағы мысалдардан байқауға болады.

Көне түркі және шағатай дәүірлеріндегі жазба ескерткіштер тілінде сөздер құрамындағы **-даш** жүрнағы “біргелікті, бір нәрсе-

ге қатыстылықты” білдіреді. “Құтадғу білікте” бұл жүрнақ адаш, колдаш, қарындаш деген үш сөздің құрамында, ал “Шыңғыс-намеде” тек **қарындаш** сөзінің құрамында кездеседі. Мысалы: “... андын соң барча қарындашларынға әл-күн беріб йәр-йұрытлар тәйійін қылды” (123). “Қарындашымыз ханны нәчүк көрдүң вә нә түрлүк кіші туур?” (128). “... өз қарындашларын тәқы өз нәслін барчасын қырды” (129). Бұл жүрнақтың шығу төркіні туралы түркітануда бірыңғай пікір жоқ. Ғалымдардың көбі оның **-да** септік жалғауынан және етіс жасаушы **-ш** жүрнағынан шыққандығын айтса, кейбіреулер оны парсы тілінен енген деп біледі [44, 147].

Парсы тілінен енген өнімсіз сөзжасам жүрнақтары қатарына **-дар**, **-вар** жатады: үмідвар, қәләндәр, диндар, меңмандар.

Зат есімнен сын есім тудыратын бұл жүрнақтардың орнына кейде **-лік** жүрнағы жүреді: үмідвар — үмідлік. “Бу башлаб атланғай тәб үмідвар әрдүк” (144). “Сені ілгәрү үмідлік йахшы кіші көрүнә туур ән” (144).

Өте жиі кездесетін оғул сөзіне **-ан** жүрнағының жалғануынан оғлан сөзі жасалады. Егер оғул сөзі “ұл, бозбала” мағынасын білдіретін болса, оғлан “жауынгер, мұрагер, ұл” деген мағынада қолданылады: “Вә бу вілайётләрні төрт-бәш оғлыға бәхшіш қылды” (120). “Әммә Йокы-хан барча оғланларындың улуғрақ әрді” (120). “Қылыш чабқан, йорт ачған Ар-Шәйбанның оғланлары дур” (121).

Зат есімдер етістік негіздерден мынадай жүрнақтардың көмегімен жасалады:

-уш, -ыш, -ыш: көрүнүш, уруш, үйрүш, үүгүрүш, үарыш: “Бір қәррәт-қ көрүнүш қылдым... Ол көрүнүшдә сізniң саламәтлігіңізni сорды” (128). “Нәчә үйиллар қабаб уруш салдылар, ала білмәділәр”. “Қәлқә хәлайықлары сәрасәр, аң-таң болуб қәр сару” (123). “Оң қолдың үйрүтіб өзінгә йанаша олтурууб үарыш сундуруды” (144).

-ақ: қышлақ, тузлақ: “Теніз-Буга-йі мәзкүрнің қышлақы дайім Сыр бойыда болур әрді” (136). “Дәріаны Басғұнчақ тузлақының бейік тебетәк тағы бар туур ...” (128).

-гә: білгә: “Бу жәнәтдің қаынлар бірлә білгеләріні бақтурдылар” (124).

-мақ, -мәк. “Шыңғыс-наме” тілінде -мақ инфинитив тұлғасы зат есім мәнінде жиі жүмсалады: “Аңа утру چықыб урушмақымыз мәсләйет болмагай”, — теділәр” (125). “Ол қалдә сөзләмәкні бәс қылғайсыз” (127).

Зат есімдерден сын есімдердің жасалуы

Өнімді **-лық** жүрнағы және оның қысқарған тұлғасы ретінде. **-лы** — зат есім мен сын есім сөзжасамдарына ортақ қосымшалар. “Лық аффиксі бір нәрсені иемденуді білдіреді және заттың немесе жақтың белгілі бір орынға тәуелділігін білдіру мақсатында қолданылады” [44, 217]. “Тұркі тілдерінде қатыстық сын есім тудыратын арнайы морфологиялық көрсеткіштердің тарихи қалыптарасын белгілі. Оларға тән мағынаны тілдік басқа құралдар да бере алады: атрибуттық қызыметтегі (изафет) зат есімдер, меншіктенуді білдіретін **-лу** тұлғасы, ... нақты мақсатқа арналған дықты білдіретін тұлғалар” [44, 219]. “Шыңғыс-наме” тілінде туынды сын есімдердің **-лик**, **-ли**, **-сиз** жүрнақтары кездеседі: “Бізниң өзбәг таіфсіндә һәр кі, омақлы әл кі, бар турур, барчасындын анда бар турур” (124). “Йосақлы ағам турғандә маңа нә охшар кі хан болгаймән” (121). “Алтун босагалы ақ өргені Сайын ханғә салды, күмүш босагалы ақ өргені Ежәнгә салды, болат босагалы боз орданы Шәйбанғә салды” (121). “... екі бағлығ әлні бізгә бәрді ...” (121). “Үч күнлүк йәрдін ылғал салыб бі хәбер үатған ләшкәрінің іçінгә ініб кәлді” (123). “Андын соң Шәйбанхан кі келіб көрүнгешләр қылды ерсә, көп түрлік інайәт вә шәфкәтләр қылыш әтті” (123).

Ескерткіш тілінде өнімсіз **-ін**, **-ға**, **-лақ** сияқты жүрнақтардың қатысуымен жасалған бірен-саран сөздер кездеседі: әркін ямғур, йорға ат, қышлақ. “Теніз-Буга-йі мәзкурнің қышлақы дайим Сыр бойыда болуп әрді” (137).

Ескерткіш тілінде “сөз негізі көрсететін нәрсенің жоқ екенін” білдіретін **-сыз** жүрнағының қатысуымен қесабсыз, һақасыз, үй-

қусызы, қылычсыз сөздері жасалған. “... Һулагұ-ханғә елчі йібәрділәр, қылычсыз гылаф, йақасыз көңлек йібәрділәр ...” (124). “Кәлкә хәлайықлары уйқусызлықтын хәраб болур әрді” (124).

“Шыңғыс-намеде” парсы тілінен енген **-бі** сөз алды қосымшасы да түркілік **-сыз** жүргенде сияқты “бір нәрсенің жоқтығын” білдіреді: біәдәбліг, бінесаб, біділлік, біәқл, бінөрмәтлік, бітақет, бімуланызә. “Келін-Бәйалын білдікі, нә жәнәтдің бітақет бола турур” (130). “Бу бәгләр йәнә біділлік қыла башлады” (126). “Ол бідәвләт һәм муның сөзігә кіріб өлтүрүр әрді” (135). “Ол тақы бінөрмәтлік қылыб аңа Тәң-галідә орун берді” (143).

-бі кірме сөз алды қосымшасы кірме **-на** сөз алды қосымшасымен қатар жұмысалады: наңәққ. “Әгер буарның діні наңәққ болса” (133).

Сын есімнің салыстырмалы түрі

“Шыңғыс-наме” тілінде сын есімнің салыстырмалы түрі негізге **-рақ** қосымшасы жалғану арқылы жасалады. Бұл тұлғаны Махмұт Қашқары “Диуанида” атаганымен, “Диуани” тілін зерттеушілер оған мысалдар таба алмады. Ал “Шыңғыс-наме” тілінде **-рақ** тұлғалы салыстыру барышының: бурунрақ, дурустрақы, көпрекі, қәбінрақ, йахшырақ: “... аңдын бурунрақ Кенәгәс Құған оғлы Дәрвішәк-мірзаны Чығатай падшаыларынғә әлчі йібәріб әрді” (141). “Біз һәм біргә өлгөніміз йахшырақ дегілму?” (143). “Үрүк Темір мірзадын соңырақ келур әрді” (141). “Бәъзіләр бу ңекайэтні бір түрлік қәбінрақ айтурлар” (128).

Салыстырудың күшейтпелі түрі **-дін** аффиксінің көмегімен жасалады: “Менің сәндін йашғә улуғ екәнім раст” (121). Салыстырудың өзге түрлері “Шыңғыс-наме” тілінде кездеспейді.

Тәуелдік тұлғалары

“Шыңғыс-наме” тілінде тәуелдік мынадай қосымшалардың көмегімен жасалады:

1-жак **(i)m, -ым, -ум, -іміз, -мыз**

2-жак **-иң, -ың, -іңіз, -ыңыз, -үңіз**

3-жак **-і, -ы, -сі, -сы.**

“Атам орунға ағам сән” (121). “Әмма атамыз сені бісійар сүйіп әрді” (121). “Сенің ханлықыңға мән чыдармән. Әмма менің ханлығымға сән чыдыымассән” (121). “Әтәб ағасыға көп тәкліф қылды” (121). “Мән һәм сөзүмні әрз қылайын. ... сіз һәм сөзүнізіні әрз қылыныңыз” (121). “... Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар” (121). “... оғланлары дур, -теб екі бағлығ әлні бізгә бәрді” (121).

Көптік тұлғалары

Көптік тұлғалары **-лар, -ләр** қосымшаларының көмегімен жасалады:

“Йәнә он йеті оғул кім өзгә зәзығеләріндін болуб әрді” (121). “Булар кі ханның хіэмәтігә йетіштіләр” (121). “Сіzlәрнің атала-рыңызға теләгән һәм салмады” (121). “Бір бөләк марал-кейікләр йолуқды” (120).

Көне түркі тілінде көптік тұлғасы **-ан** қосымшасы арқылы жасалатыны аталауды. Бұл аффикс оғул және әр сөздеріне жалғанған: оғул — ұл, оғлан — балалар; әр — ер адам, әрән — ерлер. “Шыңғыс-наме” тілінде оғул және оғлан тұлғаларының екеуі де кездеседі. Бірақ мұнда **-ан** қосымшасы өзінің көптік мағынасын жоғалтып, сөзге әлеуметтік мән үстемелейтін сөзжасам жүрнақтары қатарына өтеді. Оғлан сөзі **-лар** жүрнағының көмегімен көптік сипатқа ие болады: “Әммә Йожы-хан барчә оғланларындың улуғ-рақ әрді” (120). “Үч йәрдә Шәйбан-хан оғланлары Тохтамыш-хан білә Темүр-Күттілі вә Урус-хан оғланларыға фәхр қылыб мақтанурлар ...” (121).

Оғул және оғлан сөздерінің қолданысында да өзгешелік бар. Оғул сөзіне **-лар** жүрнағы жалғанбайды, оған көптік мән сан есімдердің көмегі арқылы үстемеленеді. Мысалы: “Бір анадан туған екі оғул вә өзгә анадын туған он йеті оғул барчасы қошуулуб Улуғ-хан көрүнүшігә бардылар” (121).

-лар аффиксі “ұлдар” мағынасындағы да, “жауынгерлер” мағынасындағы да оғлан сөзіне жалғанады: “Ол кім Сайын-хан

оғланлары Бердібек-хандә тәмам болды ерсә, Жанбек-ханның анасы Таї-Дуалы-бегім: “Әмді йұрыт тәқы ханлық Шәйбан-хан оғланларыға тегәр ...” (121).

Сан есім

“Шыңғыс-наме” тілінде сан есімнің есептік, реттік, жинақтық, жуықтық түрлері орын алады.

Есептік сан есімдер:

Бір: бірі карлық, бірі-бәйрәк (121)

Екі: екі бағлық әлні бізгә бәрді (121)

Үч: үч күнлүк йәрдін (122)

Секіз: секіз кішіні (125)

Сәксән: сәксән йашында (130)

Он мың: он мың қыйыат (123)

Отуз мың: отуз мың кіші (123)

Он үч: он үч йыл (127)

Он бәш: он бәш күн (125)

Мің: мің өйгә (125)

Мің бәш йұз: мің бәш йұз (125)

Реттік сан есімдер -нчі аффиксінің көмегімен жасалады: екінчі: екінчі қарастырған; екінчі навбәт; төртінчі: төртінчі йыл.

Жинақтық сан есімдер -сі аффиксінің көмегімен жасалады: екісі: Қара-Нофай екісі (139); екісігә: екісігә тәқы көп дұя ... ғылды (122); бірі-бірсі (133).

Нәрсенің санын ***жуықтап***, ***шамалап*** білдіруде екі есептік сан есім тіркесе қолданылады, мұнда көп саның алдына аз сан қосылады: Екі-үч күн (140); тоқсан йашар әрдә (129); бір-екі ңекайэт (127); төрт-бәш оғлыға (120).

Есімдіктер

“Шыңғыс-наме” тілінде жіктеу, сілтеу, өздік, сұрау, жалпылау, белгісіздік есімдіктері орын алады.

Жіктеу есімдігі

Мән біз

Сән

Сіз сізләр

Ол улар

Мән ... әрз қылайын (121)

Сән хан болқыл (121)

Сіз ... хәстә болур әрдіз (130)

Ол йібні тартды (128)

Біз сізләрдін артуқ турур біз (121)

Сізләр маңа ынанмай турурсіз (125)

Улар айдылар (125).

Жіктеу есімдігінің септелуі

Жекеше:	Мән	сән	сіз	ол
	Мені	сені	сізні	аны
	Менің	сенің	сіznің	аның
	Мәндін	сәндін	-	-
	Маңа	саңа	сізгә	аңа
Көпше:	Біз	бізләр	сізләр	улар
	Бізні	бізләрні	сізләрні	сізләні
	Бізнің	-	сізләрдін	-
	Біздін	-	сізләрнің	-
	Бізгә		сізләрге	

Жіктеу есімдігінің I жақ көпше түрі **біз** және **бізләр** деген екі тұлғада кездеседі. Ал ескерткіш тілінде көпше III жақ **улар** есімдігінің септелуі орын алмаған.

Сілтеу есімдігі

“Шыңғыс-наме” тілінде сілтеу есімдігінің **бу** және **ол, андақ** деген тұлғалары кездеседі.

Ол кішіні (131), ол ынада (127), ол зағіфә (139), ол хан (128), ол мәңелдә (139), бу йрақдын (128), бу бәдбәхт (134), бу Бәрдібәг (135),

Андағ інайәт — шәфқәтләр (120)

Бу есімдігі көпшеленеді және кейбір септік тұлғаларымен көмкөріледі: булар, буларны, буларның, буларға, булардын.

Булар йаман кішләр болур. Буларны сөйләмәк керәкмәз (133); ... булардын бір кіші кіргәй (133); ... буларның арасында нә түрлік мажәралар қәтті ... (119); ... буларға бісійар жәфалар ... гылурлар әрді (136); мунуң көзүнчә (127).

Өздік есімдігі

“Шыңғыс-наме” тілінде **өз** тұлғасында келген өздік есімдігі тәуелденеді, көпшеленеді және септеледі: өзүмні, өзімгә, өзүмдін, өзләрігә, өзінгә. Мысалы: өзүмдін соң (130), өзідін бурун (130), өзігә мусәххәр қылды (130), өзінің қарындашлары (135), өзләрігә шәйх біліб (133).

Жалпылау есімдігі

“Шыңғыс-наме” тілінде жалпылау есімдігінің **барча** тұлғасы кездеседі: барча бу саңір (133), барчасын ішітмәк (120), барчасыны кәлтүрүб чәкділәр (122).

Белгісіздік есімдігі

“Шыңғыс-наме” тілінде белгісіздік есімдігі **бір** санының қомегімен жасалады: бу бір дәфъә сөз (122), бір нәчә ай (123), бір күн (125), бір мусулман заңы (125).

Сұрау есімдіктерінен шығарма тілінде **кім, нә, нәчә, қачан, қайсы** тұлғалары кездеседі: Нәчә күн (126). Нә ын болды? (123). Нә іш бірлі (119). Қайсымыз кірәрбіз? (133). Қачан қарый башласаң? (135). Қайсыңызыңың діні? (133). Кім хан болды? (119). Кімләр хан бола кәлділәр? (119).

Есімдердің септелуі

Түркілік септік жүйесі қазіргі кезде талас тудырып отырған өзекті мәселелер қатарына жатады, сондықтан да оған айрықша мән берілуде. Қазіргі түркі тілдерінде септеу парадигмасы біркелкі

емес. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде 7 септік, өзбек тілінде 6 септік, татар тілінде 10 септік бар.

Кеңестік дәүірде түркі тілдері септік жүйесін қарастыруда орыс тілінің септік жүйесі негізге алынды. Жазба ескерткіштерде көрініс тапқан көне түркілік септеу жүйесінде зерттеушілер 9 септік бар екенін айтады.

Тілдің тарихи дамуының барысында кейбір сөз таптары біртіндеп өздеріне тән грамматикалық ерекшеліктерінен айырылып, форма тудыруышы қосымшаларға айналғаны белгілі. Мәселен, **-тәг/-тәк/-дәк**. Үстеге **тәг** өзінің әу бастағы дәрбес грамматикалық қасиетін жоғалтып, ұқсату септігі жалғауы қатарына өткен. Н. Э. Гаджиева салыстыру септігінің **-ча** тұлғасы мен барыс-бағыт септігі тұлғасы **-ча** қосымшаларының қазіргі үйір тілінде **-гача** түрінде сақталғанын, сондай-ақ **-ча** септік жалғауы қазіргі үйір тілі диалектісіндегі ұқсасу, жақындау мәніндегі **-ча-ға** ба-рып саятынын айтады [45, 275] **-ча** септік жалғауы “Шыңғыс-наме” ескерткіш тілінде де кездеседі.

“Шыңғыс-наме” ескерткіш тілінде жалпы қабылданған алты септіктік парадигманың сыртында септіктің салыстыру, ұқсату тұлғалары, сонымен қатар орын және нышан-белгі септіктері бар.

Атау септігінің морфологиялық көрсеткіш болмайды.

Ілік септігі **-ның, -нің, -нуң** жалғаулары арқылы жасалады: Мамайның ләшкәрі (144), мунун сөзігә кіріб (135), ләшкәрнің оны-соны йетүщі (126).

Табыс септігінің **-ны, -ни** жалғаулары орын алады: сөзүмні әрз қылмайын (121), Хыэр-ханны ... хан қылды (121).

Шағатай дәүіріндегі ескерткіштер тілінде табыс септігі жинақталып, бірізділікке түскені байқалады, оларда табыстың **-ны** жалғауынан басқа көрсеткіштері кездеспейді.

Бағытты білдіретін барыс септігі **-ға, -ға** аффикстері көмегімен жасалады: Қыйат Ысатайға ... бәрді (121). Маңа нә охшар (121). Қашанәсіғә таш кірпіч қойғандә (121). Элні бізгә бәрді (121).

Шыңғыс септігі **-дың, -дің** жалғауларымен келеді.

Негізгі мағыналары:

1) таза шыңғыс мәнде жұмсалады. Мысалы: мәсжідін йәнә

өйгө бармады (135). Біздін бір мәғләт ... ішітді (135). ... тәб тәнурдың чықды (134).

2) себеп мәнді білдіреді. Мысалы: Бу сәвәдін аңа Қәркін-Көтән-хан тәрләр (135). Аның жәнәтіндін хан ... аны өлтүрүб әрді (135).

3) мезгіл мән арқалайды. Мысалы: Бәрдібәг-ханның падша-лықызының үч йыл өтді (137). Аңдын соң йәнә сөйбет дәркәрд болды (137).

Орын және мезгіл септігінің **-да** морфологиялық тұлғасы негізінен посесивті **-ында**, **-иңда** көрсеткіштері құрамында көрініс береді.

Мезгіл мәнде:

Ол мәнелдә Шайбан-хан нәслідін ... тәрләр әрді (136). ... күзнүң башында хан жәстә болды (136). ... бір мәнелдә қыш чілләсі әрді (136).

Орын мағынасында:

Орда ічиндә кі өтәк күйін қобсай башласа ... (136). Бу оғлан-лар арасынды екі кіші бар әрді (137). Дайым Сыр бойыды болур әрді (136). Сарай вілайәтіндә хан қылды (136).

“Шыңғыс-наме” ескерткіш тілінде **-дақы** тұлғалы орын және нышан-белгі септігін, **-тәк** тұлғалы ұқсату септігін бөліп көрсетуге болады. Орын және нышан-белгі септігінің көрсеткіштері **-дақы**/ **-дәкі** кейде **-лақы** көрсеткішімен алмастырылады.

Орын мағынасында:

Тәбә башындақы бір кішідін (126). Олтебәдәкі кіші (126). Қасындақы чөрәләрі (128). Йақындақы әлләр (142). Теніз-Буга-ның ішкіндәкі (136).

Мезгіл мағынасында:

Құндәкі дәстүрчә (136). ... тақы таңлақы көрүнүшдә барчамызыны қырарлар (137).

Ұқсату септігі.

Морфологиялық көрсеткіш **-тәк** кейде “тәрізді, сияқты” мағынасындағы жеке сөз қызметінде жұмысалады, бірақ өзінің алдындағы сөзбен қосылып, бірге жазылады. **Тәк** үстөуі тұлға жасайтын аффикстер қатарына өтіп, өзінің дербестігін жоғалтады.

Мунуңтәк қаракатлар (139). Күндәкітәк чеңрәсі (138). Бейік тебәтәк (128). Күндәкітәк хан мәжлис арастә қылды (133).

“Шыңғыс-намеде” салыстырмалы септік көрсетілгенімен, оның тұлғасы өте сирек қолданылады: шахчә-шахча сулар; шахчә су (126).

4. 2. “Шыңғыс-наме” тіліндегі етістіктер

Етістіктер басқа сөз таптарына қараганда өте күрделі. Етістікке тән негізгі белгілерді айқындау барысында оның семантикалық ауқымының кеңдігіне, тұлғалық көрсеткіштерінің әр алудығына көз жеткізуге болады.

Етістік басқа сөз таптарынан мынадай белгілер бойынша ажыратылады:

1. Іс-әрекетті, процесті білдіру — етістіктің ең басты белгісі. Етістіктің синтаксистік мүмкіндігінің молдығы оның осы қасиетіне негізделеді: ол — сөйлемді үйімдастыруши, құруши. Ол предикативтік мағынасының арқасында жеке тұрып та сөйлем жасауга қабілетті.

2. Етістіктің өзіне ғана тән аффикстерінің болуы оны басқа сөз таптарынан ажырататын екінші бір белгісі:

- а) болымсыздық формалары;
- ә) шартты рай формалары;
- б) есімше формалары;
- в) көсемше формалары;
- г) етіс формалары;
- ғ) түйік рай формалары (-мақ/-мәк және -ш/-ши, -ш/-үш тұлғалы іс-әрекет, қимыл атаулары).

3. Етістік басқа сөз таптарынан өзінің семантикалық құрылымының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Онда болымды және болымсыздық, салт және сабактылық, рай (бүйірік, шартты, қалау), жақ және шақ категориялары бар.

Сонымен, етістіктің мағыналық (семантикалық) құрылымының ауқымдылығы және осы мағынаның грамматикалық көрінісі болып табылатын морфологиялық элементтердің әр алудығы,

сондай-ақ іс-әрекет, қымылдың, процестің лексикалық мағынасы сияқтылар тұтасып келіп, етістік категориясына тән релеванттық белгілерді құрайды.

Етістік — іс-әрекет, қымылды, процесті және сол қымыл, іс-әрекеттің қалып-күйін, өтуін білдіретін, етіс, жақ, шақ, салт және сабақтылық, болымды және болымсыздық категориялары бар, осы семантикалық категорияларды грамматикалық түрғыдан білдіретін арнайы морфологиялық көрсеткіштерге ие және сөйлемнің синтаксистік ерекшелігін айқындаітын сөз табы.

Тұркі тілдерінің етістік жүйесі тарихи түрғыдан біршама терең зерттелді. Зерттеулерде тұркі тілдеріндегі етістіктің шақтарының көбі есімшелер мен есім тұлғаларына барып саятындығы айтылады. Дегенмен, бірқатар шақ формаларының негізінде көсемше де жатады. Мәселен, -а (-ә, -й) және -п (варианттарымен) көсемшелерінің көмегімен етістіктің шақтары жасалады: “созылмалы” осы шақ, кейде оны “ауыспалы” осы шақ деп те атайды. Себебі оның тұлғалары осы, өткен және келер шақтың қай-қайсысын да білдіруге қабілетті (негізінен осы шақ істің азғана бұрын басталғанын және әлі де біраз жалғасатынын білдіреді). Мысалы: көзіні ғубар тутти фирақіда йіглау (“көп жылагандықтан көзі қарауытты”). Әмди сізләр бірлә біз бір шәрт қылалы (126-42а)* — (“Енді біз сізben бірге бір шарт жасаймыз”). Қабул қылмады әрсә, айды: “Болмаса бір іш қылалы” (121-38а). (“Егер қабыл етпесе, деді (ол), бір іс бастауымыз керек”). Ескерткіш тіліндегі йіглау, шәрт қылалы, іш қылалы, баралы көсемшелері қазіргі қазақ тілінде жылап (стилистикалық түрғыдан жылай-жылай деген дәлірек болады), қылайық, барайық (кейбір жерлерде баралы) түрінде қолданылады, яғни ескерткіштегі көсемше тұлғаларының қазіргі қазақ тілімен жақын байланысы бар екені байқалады. Ұйғыр тілі үшін де жоғарыдағы шақ формалары тым алшақ кетпейді. Мұнда да жиғлап, шәрт қилайли (немесе қилайлук, кейбір диалектілерде қилили) түрінде кездеседі.

* Жақша ішіндегі цифrlардың бастапқысы “Шыңғыс-наменің” 1992 ж. басылымының бетін, соңғысы ескерткіш мәтінінің бетін көрсетеді. Ред.

Көсемшенің -п (-ып) тұлғасының көмегімен қазіргі қазақ, үйғыр, өзбек тілдерінде шағатай тіліндегі етістіктерге үқсас форма жасалады, шағатай тіліндегі алыпмын етістігіне перфекті алғанмын сәйкеседі.

Етістіктің формаларын тарихи тұргыдан зерттеуде көбіне Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” сияқты шағатай тілінде жазылған ескерткіштердегі етістіктер мысалға алынады. Н. К. Дмитриев, Н. А. Басқаков сияқты түркітанушылардың айтуынша, шағатай тіліндегі етістіктің жіктік тұлғаларының көбінің түптөркіні есімшелерге, көсемшелерге және іс-қымыл атауларына барып сайды. Ескі түркі тілдеріндегі, соның ішінде шағатай тіліндегі етістік тұлғаларының басым көпшілігі есімшелер мен атаулық тұлғалардан туындағаны талас тудырмайды, әйтсе де кейбір шақ тұлғаларының негізінде көсемшесінде жатады. Мәселен, жоғарыдағы алып көсемшесінің алыт іс-қымылсының “тарихи” атауынан жасалғаны оның алып келді дегендегі синтаксистік қызыметімен дәйектеледі. Ал **-а, -ә, -и** көсемшелері алғашында осы шақ есімшесі мәнін білдіруі ықтимал.

4. 2. 1. Негіз етістіктер және туынды етістіктер

Түркі тілдерінің базистік лексикасын зерттеген ғалымдар онда қазіргі түркі тілдерінің тарихи даму жолдары тоғысатын түркі тілдері ортақтастыры қалыптасуының бастау-арналары көрініс тапқандығын айтады.

Түркі етістіктерінің базистік негізін осы категорияның ең қарапайым, ең маңызды элементі болып табылатын түбір құрайды. Бұл көне тілдік элементсіз қазіргі түркі тілдерінің генетикалық туыстыры туралы сөз қозғау мүмкін емес. Мұндай зерттеулерде ұстанатын басты принцип “тарихилық” болып табылады.

Өтеміс қажының “Шыңғыс-наме” шығармасындағы бір буынды түбір етістіктерді қарастыруда таңдалынып алынған сөз табы материалдарына тілдің өткені тұргысынан көніл аударамыз, яғни мұндағы сүйенетін басты принцип “тарихилық” болады да, зерттеу ретроспективті сипатта болады.

Өтеміс қажының шығармасынан бір буынды түбір (негіз) етістіктерге мысалдарды көптең келтіруге болады. Олардың кейібіреулеріне тоқталсақ:

тә- қазіргі түркі тілдерінде де-, дә- түрінде кездеседі, мағынасы: “айту”;

иң- түбір етістігінің қазіргі түркі тілдерінде айтарлықтай айырмашылығы жоқ, білдіретін мағынасы: “ішу, жұту”. Ескерткіш тілінде фразеологиялық тіркестер құрамында да кездеседі: ант ич- “ант ішу, анттасу”;

йә- “жеу” түбір етістігінің қазіргі түркі тілдерінде үе-, жедібыстық варианттары бар;

әг- “ию, бұгу” қазіргі тілдерде әг-, ій- тұлғасында кездеседі. Қазіргі қазақ тілінде **иі-** түбір-негізі орыс алфавитінің әсерінен бір гана **и** дыбысымен таңбаланады.

Көне және қазіргі түркі тілдеріндегі тілдік фактілерге сүйеніп, етістікті түбіржасам процесін барлауға болады. Шагатай тіліндегі етістіктің туынды-түбір негіздерін ескеріп және оған Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінен” мысалдар келтіре отырып, есімше және көсемше категорияларын, сонымен қатар етістіктің шақ категорииясын қарастырамыз.

Етістіктің түбір-негіздерінен сөзді өзгертудің толық және толық емес вербальді формалары жасалады. Олар кей жағдайларда айды “айтты”, теді “деді” тәрізді “таза” етістіктерге жақын болып келеді. Мысалы: Нә сорарсіз — сорун! Растьын айттыл, ол көлгән кіші нә айды? Вә тақы сені чықлаң бәг нә айтды, — айды (138–526) — “Не сұрағың келеді — сұра! Расын айт, ол келген кісі не айтты? Сені тағы шақырып алғып, беск не айтты?”. Сенің ханлықыңға боюн сұнмастур, — теді (138–526) — “[Ол] сенің хандығыңа мойынсұнбас” деді.

Толық вербальді формаларға бүйрек, қалау, шартты және ашық рәй формалары жатады. Толық емес вербальді морфологиялық құрылымдар тобы шақтық арақатынасты білдіретін формалардан, яғни өткен, осы және келер шақ көсемшелерден тұрады. Мәселен, бара турурбіз — “бара жатырмыз”: Йат йүртқа баратурурбіз теб хан болғыл, — тедім (122–39a) — “Хан бол, біз жат жүртқа бара жатырмыз, — дедім”.

4. 2. 2. Есімше және көсемше формалары

Өтеміс қажы шығармасы тіліндегі “Етістіктің есімше формалары” атты бөлімде есімше категориясының қазіргі және ескерткіш тілдеріндегі өзара сәйкес жақтары мен айырым тұстары айқындалады.

Есімшенің қазіргі -ар/-эр тұлғасының “Шыңғыс-намеде” -ур/-үр варианты кездеседі. Мысалы:

1. Қалқа хәлийықтары уйқусызлықдын хәраб болур әрді. Бу ғайэттә тәгрү — айтурлар кім: “Әгәр бір іш қылур болса, қылур әрділәр” (124-40б) — “Үйқысызыздықтан қоршаудағылардың шаршаганы соншалық, былай дей бастады: “Егер бір іс қылар болса, ендігі істер еді ғой”.

2. ... Бегім сачыны қарага боядады, ханға тегергә мәйл қылды. Хыэр ханның һәм алурға мәйлі бар әрді (139-53а) — “Бегім шашын қарага бояды және ханға тиүге пейіл танытты. Хызырханның да оны алуға пейілі бар еді”.

Есімшенің -ур/-үр формасын Бабыр мен Науай шығармала-рынан да кездестіруге болады. Мысалы:

1. Диванә болрга ни қалыпттур (Бабыр — “Шағатай тілінен”) [46] — “Диуана болғанға ештеңе бөгет болмайды”.

2. Бұғұн ахшамгәчә ни болури мәъелум емес (Науай — “Шағатай тілінен”) [46] — “Бұтін ақшамға шейін не болары мәлім емес”.

3. Барурға мұқәррәр болғай [46] — “Қайтсек те келуге шешім қабылдадық”.

Қазіргі түркі тілдеріндегі есімшенің -ған/-ғән, -қан/-қән тұлғалары “Шыңғыс-наме” тілінде дәл сол қалпында кездеседі. Мысалы:

1. “... Сіздің әлдә йағмур көп болурму?” Айдылар: “Бәллі көп йағар. Ол йібні тутуб олтур \\ ған кіші көрдікі, фәрішан сөйләй башлады” (127, 128-44а) — “Сонан соң тағы сұрады: “Сіздің елде жаңбыр көп бола ма?” [Елші] айтты: “Иә, көп жауады”. Жіп ұстап отырған кісі [ханның] артық сөйлей бастағанын көрді”.

2. Һәттакі су ташыған, кірпіч қуїған вә кірпіч ташыған булар әрді (136-51а) — “Су тасыған да, кірпіш қуїған да, кірпіш тасыған да бұлар болды”.

Шагатай тіліндегі етістіктің көптеген формаларының, дәлірек айтсақ, есімше тұлғаларының көбі қазіргі тілдерде негізінен өзгеріссіз сақталғанын, ал қайсыбірінің қазіргі поэзия тілінде көненің көзі (рудимент) ретінде көрініс беріп, басқа түрпатқа ие болғанын жоғарыда келтірілген мысалдардан байқауга болады. Шагатай тіліндегі көсемше тұлғалары туралы да осының айтуға болады: көсемшениң көптеген жұрнақтары қазіргі тілде сол қалпында сақталған, олар әр дәуірдегі жазба ескерткіштер мәтінінде де еш өзгеріссіз кездеседі. “Шыңғыс-намеден” мысал келтірсек:

1. Сайын хан қайтыб ىүкүнді, тәқы айды: “Атамыз өлді ерсә, орныға һәман атам сән. Ият үортқа баратуурбіз теб хан болғыл, — тедім (122-39а) — “Сайын хан қайтадан жүгінді, тағы айтты: Экеміз өлді, әке орнындағы әкесің. Хан бол, біз жат жүртқа бара жатырмыз”.

2. Таңласы көрүнүшкә бардылар, ол айтғанчә Ноғайны чырлап алдылар. Бір зәманың соң буларны чыrlай кіші кәлді (138-53а) — “Таң ата көрініске барды, соның арасынша Ноғайды шақыртып алды. Бір заманнан соң бұларды шақыруға кісі келді”.

Басқа да дереккөздерден мысалдар келтірсек:

Мени көрә келди [46] — “Мені көре келді”.

Ярмақ тіләй барур ерді [46] — “Ақша сұрагалы келіпті”.

“Шыңғыс-намеде”, сондай-ақ кейбір тарихи дереккөздерде -иң форманты жалғанған көсемшениң болымсыз -иң тұлғасы кездеседі. Мысалы:

Сіз дайім хәстә болуп әрдіңіз. Бу йол нәчүк бетақәт бала туурорсіз? Хан айды: “Нәчүк бетақәт болмайын” (136—46а) — “Сіз дәйім науқас болдыңыз. Бұл жолы сіз неге қатты ыңқылдайсыз? Сонда хан айтты: “Қалайша ыңқылдамайын”.

Көрмейін дәп көрді көз, көргөч көңүл қилди һәва [46] — “көрмейін десе де көз көрді, көрген соң көңіл ауды”.

Көсемшениң -ғач, -қач, -кәч, -гәч формалары — көне және қазіргі түркі тілдеріне ортақ қосыншалар. Мысалы:

1. Ноғай айды: “Таңлакі көрүнүшкә барурбіз, ол мені чырлаб алмақ туур. Аңдын соң сізләрні чырлатур. Сізләр өгә кіргөч қасындақы кіші // ләр бірлә болуң, мән өзі бірлә болайын”, —

теді (138–53а) — “Ноғай айтты: “Таңертең, біз көрініске барамыз, ол мені шақырып алмақшы. Одан соң сіздерді шақырап. Сіздер үйге кіргеннен қастарындағы кісілермен болыңдар, мен өзімен болайын”, — деді.

2. Вадән ишқиң мәкан қылди көңүл көргәч йүзүң [46] — “Жұзінді көрген соң, сенің ынтықтығың көңілді мекен қылды”.

3. Сәвдам оти чәккәч әләм пәст етти мәжнүн шөһрәтин [46] — “Сүюдің оты маздагалы әлем Мәжнүн сезімінің өзін күнгірт етті”.

Қазіргі түркі тілдеріндегі көсемшешенің -ғичә, -қичә, -гичә, -кичә формалары (қайсыбір вариантырымен, мәселен, қазақ тілінде -ға дейін, -ға шейін) барлық көне жазба ескерткіштер тілінде -ғұнчә, -ғұнчә, -ғұнчә, -құнчә түрінде кездеседі. Зерттеушілердің кейбіреулері бұл форманың іс-әрекеттің болып жатқан уақытымен сәйкес келетін шақты білдіретінін айтады. Мысалы:

1. Күндә көрүнгүшдің қайтыб өгә барғунча // ойнай-күлә ба-рур әрді (138–52а) — “Күнде көріністен қайтып үйге барғанша [жол бойы] ойнап-күліп барар еді”.

2. Кіші вісал түні ғарі білә ғатқунчә, жамалі шәнігә қілсун нәсәр таң атқунчә [46] — “кісі сүйген жарымен бірге жатқан түні таң атқанша оның жамалына [сұлулығына] тоймас”.

4. 2. 3. Қимыл есімдер

Көнетүркілік етістік тұлғалар мен олардың қазіргі түркі тілдеріндегі сәйкестіктерін салыстыра зерттеуде көніл аударуга лайық мәселелердің бірі — қимыл есімдер. Ис-әрекет, қимыл атауларының жасалуы шағатай тілі етістіктер жүйесінің барлық бұтақтарында бірдей болып келеді. Мәселен, “Шыңғыс-наме” тіліндегі іс-әрекет, қимыл атауларын Бабыр және Әлішер Науай шығармаларындағы қимыл есімдерімен салыстыrsaқ, олардың тұлғаларында айтарлықтай айырмашылықтардың жоқ екені байқалады. Мысалы:

1. Таңласы бәгләрні чырлаб // Қыйат Исатай білә Сыжут Алатайғә қырқ мің кіші қошуб Өзбәг-хан ...кәлтүрмәккә йіберді (130-46а) — “Таңертеңгісін ол бектерді шақырып алыш, Қыйат

Исатай мен Сыджут Алатайға мың кісі қосып беріп, Өзбекханды алып келуге жіберді”.

2. Сән бізниң ічіміздә хан болуб бізгә баш болсаң, аны өлтүрүб ачығымызын алмақ асан туур (132—526) — “Сен біздің ішімізде хан болып бізге бас болсаң, оны өлтіріп кегімізді қайтару оңайырақ болар еді”.

3. Һәнүз иши ҹагир ичмәк иди [46] — “Қазірге оның ісі шарап ішү”.

4. Кишиләр һәр сари чапмақ кирәктүр, Қайан болса ани там-пақ кирәктүр [46] — “Кішілер әрі-бері шапқылауы керек, қайдан болса да оны табулары керек”.

Қимыл есімнің -мақ, -мәк формалары етістік негіздермен тіркескенде оның атауыш тұлғасын жасайды, ал қазіргі түркі тілдеріндегі олар мақсат пысықтауыштың қызметтін атқарады, мысалы, кәлмәк болди.

Чүн ңекайэт көп әрді, көрділәркім ішітмәк білә зәйт қилмақ болмас (120—37а) — “Хикаялтар көп болды, олардың бәрін есте тұту мүмкін емесін көрді”.

Шағатай дәүіріндегі жекелеген ескерткіштер тілінде **-мақ**, **-мәк** тұлғалы қимыл атауының болымсыз формасы — **мамақ**, **-мәмәк** кездеседі. Мысалы: Дәм урмамақ керек [46] — “Үндемеу керек (сөзбе-сөз: үн шығармау керек)”. Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінде”, сондай-ақ шағатай дәүіріндегі басқа да ескерткіштерде бұл тұлға мұлдем кездеспейді деуге болады.

Сонымен, қимыл есімнің -мақ, -мәк тұлғаларында шағатай тілі дамуының әртүрлі кезеңдеріне тән ерекшелік жоқтың қасы деуге болады. Эйтсе де бұл тұлғаның Науай, Бабыр шығармалары тіліндегі және Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесінде” берілуінде айырмашылықтар кездеседі.

4. 2. 4. Қомекші етістіктер

Қомекші етістіктер және олардың етістік категориясы жүйесіндегі рөліне қысқаша тоқталсақ, қазіргі түркі тілдерімен салыс-

тырғанда Әтеміс қажының “Шыңғыс-намесінде” көмекші етістіктер әлдеқайда аз қолданылады, қазіргі құрделі құрылымдар онда жоқ. Мұның есесіне шығарма тілінде қазіргі тілдердегі көмекші етістіктермен тұлға-тұрпат және мағыналық жағынан толықтай сәйкес түсіп жататын да, қазір мұлдем қолданылмайтын немесе архаикалық тілдік фактіге айналған көмекші етістіктер де кездеседі.

“Шыңғыс-наме” шығармасы мәтінінде мынадай көмекші етістіктер қолданылады:

бол- “булу” көмекші етістігі және оның **ол-, қыл-** “істеу” сияқты қысқарған формалары мен олардың **ей-** (*еймек*), **әй** (*әйди*, *әйдиләр*) тәрізді синонимдік вариантары;

е- қысқарған көмекші форманты; “Шыңғыс-намеде” оның **әр-** (*әрди*, *әрдиләр*) формасы кездеседі;

дур-, тур-, турур көмекші етістігі қазіргі түркі тілдерінде өзіндік ерекшелігі бар “аффикске” айналған. Әсіресе турур қазіргі түркі тілдерінде негізінен үшінші жақта қолданылады. Ал “Шыңғыс-намеде” ол жіктеу есімдіктерімен бірігіп бірінші және екінші жақтарда да қолданыла береді. Мысалы: Менің көңлүм сізләргә хуш турур (129-45а) – “Сіздерге менің көңлім толады”. Келін-Бәйалын айды: “Сізni ярлықыңыздын // таш мән бір іш қылыб турур мән” (130-46а) – “Келін-Баялын айтты: “Мен сіздің жарлығыңыздан тыс бір іс істедім”.

Бұл “Шыңғыс-намеге” дейінгі де, кейінгі де шағатай тілі кезеңдеріне тән құбылыс. Мысалы:

1. Пәридин нақилю әфсанә дүрмән,

2. Нетаң сәнв олсаким диванә дурмән –

“О пері, мен әңгіме-аңыз айтам, Оның бұрыс тұстары да болуы мүмкін, өйткені мен диуанамын” [46].

3. Яман көрмәң мени, достлар, егемниң қулидурмән,

Киши билміду қәдримни, Вәтәнниң гәвнәридурмән –

“Мені жаман көрме достар, иемниң құлымын. Кісі білмейді қадірімді, отанның гаунарымын” (*Біләл Назым*).

“Шыңғыс-наме” тілінде кездесетін **дур-, тур-, турур** көмекші етістігінен басқаларының да түркі тілдері етістік жүйесіндегі қолданысында өзіндік ерекшеліктер жоқ емес.

4. 2. 5. Етістіктің шақтары

Шақтарды білдіру — етістіктің жақтық формасының өзіндік ерекшелігі. Бұл тұжырым етістік категориясын зерттеуге арналған іргелі еңбектердің барлығында айтылады. Дегенмен шақтарды білдіруде морфологиялық құрылымдардың мүмкіндігі шектеулі. Шағатай тілінде барлық түркі тілдеріндегідей етістіктің үш шағының формалары орын алады: өткен шақ, келер шақ және осынделер шақ.

-ды, -ді, -ты, -ті формалары жедел өткен шағтың көрсеткіштері болып табылады. Келін-Баялын айды: “Сізniң ярлықыңыздың / / таш мән бір іш қылыш туур мән” (130-46а) — “Келін-Баялын айтты: “Мен сіздің жарлығыңыздан тыс бір іс істедім”. Мұндағы айды “айтты” — қосымша шағтық реңкі үстемеленбеген жедел өткен шақ формасы, ал қылыш туур мән көп құрамды етістіктің өткен шағына “беймәлімдік” реңкі тән.

Айқын өткен шақ формасының бұл категорияны білдіру ерекшелігінің өзі сонда, оған көптіктің **-лар** көрсеткіші жалғанады. Бұл құбылыс қазақ, үйғыр т. б. қазіргі түркі тілдеріне тән емес. Шағатай тілінде айқын өткен шағтың **-ды, -ді, -ты, -ті** тұлғаларының көптіктің **-лар**, **-ләр** көрсеткішімен тіркесе жасалуы кең қолданыстағы әдеби форма болып табылады: Бір қой әтіні кәлтүрәб тәнүрға асдылар, ағзыны бәркіттіләр (134—49а) — “Бір қойдың етін әкеліп аспаққа асып, оны аузын бекітті”.

Көптік көрінеу тұрғанына қарамастан, кейде айқын өткен шақ көптіктің көрсеткішімен келмейтін кездері де болады. Мысалы: Таңласы бәгләрні чырлаб // Қыйат Исатай білә Сыжут Алатайға қыирқ мің кіші қошуб Өзбәг-хан ... кәлтүрмәккә йібәрді (130—46а) — “Таңгертенгісін ол бектерді шақырып алып, Қыйат Исатай мен Сыдҗут Алатайға қырық мың кісі қосып беріп, Өзбек-ханды алып келуге жіберді”.

“Шыңғыс-наме” тілінде айқын өткен шақ формасына көпшенің факультативтік жалғаулаты тіркесетін тұстар да бар:

1. Улуг-тағ кі мәшіүр туур, аңа йетіштіләр (120—37а) — “Улуг-Тағ — мәшіүр тау, оған да жетті”.

2. Таңласы көрүнүшкә бардылар, ол айтғанчә Ноғайны чырлаб алдылар. Бір замандын соң буларны чырлай кіші кәлді (139–53а) – “Таңтерең олар көрініске барды, соның арасынша Ноғайды шақыртып алды. Бір заманнан соң бұларды шақырып кісі келді”.

Жоғарыдағы екі сөйлемде өткен шақтың бірдей екі тұлғасы екі басқа берілген: көрүнүшкә бардылар (көптіктің көрсеткішімен) және кәлді, біріншісі – көпше түрде, екіншісі – жекеше түрде. Қазіргі қазақ және үйғыр тілдерінде іс-әрекетті бір адам немесе бірнеше адам орындалса да, үшінші жақтағы етістіктің өткен шағына көптіктің көрсеткіші қатыспайды: ол келді, немесе олар келді.

Айқын өткен шаққа тән тағы бір ерекшелік – -ды // -ді формасынан кейін постпозитивтік мүше рөлін атқарушы әрсе жалғаулығының қолданылуы. Бұл тұлға “Шыңғыс-наме” мәтінінде жиі кездеседі: чықты әрсә ... “шыққан кезде”, соруды әрсә ... “сұралған кезде”, кәлтүрділәр әрді “олар әкелді”.

Ескерткіш тілінде әрсе сөз арты жалғаулығы есімшениң -ар, -ер формаларынан кейін де кездеседі: әъвал-кәйфияттарданын сорар әрсә ... (120–37а) – “Егер көніл-күй, хал-ахуалды сұраса...”. Қазіргі қазақ, үйғыр, өзбек тілдерінде бұл тұлға сұрал болса, сорар болса түрінде келеді.

Қазіргі түркі тілдеріндегі келер шақ формасына нақтылық, айқындылық тән емес. Шагатай тіліндегі **-ғай**, **-ғәй** қосымшаларының көмегімен жасалатын келер шақ формаларына қатысты да осыны айтуға болады. Қазіргі түркі тілдеріндегі келер шақ формаларының -қай, -қәй вариянтары шагатай тіліндегі етістіктерге тән емес: көргәйсіз “көргейсіз”, алғайсән “алғайсың”, аның улуқ-лугун үекім әрсә білмәгәй “оның ұлылығын ешкім білмегей”.

Кейде **-ғай**, **-ғәй** формалары үшінші жақ қалау рai формасының мағынасына жақын мәнде қолданылады: тәңрі үеч мусулманға бу балані бермәгәй ... “тәңрі ешбір мұсылманды бұл пәлені бермегей”. Таңла сән қарығандын соң ханлығының талашыб алғай (135–50а) – “Ертең сен қартайғанда олар сенің хандығыңды таласып алар”. Тәңрі-тәъала ішінді онғарсын”. Эгәр йарлық қызыбы кіші йібәрсәніз, ол

келур еді болғай, — теді ерсә (130-46а) — “Егер жарлық беріп, кісі жіберсеңіз, ол келер еді”.

Көне **ки** тұлғасына барып саятын **кім** жалғаулығы бар бағыныңқы сөйлем құрамында -ғай, -гәй тұлғасы мақсатты білдіреді: анчә зәңдер бәрді кім ... ынан қылғай — “Оны өлтіру үшін оған у берді”. Бәсі мәлүл турур кім, біздін бір оғлы болғай. Мәндін соң аңа ханлық талашур тәб өз уругын тәмам қырган болғай... Бу оғул тәқы өзіндін бурун өлгэй (130—45б) — “Өмірінің ақыры-аяғында, өзінен бұрын, өзім өлген соң хан болар деп үміттенген ұлы өлді”. Сенің нәвкәрчілікіндін бойын толғамағай біз. Эгер растьын айтма-сақ, тәңкіқ білгіл кі сені бу йәрдә өлтүр[ә] біз (138—52б) — “Саган деген нөкерлік міндеттерімізден қашпаймыз. Егер расын айтпасаң, біл сен, сені бұл жерде [сол сәтте] өлтіреміз”.

Нақ-келер шақтың болымсыз түрі **-ман** аффиксінің көмегімен жасалады: қыла алман “істей алман”, йәргә бас чалман “басымды ие алмаспын”. Ол кәлгән кіші нә айтғанын білман (138—52б) — “Келген кісінің не айтқанын білмеймін”.

4. 2. 6. Етістіктіңрайлары

Етістіктің сөзді өзгерту жүйесінде рай аффикстерінің сыртында жақты, шақты, жекеше, көпше түрлерді біртұтас немесе жекедара білдіретін қатыстық шақтың көрсеткіштері болады. Бұл көрсеткіштер көп жағдайда предикаттық қатынасты білдіретін амал ретінде етістіктерге ғана емес, есімдерге де тән болыш келеді. Солардың бірі ретінде ұсынысты-қалау райы аталатын шарттылықтың формасын көрсетуге болады. Мысалы:

1. Эгер растьын айтыб бізниң бірлә іттіфақ қылур болса, біз ынан хан көтәрәлі (138—53а) — “Егер расын айтып бізben одақ қылар болса, біз оны хан көтерейік”.
2. Эгер гунаймні бағышласаңыз айтайын теді (130—46а) — “Егер күнәмді кешетін болсаңыз айтайын деді”.
3. Хан філқал қобуб олтуруб сорды кім: “Нә іш қылыш әрдің?” Айды: “Ол мәнәлдә кі ініңіз өлді, ініңіздін бір оғул болуб әрді.

Сізін өлтүргей тәб қашырыб Чәркәс вілә йәтінгә йібәріб әрдім” (130–46а) – “Хан оны жасырын қабылдап, сұрады: “Не істеп қойып едің?”. [Ол] айтты: “Со кезде ініңіз өлді, ініңізден бір үл болып еді. Сізді өлтірер деп қашырып шеркес уәлаятына жіберіп едім”.

Бұл мысалдардан ұсынысты-қалау райы үшінші жақта -ғай (-гәй, -қай, -кәй), бірінші жақта -алы, -әлі (баралы, келәлі), көпше және жекеше түрде -ғайман, -гәймән формаларымен берілгенін көруге болады. Ал лексикалық түрғыдан мысалдар қазақ тілінде түсінікті болғанымен, стилистикалық біраз ерекшеліктері бар: сөйлем құрылышында, синонимдер таңдауда әсіресе орта ғасырлар орфографиясы көзге ұрып түрәді. **-ғай, -гәй** (алғаймән, кәлгәймән) формалары қазақ тілінде **-айын, -ейін** (барайын, келейін) түрінде қолданылады. Ұйғыр тілінде **-ғай, -гәй** (алғаймән, кәлгәймән) жергілікті жерлік немесе диалектілік сипатта болып келеді, ал әдеби тілде **-ай, -әй** (алай, келәй) тұлғасы пайдаланылады.

Қазақ, ұйғыр, өзбек және т. б. қазіргі түркі тілдерінде кейбір райлар мағынасы екі жақты формалармен беріледі. Мәселен, бүйрек-қалау мәнді рай формалары болып табылатын **-сун, -ғай** тұлғаларының соңғысы мәнмәтіннің ыңғайына қарай райдан өзгеше мағына арқалауы мүмкін:

1. Әлкіссә, өзүмдін соң хан болсун тәб сақлаған оғлы өзүдін бурун өлді. Бәсі мәлум турур кім, біздін бір оғлы болғай. Мәндін соң аңа ханлық талашур тәб өз уруғын тәмам қырған болғай (130–45б) – “Әлкисса, өзімнен соң хан болсын деп сақтаған ұлы өзінен бұрын өлді. ... Менен соң онымен хандыққа таласар деп өз үрпағын түгел қырған еді”.

2. Тәңрі-таъала ішіні өндүр қылғай (144–58б) – “Тәңрі-тағала ісінді оңғарсын”.

-ғыл (-қыл) тұлғалы бүйрек-қалау райға мысал келтірсек:

1. Тәқы арамыздә уруш-әдавәт болғай, сән-ақ хан болғыл (121–38а) – “Арамызды тағы ұрыс-талас болар, сен-ақ хан болғын”.

2. “Сән барыб аталарның үйртында падшаылығыны қылғыл!” – теді (124–41б) – “Барып, аталарының жүртүнда патшалық қылғын!” деді.

Кейде бүйрек-қалау райдың екінші жақ формасы бірінші жақтағы мағынаны беру үшін пайдаланылады, мұнда ол формага көптік көрсеткіш жалғанады: Сенің нәвкәрчілікіндін бойун толғамағай біз. Эгәр растың айтпасаң, тәңкік білгіл кі сені бу йәрдә өлтүрәбіз (138-52б) – “Сенің нәкершілігіңнен мойын ұрмаймыз, бірақ егер сен шындықты айтпласаң, сені сол сәтте өлтіреміз”. Таза бүйіру тек әңгімелесушіге қарата айттылады, соңдықтан бүйрек рai формасы екінші жақта болып келеді. Қазіргі түркі тілдерінде де, көне жазба ескерткіштерінде де, біз зерттеп отырған “Шыңғыс-наме” тілінде де бүйрек rai формасының бірінші жақ жекеше түрінде арнайы көрсеткіштер болмайды.

“Шыңғыс-наме” тілінде бүйрек rai формасы екінші жақ жекеше түрі -ғыл / -тіл аффикстері көмегімен жасалады: әйләгіл, қылғыл, әттіл “исте”, тутқыл “ұста”, болғыл “бол”, кәлгіл “кел”, қылмағыл “істеме”, айтғыл “айт”. Муның көзүңчә фәрішан қылмағыл-көрмәгіл (127–43б) – “Мұның көзінше жоқтан өзгені істеме”.

Қазіргі түркі тілдеріндегі императивтік екінші түрі – **-ғын** (айтқын “айт”, кәлгін “кел”) көптеген көне жазба ескерткіштерге де тән. Мысалы: Құвғын йетіб урушуб буларны басдылар (141-55б) – “Құғыншылар құып жетіп соғысып, бұларды жеңді”.

Бұл райдың көпше формасын **-и**, **-иң**, **-уң** аффикстері жасайды: көчүң “көшіңдер”, турмаң “түрманңдар”, кетүрмәң “әкелмендер”, олтуруң “отырыңдар”. Бу ыйыл ыйлағ [fə] чықарбіз, әнің соңыны ала көчүң (142–56а) – “Бұл жылы жайлайға шыққанда, елдің соңын ала көшіңдер”.

Бүйрек rai формасын -іңіз, -ыңыз тұлғалары бір немесе бірнеше адамдарға қарата “құрметтеу” мәнінде жүмсалады:

1. Сізләр мундын қарап туруң. Тәқы Худай тәъаланың қудретіні көрүніз (126-42б) – “Сіздер мынаган қараңыздар, Құдай тағаланың құдретін көріңіздер”.

2. Інімді хан қылышыз, -теб өзіні ханлықдын әзл қылды (129–45а) – “Інімді хан етіңіз, – деп өзі хандықтан бас тартты”.

Көптіктің -лар, -ләр қосымшасының -ық, -іқ тұлғалары орнына жүмсалуы бүйрекқа “еркінсу” сипатын дарытады (қопуңлар “тұрыңдар”, өлтүрмәніzlәр “өлтірмөндер”). Бұл “Шыңғыс-наме”

тілінде бірінші жақта көп байқалады (баралы “барайық”, “кеттік”): “... Ағам турғандә маңа нә охшаш кі хан болғай мән”, — теб ағасығә көп текліф қылды. Қебул қылмады әрсә, айды: “Болмаса бір іш қылалы. Улуг бабамыз Қіңгізхан қашығә баралы. Мән үәм сөзүмні әрз қылайын, сіз үәм сөзүнізni әрз қыльыңыз. Һәр нә бабамыз ярлығы болса, аның бірлә болалы”, — теді (121–38a) – “... Ағам барда маған хан болу жараса ма?” – деді ол ағасына ұлкен құрмет көрсете. Ол сөзін қабыл алмаған соң, айты: “Онда басқаша істейік. Ұлы бабамыз Шыңғыс ханға барайық. Мен өз сөзімді айтайын, сіз өз сөзінізді айттыңыз. Бабамыз нендей жарлық берсе, соған келісеміз” – деді.

Өтемі қажының “Шыңғыс-намесінде” және басқа да жазба ескерткіштер тілінде мәнмәтіннің ыңғайына қарай білдіретін мағынасы өзгеретін қалау райдың -ай, -әй тұлғасы кездеседі. Бұл тұлғаның алдынан сұрау есімдіктері немесе етістіктің негізімен кіріккен үстен келгенде, айтылмыш тұлға қалау, нақты шешім мәнінде жұмсалмайды, керісінше өзіне “бірденеге күмәндану, шұబәләну” мағыналық реңкін жамайды: нә қылайын, нәтәйін “не істейін”, нә қылсун немесе нә қылғәй “не істесін”, “не істей алады?”. “Бу әрзімні сізгә айтайын теб кәлдім”, – теді (122–39a) – “Бұл арызымды сізге айтайын деп келдім” – деді.

Бағыныңқы сөйлем құрамында **теб (деб)** көсемшесімен немесе **кім** сөзімен тіркескенде қалау рай формалары мақсат мәнге ие болады және ол ортағасырлық, тіптен онан кейінгі кездерде жазылған ескерткіштердің барлығында да кездеседі. Мысалы: “Йат йортға бара турурабіз теб хан болғыл” – тедім (122–39) – “Жат жүртқа бара жатырмыз деп хан бол” – дедім.

Рай формасы **кім** жалғаулығымен тіркескенде немесе дербес тұрып өзі білдіретін іс-әрекеттің бір күйден екінші күйге ауысу сәтін көрсетеді: Хійал қылдуқ кім, йәр-көк үстүмізгә йықылыб келә турғантәк болды (126–43a) – “Ойлағанымызша болмады, жер-көк үстімізден төнгендей болды”.

Шартты райдың -са, -сә формасы жіктік жалғауының жекеше және көпші түрлерін қабылдайды, етістіктің негізі арқылы көрінетін іс-әрекеттің болар, болмасының шартын білдіреді. Мысалы: Сенің

нәвкәрчілікіндін бойун толғамағай біз. Эгәр растын айтмасаң, тәңкің білгіл кі сені бу йәрдә өлтүрәбіз (138—52б) — “Сенің нәкершілігіңнен мойын ұрмаймыз, бірақ егер сен шындықты айтпасаң, сені сол сәтте өлтіреміз”.

Шартты райдың етістік тұлғасы әр (әрдім, әрдің, әрді) көмекші етістіктерімен жиі тіркесіп, нақты емес, іске аспайтын шарттылықты білдіреді: айрылmas әрдім (“айрылmas едім”), кәлмәс әрді (“келмес еді”), білмәс әрдім (“білмес едім”): Сазәндәләр өтәк қүйін қобсалар әрді, қәмінкі орда іçінде кі өтәк қүйі қоспай башласа, білур әрді (136—51а) — “Сазгерлер мадақ қүйін ойнай бастаса [ойнаған сәтте], білді [кесенің бекке жеткенін]”.

Сөйлемнің тұрлаулы мүшесі баяндауыш құрамында шарттырай формасы іс-әрекетті орындауға деген ниетті, қалауды білдіреді. Мысалы: Эгәр растын айтыб бізнің бірлә іттіфақ қылур болса, біз қәм аны хан көтәрәлі (138—52а) — “Егер шынын айтып бізбен одақ құрғысы келсе, біз оны хан көтереміз”. Нагаң әгәр хәтасы յағәләті вықірь болмыш болса, ғәләтті чықарыб, хәтасына раст қылсалар (120—37б) — “Егер онда қате кеткен болса немесе жаңсақтық болған болса, жаңсақтық пен қатесін жөндесін”.

Ер-, әр- (ерди, әрди) көмекші етістігінен жасалған шарттырайдың **-ер, -әр** тұлғасы кейбір есімдіктер мен көмекші сөздердің құрамына енеді немесе өздері көмекші етістік қызметтінде жүмсалады. **Кім** жалғаулығынан кейін келсе, бұл тұлға ашық райдың келер шақ формасын алмастырады. Мұнда мәтінде қайтсе де шарттылықтың -са, -сә немесе -ар, -ер тұлғалары болу керек.

Мысалы:

1. Хіzmәтләріндә болур әрдім (119—36б) — “Олардың қызметтеріндеге болған едім”.

2. Бу қаләтні хан башлығ барча хәлайықтар көрділәр әрсә, қөңүлләрі... мусулманлықтар мәйл қылдылар (134-49а) — “Хан бастап адамдардың барлығы да осы жағдайды көрген соң олардың қөнілдері мұсылмандыққа бұрылды”.

3. Тәңрі-тәъала аны бізгә бәрсә бізләр қәм атлы-тоңлы болур әрдүк, — теді (144—58а) — “Тәңрі-тағала оны бізге берсе, біз атты-тоңды болып қалар едік”, — деді.

Етістіктің өткен шағында көмекші формант өзінің алдындағы етістікпен есімшениң және көсемшениң тұлғалары арқылы байланысады:

1. Бурун қәм болса сезіб йүрүр әрдім (141–55а) – “Мен бүрындары да осыны сезген едім”.

2. Бір күн тағ арасында ав авлайы чықыб әрді, бір бөлек марал-кейікләр йолуқды (120–376) – “Бір күні тағ арасында аң аулауға шығып еді, бір топ киік-маралдар жолықты”.

Ескерткіш тілінде кездесетін райдың барлық тұлғалары қазіргі түркі тілдеріндегі рай тұлғаларынан айтарлықтай өзгешеленбейді. Эрине, ұзақ уақыт аралығында айтылу мен жазылуда азды-көпті ерекшеліктердің болуы заңды да. Айталық, өткен шақ формасы жалғанатын *ər-* көмекші етістігі (әртүрлі түркі тілдерінде *er-*, *iṛ-* варианктары кездеседі) құрамындағы ұяң дауыссыз *r* дыбысы біртінде редукцияға үшірағанының нәтижесінде қазіргі түркі тілдерінің көбінде *e* дауыстысы созылыңқы сипатқа ие болған, тіптен кейбір тілдерде, мәселен, татар тілінде *e-* дауыстысы *ɪ-* дыбысына айналған. Шағатай тіліндегі өткен шақ тұлғалы *ərdi* көмекші етістігінің *ər-* түбірі қазіргі түркі тілдерінде *e-* болып қысқарып қана қойған, кей жағдайларда дыбыссыз бос орынға айналуы да кездеседі. Мысалы, қазақ тілінде *edі* көмекші етістігі кейбір есімдермен екінші жақта тіркескенде *di*-ге дейін қысқаратыны байқалады. Мәселен, **бар** *edі* деудің орнына кейбір стилистикалық жағдайларда **бар-ды** тұлғасы қолданылады.

4. 2. 7. Етіс тұлғалары

“Шыңғыс-наме” тіліндегі ерекше категориялардың қатарына етістікten сөз тудыратын сөзжасам формалары – екінші сөзжасам тұлғалары, екінші негіздер жатады. Тіл мамандары оларды сөйлеушінің іс-әрекетке қатынасын немесе іс-әрекеттің іс-әрекет иесіне қатынасының әртүрлі типтерін білдіретін тек (порода) деп те атайды. Мұндай тектің бес түрі бар. Олар іс-әрекет жасаушының атқаратын рөліне байланысты болады: сөйлеушінің бастауыш

рөлін атқаруы, мұнда іс-әрекетінің бағыты ескеріледі (өзінен бе, алде өзіне қарай ма); іс-әрекет тудырушының саны; септіктер, яғни тудырушының көмкөрілүі т. б.

Бірінші сөзжасамдық текстің арнайы көрсеткіштері жоқ: бар “бар”; йаз “жаз”; нәчә кім кәздім “қанша кезсем де”; көз салалы “көз салайық”. Бұл текке жататын етістіктер салт және сабақты болып бөлінеді. Қазіргі формаларында айтарлықтай өзгешелік кездеспейді.

Қазіргі түркі тілдеріне және жазба ескерткіштер тіліне арналған зерттеулерге қарата, қалған төрт сөзжасамдық тексті етістер құрайды.

Мысалы, екінші тек **-Н** (-ін, -ын және олардың ерін варианты) аффикстерінің көмегімен жасалады: урун, кійін, йұвын, өртәндім, түгәнді.

1. Әмма бір-екі һекайэт бу мухтасардә йад қылышы (127–43б) – “бұл қысқа хикаятта бір-екі ғана әңгіме ескерілді”.

2. Булар һәм йарағланыб келіб еділәр (139–53а) – “Бұлар да жарақтанып келіп еді”.

3. Әмді уқлады тәгән вәқтдә атланды (129–45а) – “Енді үйиқтады деген уақытта аттанды”.

Үшінші сөзжасамдық тек **-Л** (**-іл, -ыл, -ул, -ул**) аффикстері арқылы жасалады: урул “ұрыл”, йазыл “жазыл”, қылышы “істелді”, қурған алынты “қорған алышы”.

1. Сіzlәр һәм қыйналдыңыз, мән һәм қыйналдыым (129–45а) – “Сіздер де қиналдыңыздар, мен де қиналдыым”.

2. Көңүлләрі кағір дініндін өрүлüb мусулманлықтә мәйл қылышылар (134–49а) – “көңілдері кәпір дінінен безініп, мұсылман-дыққа пейілдері ауды”.

Сөзжасамдық текстің төртінші түрі **-Ш** (**-іш, ыш**) аффикстері арқылы жасалады: уруш- “соғыс-”, йазыш- “жазыс-”, барыш- “барыс-”. Құнда қөрүнүштің қайтыбы өгэ барғунчә ойнай-күлә барур әрді (138-52а) – “Құнде қөріністен (кездесуден) қайтып, үйге барғанша [жол бойы] ол ойнап-күліп барар еді”.

Бесінші тек әртүрлі аффикстермен көмкөріледі:

1. **-т (-ит, -ыт)**: қорқытма “қорқытпа”, қувалатмағыл “қуалаттырма”, ійглатты “жылатты”.

2. **-тур, -дур**: сағындуруду “сағындырды”, урдурды “ұрдырды”, кідүрәлі “кіндіреміз”. Жәррағалар көлтүрділәр. Айақындақы башақны алдуруб көп түрлүк дарулар қылдурды (141–556). Жарақатты емдеушілерді әкелді. [Оларға] аяғындағы башақты алдырып әртүрлі дәру жасатты.

Кейір ғалымдар қазіргі түркі тілдеріндегі және шағатай тіліндегі етіс формаларын бірдей атайдын болса, енді біреулері көне тұлғаларға қатысты “тек” терминін қолдануды жөн көреді. Көне және қазіргі түркі тілдерінде етіс тұлғалары түрпат тұрғысынан да, мағына тұрғысынан да толықтай сәйкеседі. Бұл түркі тілдерінің тарихи қалыптасуы мен дамуын зерттеуші әрбір тілшіге белгілі жайт.

Бесінші тек етістіктерінің басқа төрт текке жататындардан айырмашылығы — оның нақты бір ғана аффикс арқылы емес, сырт қараганда бір-біріне еш қатысы жоқ сияқты көрінетін әр басқа қосымшалар арқылы жасалуында. Аффикстердің қолданылуы негіздің фонетикалық ерекшелігіне тікелей байланысты екенін ескерсек, бесінші тексті неге әртүрлі жүрнақтар жасайтынын түсінуге болады. Мысалы: **-т** аффиксі дауыстыларға және дауыссыз **ρ** дыбысына біттепін негіздерге ғана жалғанады: ійглат, йорут; **-дур** аффиксі үнді дауыссызға, ал **-тур** қатаңға аяқталатын негіздерге жалғанады: кійдүр, урдур, туттур т. б.; аффикс **-ρ, -ур, -ыр** үнді дауыссыздан жалғанбайды. Сол сияқты **-қар, -ғар, -қэр, -ғэр** аффикстері **-т** дыбысына аяқталатын түбір-негіздерге ғана жалғанады: өткөр “өткізу”, қутқар “құтқару”, әткүр “жеткізу”.

Ескерткіш тіліндегі етістіктің тектік тұлғаларының түгеліне жуығы қазіргі тілдердегі тұлғалармен бірдей болып келеді. Белгілі бір етіс тұлғалары жалғанған кезде, етістіктердің бір қалып-куйден екінші бір қалып-куйге енетіні, яғни салттықтан сабактылыққа, немесе, көрінше сабактылықтан салттыққа көшіп отыруы — қазіргі түркі тілдері мен “Шыңғыс-наме” жазылған шағатай дәүіріндегі тілге ортақ заңдылықтардың бірі.

Сөз соңында айта кетер жайттардың бірі — қазіргі түркі тілдерінің кейірбіреулерінде етістіктің жіктік жалғаулықты көне жүйесі

сақталған. Онда жіктіктің сыпайы тұлғасы **-із, -ыз** қосымшасына жалғанатын **-лағ, -лағар** формалары кездеседі. Олар көптік жалғау-лары емес, көптіктің көрсеткіштерімен тек сыртқы түрпат тұрғысынан формальді түрде сәйкесетін етістіктің тұлғалары. Оларға “Шыңғыс-намеден” мысалдар келтірсек:

1. Қәбул қылмадылар. Нә жәнәтдің қәбул қыла алмағанларын білә алмаймән (122—39а) — “Ол қабыл алмады. Неліктен қабыл алмағанын біле алмадым”.

2. Сіzlәрniң аatalарыңызға теләгән һәм салмады (121—386) — “Сіздердің аatalарыңызға арнап ол арба да [жабық] тікпеді”.

3. Эгер булаңың діні наңәққ болса, сіzlәrniң бүтүндәкі ішләрініз нәчүк батіл болуб мұттәл қалды вә сөзләшіңіз, қайсыңызның дінініз нәққ болса аңа табіш болурмән, теді (133—486) — “Егер бұлардың діні нахақ болса, неге бүтінгі сіздердің істерініз онға баспады, сөйлесініздер, қайсыларыңыздың діндерініз хақ болса, соныңызға мен бағынамын, — деді”.

Сонымен, “Шыңғыс-наменің” тілдік ерекшеліктеріне жасалған талдау ортағасырылық шағатай тілі мен қазіргі түркі тілдері арасында белгілі бір сабактастықтың бар екенін көрсетеді. Түркітанушы ғалымдардың түркі тілдері тарихи дамуының шағатай дәүірі мен қазіргі кезеңі арасындағы сабактастық туралы айтқан ғылыми тұжырымдары “Шыңғыс-наме” тілін зерттеудің ғылыми негізіне алынды. Бұл жұмыс “Шыңғыс-намені” лингвистикалық тұрғыдан зерттеудің бастамасы ғана.

Қорытывынды

Өтеміс қажының “Шыңғыс-наме” шығармасы XVI ғасырда ортаазиялық түркі тілі елеулі рөл атқарған Хорезмде жазылған. Хиуа мемлекетінде бұл тіл біршама кеңінен қолданылды, өйткені ол іс жүргізу саласының және тарихи туындылардың тілі болатын. Ірі-ірі саяси-әкімшілік орталықтарда бұл кезеңде парсы тілінің ықпалы құшті еді, соңдықтан да тарихнамашылар мен жылнамашылар түркі тіліне көбірек дең қоя бастады, өйткені тапсырыс берушілердің көбі өз әuletтері тарихының баршаға түсінікті тілде жазылуын талап етті. Өзінің “Түрікмен шежіресінде” Әбілгазы да “баршаға ұғынықты болу үшін” қарапайым түркі тілінде жазғанын атап көрсетеді. Автор шагатай-түркі, парсы және араб тілдерінен ештеңе қоспай “түркіше” жазғанын бірнеше мәрте ескертіп отырады. Шагатай-түркі тілі деп автор көптеген сөздері қарапайым оқушыға әр кезде бірдей түсінікті бола бермейтін, араб және парсы тілдерінің көптеген кірме сөздерімен шүбарланған әдеби-кітаби түркі тілін айтқан еді.

Шыңғыс үрпағы әuletтінің тарихы жөніндегі шығармасын жазу кезінде Өтеміс қажы өзі ізден жүріп тапқан жекелеген адамдардың әңгімелерін, баяндауларын, хабарламаларын пайдаланды. Жинаған материалын өндеп, “... қабылдауга келетінін жадында сақтап, қисынсызын теріске шығарып” отырған. В. П. Юдин оның шығармасын далалық ауызша тарихнамаға жатқызды. Тарихи уақыгалардың бәрі біреудің айтқанынан жазылып алынып, автордың біршама өңдеуінен өтіп отырғандықтан, “Шыңғыс-наме” шығармасының тілі түркі тілінің халықтық сөйленіс нысанына өте жақын деуге болады. Шығарманың тілі қарапайым, әлемштеген грамматикалық және синтаксистік нысандармен қындастылған. Осының өзінде автор араб пен парсыдан кірген әлем-жәлем теңеулерді қолданып отырады. Өтеміс қажы кемел білімді кісі болды, тарихтың білгірі ретінде аты шықты, осынысы үшін де халық арасында беделді болып, сарайдағылардың сый-құрметіне бөлөнді. Оның білім деңгейі шығармасына да әсер етпей қалған

жоқ. Сондықтан шет тілдік сөздер мен сөз тіркестерін пайдалануда, грамматикалық нысандарда әдеби-кітаби немесе “шагатай-түркі” тілінің ықпалы қалай да аңғарылып отырады.

“Шыңғыс-наме” тілінің фонетикалық құрылымына жасалған талдау онда байырғы, сондай-ақ кірме фонемалардың бар екенін көрсетеді. Кірме фонемалар түркі тілі үшін сөздің тән сипатты емес позицияларында ұшырасады. Мысалы, /ф/ дыбысы араб және парсы тілдерінен енген сөздерде кез келген позицияда тұра береді. Байырғы түркі текстес сөздерде /р/ дыбысы анлаут позицияда кездеспейді. Демек, бұл дыбыстап басталған сөздер кірме сөздер болып табылады.

Шығармада тұрақты аффикстерге қоса асингармониялық аффикстердің бар екені анықталған: дунийагә, атғә, йолында, сүрәттігі және т. б. Бұлар сингармониялық аффикстермен қатарлас қолданылады.

“Шыңғыс-наме” тілін қазіргі заманғы түркі тілдерімен (қазақ және үйғыр тілдерімен) салыстыра талдау ортақ және ерекше белгілердің бар екенін көрсетті. Лексикада дene мүшелеріне, туыстық терминдерге, жіктеу есімдіктеріне және т. б. қатысты ортақ түркі қоры қолданылады.

Септей жүйесінде тоғыз септік бар екені анықталған. Баршаға ортақ алты септікке қоса “Шыңғыс-наме” тілінде -тәк форманты бар үқсату септігі, -дәк, -тәкі форманты бар орын және сипат септігі, -чә форманты бар салыстырмалы септік қолданылатыны байқалады.

Жазбаша ескерткіштердің тілін зерттеушілер түркі тілді шығармалардың бәрінің дерлік араластық сипатын атап көрсетеді. Бұл араластық әртүрлі жүйедегі әдеби тілдер деңгейінде де, сондай-ақ жақын тілдер мен диалектілер деңгейінде де көрініп отырған. Арасы, бір ізге тұсу негізінде жазбаша тіл ретінде әдеби тіл сараланады. Ол халықтық сөйлеу нысанынан өзінің өндөлгендігімен, лексикалық және грамматикалық кірмелердің болуымен ерекшеленеді. “Шыңғыс-наме” тілі де бұдан ада емес. Өтеміс қажының өз әңгімелерін оған айтып берушілердің сөзінен жазып алғаны, осы арқылы ауызша тілдің ерекшеліктерін беріп отырғаны шығарманың құндылығын арттыра түседі. Автордың білімдарлығы

ауызша әңгімелердің өндөлүіне ықпал еткенімен, бұл шығарманың тілі кез келген оқушыға түсінікті тіл болды.

Жалпы алғанда “Шыңғыс-наме” лингвистикалық тұрғыдан әлі жете зерттелмеген. Тарихи және деректеметанулық тұрғыдан шығарма белгілі шығыстанушы ғалым В. П. Юдиннің еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Ол шығарманы орыс тіліне аударды, транскрипциясын жасап, мәтіннамалық қосымшаша жазды. Осы түпнұсқаны Қазақ хандықтарының тарихы жөніндегі көлемді мақалаларын жазу кезінде пайдаланды. В. П. Юдин мәтінге лингвистикалық талдау жасамақшы еді, мұны ғалымның сөздік үшін дайындаған материалы анық көрсетеді. Бұл сөздікте “Шыңғыс-наме” тіліндегі грамматикалық нысандардың барлығы мүқият іріктелген. Шығыстану институтының бір топ тіл мамандары В. П. Юдин бастаған осы жұмысты аяқтап шықты. Олар көрсеткіш сөздік түзіп, онда грамматикалық нысандарды тізбебе көрсетті. “Шыңғыс-наме” тілінен тізбеге алынған сөздердің орысша аудармасына қазақ және үйір тілдеріндегі аудармаларын қосты. “Шыңғыс-наме” тілінің қысқаша грамматикалық сипаттамасын жазып, онда түпнұсқаның фонетикалық, лексикалық және морфологиялық құрылымына сипаттама берді. Бұл түркі тілдерінің шорырлану және қолданылу тұрғысында одан әрі өркендеу кезеңіндегі тарихи даму ерекшеліктерін ұғынуға мүмкіндік береді.

Бұл жұмысты атқарушы мамандар осы еңбекті дайындауға баға жеткісіз көмек көрсеткені үшін В. П. Юдиннің зайыбы Ю. Г. Барановага дән ризалығын білдіреді.

Авторлық ұжым: I тарауды филол. ғ. к. Қасымова Д. Ж., фонетика бөлімін филол. ғ. к. Т. Талипов, лексика бөлімін филол. ғ. к. Х. Ф. Масимова, морфология бөлімін филол. ғ. кандидаттары Д. Ж. Қасымова мен Ш. Баратов, қорытындысын Д. Ж. Қасымова жазған. Грамматикалық сипаттама мен көрсеткіш-сөздікті баспаға дайындаған — Д. Ж. Қасымова. “Шыңғыс-наме” тілінің қысқаша грамматикалық сипаттамасын қазақ тіліне аударған филол. ғ. д. Г. Сагидолда.

Әдебиет

1. *Утемиши-хаджи.* Чингиз-наме / Факсимиле, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В. П. Юдина. Подготовила к изданию Ю. Г. Баранова. Комментарии и указатели М. Х. Абусеитовой. А.-А., 1992.
2. *Өтеміс қажы.* Шыңғыс-наме / Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. I том. Алматы, 2005.
3. *Наян Ә. Мухакамат-ул лугатайн* / Усманов А., Захидов В. Мухакамат-ул лугатайн. Ташкент, 1948.
4. *Щербак А. М.* Грамматика староузбекского языка. М.-Л., 1962.
5. *Благова Г. Ф.* Тюркск. Чагатай — русс. чагатай/-джагатай // Тюркологический сборник, 1971. М., 1972.
6. *Бартольд В. В.* О командинровке в Туркестан / Бартольд В. В. Собр. соч. Т. 8. М., 1964.
7. *Баранова Ю. Г.* “Чингиз-наме” как источник по истории казахского народа // Утемиши-хаджи. Чингиз-наме. А-А., 1992.
8. *Юдин В. П.* Переход власти к племенным биям и неизвестной династии тукатимуридов в казахских степях в XIV в. / Утемиши-хаджи. Чингиз-наме. А-А., 1992.
9. *Юдин В. П.* Орды: белая, синяя, серая, золотая... / Утемиши-хаджи. Чингиз-наме. А-А., 1992.
10. *Наджип Э. Н.* Культура и тюркоязычная литература мамлюнского Египта XIV в. Туркестан, 2004.
11. Мир-Алишер (к 500-летию со дня рождения). Л., 1986.
12. *Мусаев К. М.* Лексикология тюркских языков. М., 1984.
13. *Севортьян Э. В.* Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974—1980.
14. *Сыздыкова Р. Г.* Язык “Жамиг ат-тауарих” Жалаири. А.-А., 1989.
15. *Әбілқасымов Б.* Әбілғазы ханның Түрік шежіресі және оның тілі. Алматы, 2001.

-
16. Боровков А. К. Очерки по истории узбекского языка // Советское востоковедение. М.-Л., 1948.
 17. Наджип Э. Н. Современный уйгурский язык. М., 1960.
 18. Бертельс Е. Э. “Хибат-ал-Хакаик” Ахмада Югнаки // Труды среднеазиатского ун-та. Новая серия. Вып. 3, гуманит. науки, кн. 1. Ташкент, 1945.
 19. Трыярский Э. Рецензия на кн.: Древнетюркский словарь // Вопросы языкоznания. 1971. № 6.
 20. Артамошина В. Д. Условия формирования и некоторые особенности языка среднеазиатских поэтов, предшественников А. Навои // Тюрко-монгольское языкоzнание и фольклористика. М., 1960.
 21. Фазылов Э. И. Староузбекский язык. Хорезмийские памятники XIV в. АДД. Ташкент, 1967.
 22. Сагындыков Б. XIV ғасырдағы түркі жазба ескерткіштерінің салыстырмалы лексикасы. КД. А.-А., 1977.
 23. Бафоев Б. Лексика произведений Алишера Навои. АДД. Ташкент, 1984.
 24. Бафоев Б. Навоий асарлары лексикасы. Тошкент, 1983.
 25. Эбенова К. Қазақ тілі лексикасының XI–XII ғғ. жазба әдеби ескерткіштеріне қатысы. Алматы, 1994.
 26. Жұбатова Б. Қазақ қисса-дастандарындағы араб-парсы сөздері. АКД. Алматы, 2001.
 27. Сабыр М. Б. Орта түркі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастыры... АДД. Алматы, 2004.
 28. Ширалиев М. Ш. Новые диалектные данные для истории тюркских языков // СТ. 1970. № 5.
 29. Щерба Л. В. Современный русский литературный язык // Русский язык в школе. 1939. № 4.
 30. Аргизев Р. “Күтадғу билик” вә униң лексика-стилистикилиқ алаңыздаликлири. Алмута, 1996.
 31. Кайдаров А. Т. Парные слова в современном уйгурском языке. А.-А., 1958.
 32. Новиков Л. А. Антонимия в русском языке. М., 1973.

33. Рашид ад-Дин Ватват. Сады волшебства в тонкостях поэзии. М., 1985.
34. Сагындыков Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. Алматы, 1994.
35. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. А.-А., 1965.
36. Исадеков Б. Лексическая антонимия в современном узбекском языке. АКД. Ташкент, 1973.
37. Болганбаев Ә. Қазақ тіліндегі антонимдер // Қазақ тілі мен әдебиеті. 1959. № 10.
38. Новиков Л. А. Антонимия в русском языке. М., 1973.
39. Сыздыкова Р. F. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV—XIX ғасырлар). Алматы, 1993.
40. Кайдаров А. Т., Жайсакова Р. Е. Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке // ҚазССР FA Хабарлары. Филол. сериясы. 1979. № 3.
41. Мокиенко В. М. Образы русской речи. Л., 1989.
42. Ларин Б. А. Очерки по фразеологии // Ученые зап. ЛГУ, сер. филол., 1956.
43. Шанский Н. М. Фразеология современного русского языка. М., 1985.
44. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М., 1988.
45. Гаджиева Н. З. Проблемы тюркской ареальной лингвистики. М., 1975.
46. Төмүр X., Полат А. Җағатай тили. Қашқар, 1986.

Резюме

Исследование посвящено тюркоязычному историческому сочинению “Чингиз-наме” Утемиша — хаджи ибн Маулана Мухаммада Дости, написанному в XVI в. В работе использовался текст сочинения, подготовленный В. П. Юдиным и изданный в 1992 году. Впервые проведен лингвистический анализ языка “Чингиз-наме”. В нем дан краткий грамматический очерк, где рассмотрены фонетические, лексические и морфологические особенности. Уделено внимание проблеме диалекта, лежащего в основе литературного чагатайского языка. Авторы считают, что основу чагатайского языка составляет смешанный диалект, или интердиалект. Рассматриваются этнокультурологические особенности сочинения, в котором ярко выражена культура и особенности языка периода развитого средневековья.

Вторая часть работы — это словарь-индекс. Словарь-индекс составлен на основе материалов, подготовленных В. П. Юдиным. Словарь состоит из грамматических ключей, переводов на казахский, уйгурский и русский язык, а также снабжен иллюстрациями. Словарь-индекс послужит ценным источником при сравнительном изучении тюркских языков.

Summary

This is a study of the historical work “Genghis-Namah” by Utemish-khaji ibn Maulana Mukhammad Dosti written in XVI century in Turkic language. Study is based on the text of that work prepared by V.P. Yudin, which had been published in 1992. The research contains a very first linguistic analysis of “Genghis-Namah” original language. It contains short grammatical review with regard to phonetic, lexical and morphological characteristics of the language. An attention is given to the problem of dialect which forms the base of literary Chagatai language. The authors consider complicated (mixed) dialect, or interdialect, as a base of Chagatai language. There is also a study of ethnic-and-cultural peculiarities of the work which vividly reflects both culture and characteristics of the language of Middle Ages acme.

The index-vocabulary forms the second part of the study. This index-vocabulary is compiled on the base of materials prepared by V.P. Yudin. It contains grammatical keys, translations into Kazakh, Uighur and Russian languages, as well as illustrations. The index-vocabulary could serve as a valuable source for comparative study of Turkic languages.

Мазмұны

Алғы сөз	5
<i>I бөлім. “Шыңғыс-наме” тілінің грамматикалық сипаттамасы</i>	7
<i>I таралу. Шағатай тілі — орта ғасырлар дәуіріндегі интердиалектілік ерекше құбылыс</i>	7
<i>II таралу. Шағатай тілінің фономорфологиялық және лексика-семантикалық ерекшеліктері</i>	20
<i>III таралу. “Шыңғыс-наме” ескерткішінің лексикасы.....</i>	34
<i>IV таралу. “Шыңғыс-наме” ескерткіші тілінің морфологиялық ерекшеліктері</i>	56
Корытынды	87
Әдебиет	90
<i>II бөлім. “Шыңғыс-наме” тілінің көрсеткіш-сөздігі</i>	93
Әңгәмә	297
Summary	298

Қ 18 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. III том.
Θтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” тілінің көрсеткіш-сөздігі.
— Алматы: Дайк-Пресс, 2006. — 304 б.

ISBN 9965-798-17-6

Бұл кітап — “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы бойынша Шығыстану секциясы жоспарлаған бес томдық “Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері” сериясының үшінші томы. Томда Θтеміс қажының “Шыңғыс-намесі” тілінің грамматикалық сипаттамасы және осы ескерткіш тілінің көрсеткіш-сөздігі берілген.

Кітап тарихшыларға, шығыстанушы ғалымдарға, тіл мамандарына, сондай-ақ отан тарихын білмекке ден қоюшы көпшілік қауымға арналады.

**Қ 0503020905
00 (05)-06**

ББК 63.3 (5 Қаз)

Fылыми басылым

Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері

III том

**Өтеміс қажының “Шыңғыс-намесі”
тілінің көрсеткіш-сөздігі**

*ҚР БФМ Р. Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институтының Fылыми кеңесі мақұлдаған*

Редакторы *Р. К. Шаймерденов*
Корректоры *К. Сайдалина*
Компьютерде беттеген *Г. Шаккөзова*
Мұқаба дизайнны *К. Карпун*

Басуға 12.12.2006 ж. қол қойылды. Пішімі 60x90¹/₁₆.
Есептік б. т. 16,0. Шартты б. т. 19,0.
Таралымы 3000 дана.

“Дайк-Пресс” баспасы
050010, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі, 29.
Тел./факс 61-28-35, 61-32-75

Баспа директоры Б. А. Қазығұлов

ISBN 9965-798-17-6



9 789965 798177

ЖАЗУ YШІН

ЖАЗУ YШІН